

«ҚАЗАҚСТАН ИНЖИНИРИНГ» ҰК» АҚ
# 2012 ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІ

# ГОДОВОЙ ОТЧЕТ 2012
АО «НК «КАЗАХСТАН ИНЖИНИРИНГ»

# 2012 ANNUAL REPORT
«KAZAKH ENGINEERING» NC» JSC

# МАЗМҰНЫ



КІРІСПЕ

Директорлар кеңесінің Төрағасы С.С. Громовтың үндеуі........................4

Басқарма Төрағасы Б.С. Смағұловтың үндеуі........................................6

Машина жасау саласын талдау..........................................................8

«Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ 2012 жылғы фактілері мен цифрлары........................................................................................12

«Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ Даму жоспары және Даму стратегиясы шеңберінде 2012 жылғы басты оқиғалары мен жетістіктері............16

КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

Қызметінің негізгі бағыттары, мақсаттары мен міндеттері....................20

Даму стратегиясы............................................................................20

Активтер құрылымы.........................................................................22

Инвестициялық қызмет.....................................................................24

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

Корпоративтік басқару қағидаттары және есебі..................................29

Директорлар кеңесінің құрамы, мүшелерінің өмірбаяны......................32

Директорлар кеңесінің қызметі туралы есеп.......................................39

Басқарма құрамы, мүшелерінің өмірбаяны..........................................40

Басқарма қызметі туралы есеп..........................................................43

Ішкі бақылау жүйесі. Тәуекелдерді басқару.........................................44

ТҰРАҚТЫ ДАМУ

Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік.............................................50

Персоналды дамыту және кәсіби оқыту..............................................51

Еңбекті қорғау және қауіпсіздік. Қоршаған ортаны қорғау...................52

БАСТЫ ЕНШІЛЕС ЖӘНЕ ТӘУЕЛДІ ҰЙЫМДАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІ.................56

БОЛАШАҚ КЕЗЕҢГЕ ЖОСПАРЛАР.......................................................68

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАРДЫҢ ЕСЕБІ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК (қоса беріледі)

# ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ



Директорлар кеңесінің
Төрағасы
С.С. Громов

«Қазақстан инжиниринг» ұлттық компаниясы» АҚ (бұдан әрі — «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ немесе Компания) Қазақстан Республикасының қорғаныс–өнеркәсіптік кешенін басқару жүйесін жетілдіру мақсатында құрылған.

«Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ–ның жалғыз акционері акцияларының 100% Қазақстан Республикасының Үкіметіне тиесілі «Самұрық–Қазына» ұлттық әл–ауқат қоры» АҚ (бұдан әрі — «Самұрық–Қазына» АҚ) болып табылады. 2010 жылдан бастап «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігінің сенімді басқаруында.

Қазіргі таңда Компанияға мемлекеттік қорғаныс тапсырысын уақытылы және сапалы қамтамасыз ету, Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін, басқа да әскерлер мен әскери құрылымдарды техникалық және технологиялық жаңғыртуға жәрдемдесу, ұлттық машина жасауды дамыту, Үдемелі индустриалды–инновациялық даму жөніндегі 2010–2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама жобаларын іске асыру, тауарлар, жұмыстар мен қызметтер өндіруде қазақстандық қамтым үлесін арттыруға жәрдемдесу, қазіргі заман талаптарына сай жұмыс істей алатын білікті инженерлік–техникалық кадрлар даярлау міндеттерін шешу жүктеліп отыр. Қорғаныс мақсатындағы өнімдерді негізгі тұтынушы болып табылатын Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігінің қолдауымен, Компанияның құрылымына кіретін көптеген кәсіпорындар өздері өндіретін қару–жарақ және әскери техниканы жеткізу бойынша мемлекеттік қорғаныс тапсырысын орындаушылар болып табылады.

Бұдан басқа, 2012 жылы үшжылдық кезеңге мемлекеттік қорғаныс тапсырысын бекітуді, мемлекеттік қорғаныс тапсырыс шарттары бойынша алдын ала төлемді 75%–ға дейін ұлғайтуды, жоғары технологиялық өнімдер шығаратын заманауи технологиялар трансфертін жүзеге асыратын кәсіпорындарды мемлекеттік қорғаныс тапсырысын орындаушылар ретінде таңдау басымдығын көздейтін кейбір заңнамалық актілерге өзгерістер енгізілді.

Осындай қарқынды бастаумен, «Самұрық–Қазына» АҚ басшылығымен, азаматтық бағыттағы өнімдер өндіруді жаңғырту шаралары ойдағыдай іске асырылуда. Мысалы, 2009–2012 жылдар аралығында Кор Тобының ұйымдарымен жасалған шарттар көлемі 3 есеге артып, шамамен 17 млрд теңгені құрады.

Бұл Қазақстан Республикасының қорғаныс–өнеркәсіптік кешен кәсіпорындарындағы қаржылық және өндірістік ахуалды біршама жақсартуға, жоғары экономикалық көрсеткіштерге қол жеткізуге, еңбек ұжымдарындағы әлеуметтік ахуалды тұрақтандыруға мүмкіндік туғызды.

Компания халықаралық әскери–техникалық ынтымақтастықты дамытуға белсенді қатысып келеді. Бүгінгі таңда 20–дан астам елдің озық өндіруші компанияларымен өзара іс–қимыл жүзеге асырылуда.

Жаңа өнім түрлерін (тікұшақтар, бронекеудеше, радиостанциялар және т.б.) шығаратын «Eurocopter» (Франция, Германия), «Aselsan» (Түркия), «Indra» (Испания), «Thales» (Франция) сияқты халықаралық трансұлттық компаниялармен өзара тиімді ірі инвестициялық жобаларды іске асыру осы қызметтің нәтижесі болды. Шетелдік серіктестердің қатысуымен қорғаныс секто–рының да, азаматтық сектордың да өнімін шығаратын жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарды («Мұнаймаш» АҚ, «Тыныс» АҚ, «Семей инжиниринг» АҚ және т.б.) жаңғырту аяқталып келеді. Сонымен бірге, Компания кәсіпорындары электроэнергетика және мұнайгаз секторында бірқатар ірі жобаларды іске асыруда. Инжинирингтік сүйемелдеу бойынша осындай жобаларды қаржыландыратын халықаралық банктер талаптарының міндетті сипатын ескере отырып, Компания алдында жаңа бағытты — Инжинирингті құру және дамыту міндеті тұр, оның көлемін 2013 жылы 7 млрд теңге деңгейіне жеткізу жоспарланып отыр.

Компания, оның еншілес және тәуелді ұйымдары елді әлеуметтік–экономикалық жаңғыртуға айтарлықтай үлес қосуда. Өз өндірісін дамытумен қатар қорғаныс кәсіпорындары жұмыс орындарын ұсына отырып және жергілікті бюджетке салықтар аудара отырып, елдің дамуына өз үлесін қосып отыр. Мұндай аударымдар көлемі 2012 жылдың өзінде Компанияның кәсіпорындар тобы үшін 10 млрд теңгеден астам соманы құраған.

Экспорттық әлеуетін дамыту мақсатында Компания өзінің жарнамалық–көрме қызметін жандандыруды. Мысалы, Компания кәсіпорындары Қорғаныс министрлігінің қолдауымен өткізілетін KADEX халықаралық көрмесіне қатысады. Бір ғана KADEX–2012 көрмесінің қорытындылары бойынша 2020 жылға дейін 2 млрд АҚШ доллары сомасына ұзақ мерзімді меморандумдар жасалған. Компанияның бәсекеге қабілеттілігін арттырудың негізгі қаржылық емес факторларының бірі Компанияны акционерлер мен инвесторлардың қабылдау деңгейін, оның нарықтық құнын арттыруға, сондай–ақ қарыз капиталының құнын төмендетуге мүмкіндік беретін корпоративтік басқару сапасы болып табылады.

Соңғы уақытта Компанияның корпоративтік басқару практикасын жетілдіру бойынша елеулі жұмыс атқарылды. Компания ең жоғары ілгерілеуге қол жеткізген оның басты кезеңдерінің ішінде Директорлар кеңесінің формалау және жұмыс істеу тәжірибесін, тәуекелдерді басқару, құпия ақпаратты қорғау, Компания туралы ақпаратты ашу, Директорлар кеңесі комитеттерінің жұмысын және басқа да маңызы бар аспектілерін атап өтуге болады.

2012 жылы Жалғыз акционерінің тапсырысы бойынша «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ–да алғаш рет корпоративтік басқаруға диагностика жүргізілді, бұл ретте оның деңгейінің үздік әлемдік практика талаптарына сәйкестік рейтингі 44% құрады. Бұл бағыттағы жұмыс әлі де жалғасуда және, келешекте, ірі кәсіпорындарға баса назар аударылатын болады. Үстіміздегі жылы осы қызметтің аса маңызды кезеңі Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан–2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауына сәйкес онжылдық кезеңге стратегиялық мақсаттары мен міндеттерін айқындайтын Компанияның 2013–2022 жылдарға арналған даму стратегиясын әзірлеу болды.

Бұл жұмыс корпоративтік басқарудың үздік стандарттарын енгізу, басқарылатын активтердің ұзақ мерзімді құнын барынша көбейту, олардың әлемдік нарықтардағы бәсекеге қабілеттілігін арттыру және Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің және «Самұрық–Қазына» АҚ қызмет бағыттары бойынша әскери–техникалық, индустриалдық–инновациялық, әлеуметтік–экономикалық және өзге де салалардағы мемлекеттік саясат басымдықтарын ескере отырып енгізу қағидаттарына сүйеніп тұрғызылған.

Елбасының мемлекет пен бизнестің экономикалық мәселелерді ғана емес, сондай–ақ әлеуметтік мәселелерді шешудегі толыққанды әріптестігі туралы тапсырмасын орындау мақсатында, сондай–ақ Қазақстан халқының барынша пайда алуын қамтамасыз ету бойынша бизнестің әлеуметтік жауапкершілігін сезіне отырып, Компания өз қызметкерлерінің және жалпы қоғам өміріне әлеуметтік–жауапты қатысуы бойынша ерікті міндеттемелерін қабылдап отыр.

Бұдан басқа, Компания 2013 жылы іскерлік орталарды өз қызметінде адам құқықтарын, еңбек қатынастары және қоршаған ортаны қорғау нормаларын сақтау саласындағы негізге алынатын қағидаттарды басшылыққа алуға шақыратын БҰҰ бастамалаған Ғаламдық шартқа қосылуды жоспарлап отыр. Жалпы, Компанияның қызметі оң динамикаға және әрі қарай өсу үшін зор мүмкіндіктерге ие.

Экономикалық саясатты қалыптастырып, өндірісті жаң–ғыртып, біз әлемдік экономикадағы ең заманауи үрдістерге бағдарлануымыз қажет. Бұл үрдістерден қалып қою — яғни ұлттық қауіпсіздікті жан–жақты қамтамасыз ету мәселелерінде өзіңді мезгілінен бұрын әлсіз жағдайға ұшырату деген сөз. Жаңа өндірістер құру және жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарды жаңғырту бойынша біздің жүргізіп жатқан іс–шаралардың амбициялық ауқымы ниетіміздің барынша маңызды екендігін растап отыр.

Бүгінде біздің міндетіміз елдің экономикалық күштерін сарқымай, керісінше оны көбейте түсіп, Қазақстанның егемендігін, серіктестерінің құрметі мен мызғымас бей–бітшілігін қамтамасыз ете алатын экономикалық әлеуетін құру болып табылады.

# БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ



Басқарма Төрағасы
Б.С. Смағұлов

«Қазақстан инжиниринг» ұлттық компаниясы» АҚ Қазақстан Республикасының қорғаныс–өнеркәсіптік кешенінің, сондай–ақ қорғаныс өнімдерін, қосарлы мақсаттағы және азаматтық машина жасау өнімдерін өндіретін салалардың ірі кәсіпорындарындағы бірыңғай қаржылық, өндірістік және технологиялық саясатты қамтамасыз ететін холдингтік құрылым болып табылады.

«Қазақстан инжиниринг» ұлттық компаниясы» АҚ компаниялар тобының құрамына Қазақстанның жеті өңіріндегі 27 өндірістік, сервистік және мамандандырылған зерттеу кәсіпорындары кіреді. Олардың негізгі маманданым түрлері қару–жарақ және әскери техника өндіру және жөндеу, өнімдер шығару және мұнайгаз, теміржол, агроөнеркәсіптік және отын–энергетика кешендерінде қызметтер көрсету болып табылады. Оған кіретін кәсіпорындардың өндірістік, техникалық және қаржылық әлеуетін тұрақты түрде күшейте отырып, «Қазақстан инжиниринг» ұлттық компаниясы» АҚ өзі жұмыс істейтін өңірлерде шамамен 6 мың адамды жұмыспен қамтамасыз етіп отыр.

Компания «Қазақстан Республикасының қорғаныс–өнеркәсіптік кешенінің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 13 наурыздағы № 244 Қаулысы негізінде оны Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің қорғаныс өнеркәсібі кәсіпорындарының құрамына енгізу арқылы құрылған.

2013 жылы Компания өзінің 10–жылдығын атап өтеді. Оң стратегиялық шешімдер мен тиімді басқару бізге есепті жылда жоғары өндірістік көрсеткіштерге қол жеткізуге және тамаша қаржылық нәтижелерді көрсетуге мүмкіндік берді.

10 жыл ішінде Компанияның активтері 6 млрд теңгеден 46 млрд теңгеге немесе 7,7 есеге өсті. 2013 жылы активтерді 66 млрд теңгеге дейін арттыру жоспарланып отыр. 2012 жыл шамамен 4,5 млрд теңгені құрайтын шоғырландырылған пайдамен аяқталды. Компания алынған пайданы өндірісті дамыту үшін қайта инвестициялайды. 10 жыл ішінде инвестициялар көлемі 0,236 млрд теңгеден 2012 жылы 7,4 млрд теңгеге немесе 31 есеге өсті.

2012 жылы Компанияның тікелей қатысуымен KADEX–2012 көрмесі өткізіліп, онда Қазақстан Республикасының Құрлықтағы әскері мен Әскери–теңіз күштерінің қару–жарақтары және әскери техникасы, авиациялық техникасы, ӘҚК жүйелері мен құралдары, арнайы қолданыстағы құралдар мен мүлк, IT–технологиялар, байланыс жүйелері мен құралдары, тыл және техникалық мүлк көрмеге қойылды.

Сегіз жабық павильонда және ашық алаңқайларда 253 қорғаныс кәсіпорнының, оның ішінде 83 отандық және әлемнің 23 мемлекетінен келген 170 шетелдік компаниялардың әскери және қосарлы мақсаттағы өнімдері көрсетілді.

2012 жылы Компания алғаш рет Moody's халықаралық рейтинг агенттігінің «Ba2» («тұрақты») деңгейіндегі кредиттік рейтингін алды. 30 млрд теңге сомасына тұңғыш облигациялық бағдарлама шеңберінде ішкі облигациялық нарыққа (KASE) шықты. «Қазақстан инжиниринг» ұлттық компаниясы» АҚ халықаралық кредиттік рейтингі бар Қазақстандағы жалғыз машина жасау корпорациясы болып табылады.

«Қазақстан инжиниринг» ұлттық компаниясы» АҚ жетістіктері Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің және Компанияның жалғыз акционері — «Самұрық–Қазына» АҚ тарапынан қолдаудың, сондай–ақ барлық деңгейлердегі жұмыс ұжымдарының жемісті еңбегінің заңды нәтижесі болып табылады.

Компанияның 2013 жылғы және кейінгі жылдардағы күш–жігері саланы жедел әртараптандырудың локомотивтері рөлін орындауы тиіс, сондай–ақ таяу және алыс шетелдердің осындай компанияларымен лайықты бәсекелестік орната алуы тиіс машина жасау саласында көшбасшылық позицияны қалыптастыруға бағытталған. Сала көшбасшысының қызметі операциялық тиім–ділік, өнімділік пен табыстылық, жоғары қаржылай тұрақтылық, жоғары инновациялық даму деңгейі, активтердің таза әрі оңтайлы құрылымы сияқты критерийлерге жауап беруі тиіс.

Сала көшбасшысын қалыптастыру кезінде Компания, біздің еншілес және тәуелді ұйымдарымыздың Директорлар кеңесі арқылы корпоративтік басқару деңгейін арттыру, активтер құрылымын оңтайландыру, тиімді дивидендтік саясатты іске асыру, Компанияның еншілес және тәуелді ұйымдарының басты қызмет көрсеткіштерін қатаң бақылау және мониторингілеу, қарыздар мен тәуекелдерді басқару, инновациялық қызметті ынталандыру сияқты міндеттерді іске асыратын болады.

Есепті жылдың жетістіктері бізде тұрақты даму және барлық алға қойған мақсаттарға бірін қалдырмай қол жеткізу үшін барлық қажетті алғышарттар бар екендігін көрсетіп отыр.

Бұдан әрі біз өз қызметімізде ең жоғары өндірістік, экологиялық және әлеуметтік стандарттарды ұстана отырып, елдің және акционердің игілігіне тиімді жұмыс істеуді жалғастыра бермекпіз.

Бүгінде Компания алғашқы құрылған кезіндегі компанияға мүлдем ұқсамайды деуге болады: меншік құрылымы, операциялар шеңбері, технологиялық мүмкіндіктері өзгерді. Алайда оның әлеуметтік маңыздылығы, қоғамдық дамуға қатысуы өзгеріссіз күйде қалды. Компания басшылығы мен ұжымы өз миссиясын іске асыра отырып, бізбен өзара іс–қимылын жүзеге асыратын барлық тараптардың дамуы мен гүлденуіне өз ықпалын тигізеді деген сенімде. Қорытындылай келе, Компанияның корпоративтік орталығына және еншілес және тәуелді ұйымдарына көрсеткен кәсібилігі үшін, серіктестерге — өзара тиімді және жемісті ынтымақтастығы үшін алғыс білдіргім келеді. Сіздерге еліміздің әл–ауқатын жақсартуға бағытталған жаңа кәсіби жеңістер тілеймін!

# ҚАЗАҚСТАННЫҢ МАШИНА ЖАСАУ САЛАСЫН ТАЛДАУ

Қазіргі таңда Қазақстанның машина жасау кешені 13 ішкі саланы қамтиды: теміржол, мұнайгаз, тау кен–шахта және металлургия, автомобиль жасау, ауыл шаруашылығы, электр жабдықтары, энергетика, ста–нок жасау, тұрмыстық техника, компоненттік база, құрылыс, кеме жасау, аспап жасау салалары.

Машина жасау өнімдерінің ішкі нарығындағы қазақ–стандық өндіріс өнімдерінің үлесі шамамен 13% құрайды, қалған 87% ел қажеттіліктері шетелдік жеткізулер (негізінен ресейлік) есебінен жабылады.

Қазақстанда бар машина жасау өніміне деген сұраныс, жылдық көлемі өндіріс көлемінен 3 есе артық болып отырған импорт есебінен қанағаттандырылады, бұл ішкі өндірісті дамыту үшін ірі әлеуеттің бар екендігін көрсетіп отыр.

Импорт құрылымында 40%–дан астамын автомо–бильдер, станоктар, мұнайгаз, тау кен–шахта және металлургиялық машина жасау, тұрмыстық техника және ауыл шаруашылығына арналған техника құрап отыр.

Соңғы уақытта машина жасау өнімі импортының тұрақты төмендеу және экспорттың (компоненттер, электротехника, электр жабдықтары, автомобильдер) ұлғаю үрдісі байқалып отыр.

Бұдан басқа Қазақстанның Кеден одағына және таяу арада ДСҰ кіруіне байланысты, өнім экспортын ұлғайту үшін едәуір мүмкіндіктер ашылуда.

«Қазақстан инжиниринг» ұлттық компаниясы» АҚ мемлекеттік қорғаныс тапсырысын басты орындаушы болып табылады.

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі жүргізіп отырған офсеттік саясатын ескере отырып, Компа–ния кәсіпорындары үшін ел аумағында қару–жарақтар мен әскери техника өндіруге және қызмет көрсетуге тапсырыстар үлесі жылдан–жылға артып келеді. 2020 жылға дейінгі Стратегиялық жоспарда ықтимал қауіп–қатерлерге барабар қарсы тұруға қабілетті мемлекеттің сенімді қорғаныс қабілетін қамтамасыз ету мақсатында мынадай мақсаттар қойылды: 2015 жылға қарай қорғаныс өнеркәсібінде елдің Қарулы Күштерін жаңғырту бағдарламасын іске асыру және 2020 жылға қарай 80% мемлекеттік қорғаныс тапсы–рысын отандық өндіріспен қамтамасыз ету.

Қорғаныс–өнеркәсіптік кешенін дамыту жалпы мемлекеттің дамуына, оның қауіпсіздігі мен халық–аралық қоғамдастықтағы беделіне айтарлықтай ық–пал етеді.

Ол арқылы озық технологияларға, іргелі және қолданбалы ғылымға, оларды дамыта отырып, элементарлық базаға инвестициялар салу жүзеге асырылуда.

Қазақстанның қорғаныс–өнеркәсіптік кешені елдегі жұмыс істеп тұрған барлық ҚӨК біріктіретін Компания тобымен ғана ұсынылған.

Алайда, Компанияның бірқатар қорғаныс кәсіп–орындарында ғылымды көп қажетсінетін өндірістерді әзірлеу тәжірибесі, тәжірибелік–конструкторлық жұмыстар жүргізудегі, жаңа өндіріс түрлерін игерудегі және ӘӘТ мемлекеттік сынақтарын жүргізудегі тәжірибесі сақталған, бұл оларға жекелеген арнайы өнім түрлерін өндіру, ӘӘТ жөндеу және жаңғырту бойынша қызметтер көрсету, сондай–ақ өндіретін әскери және қосарлы қолданыстағы өнімдер номен–клатурасын кеңейту және көлемін ұлғайту мүмкіндігін сақтайды.

Қазақстан экономикасын әртараптандыру және ши–кізат экспортына тәуелділікті төмендету аясында ел үкіметі өндірістік секторға аса назар аударып отыр, бұл ретте машина жасау секторы әлемдік тәжірибені ескере отырып нақты сектордың әрі қарай дамуының локомотивіне айналуы тиіс.

Қазақстанның машина жасау саласының негізгі мін–деті — экономиканың стратегиялық салаларындағы импортқа тәуелділікті азайту, ішкі нарық қажеттіліктерін барынша қанағаттандыру және қосылған құны жоғары өнім өндіруді арттыру есебінен экспортты кеңейту.

Машина жасау саласын мемлекеттік қолдау саясаты мынадай қағидаттарға негізделеді:

- машина жасау кәсіпорындарын Индустри–яландыру картасына және «Өнімділік 2020» бағдарламасына енгізу;
- тура инвестициялар үшін тартымды жағдайлар жасау, салық жеңілдіктерін беру;
- инновацияларды дамыту, сол үшін 4 конструк–торлық бюро құрылды: көлік және ауылша–руашылық машинасын жасау, сондай–ақ тау кен–металлургия және мұнай–газ жабдықтарын жасау бойынша;
- техникалық регламенттерді енгізу;
- білікті кадрлық ресурстармен қамтамасыз ету.

Үдемелі индустриалдық–инновациялық даму жөнін–дегі мемлекеттік бағдарламаның және 2010–2014 жылдарға арналған ҚР машина жасауды дамыту бағдарламасының арқасында Қазақстанның машина жасау секторы өндіріс көлемінің сенімді жыл сайынғы өсімін көрсетіп отыр.





# «ҚАЗАҚСТАН ИНЖИНИРИНГ» ҰК» АҚ 2012 ЖЫЛҒЫ ЦИФРЛАР МЕН ФАКТІЛЕР

# «ҚАЗАҚСТАН ИНЖИНИРИНГ» ҰК» АҚ 2012 ЖЫЛҒЫ ЦИФРЛАР МЕН ФАКТІЛЕР

Жалпы, 2012 жылы өндірістік және қаржылық көрсеткіштер бойынша негізгі жоспарды Компания Елбасының, Үкіметтің, жалғыз акционерінің және сенімді басқарушысының қойған мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес орындады.

Еңбек өнімділігі, мың теңге/адам




## 10,8 млн теңге

бір адамға шаққандағы еңбек өнімділігіне қол жеткізілді (2011 жылы 1,6 есе). Орташа салалық өнімділік көрсеткіші 2,4 есеге артты (2010–2014 жж. арналған ҚР машина жасауды дамыту бағдарламасына сәйкес 4,3 млн теңге/адам).

Активтер (млрд теңге)




## 45,9 млрд теңге

2012 жылдың аяғында шоғырландырылған активтер құрады. Активтердің өсімі 2011 жылмен салыстырғанда 1,7 есеге жетті, бұл инвестиция көлемінің, негізгі құралдардың, ММҚ құнының өсуімен, жаңа инвестициялық жобаларды іске асырумен байланысты.

| Көрсеткіштер | 2009 | 2010 | 2011 | 2012 | 2009 ж. салыстыр. 2012 ж. өзгеріс |
|---|---|---|---|---|---|
| Топ бойынша өндірістік көлемі (млрд теңге) | 18,5 | 19,1 | 33,5 | 60,6 | 3,2 рет |
| Активтер (млрд теңге) | 17,6 | 24,7 | 27,4 | 45,9 | 2,6 рет |
| Қаржылық нәтиже (млн теңге) * | –243 | 379 | 2 264 | 4 559 | 2010 ж. салыстырғанда 12 |
| Дамуға жұмсалатын шығындар (инвестициялар) (млн теңге) | 385 | 897 | 2 044 | 9 651 | 25 рет |
| Еңбек өнімділігі (мың теңге/адам) | 3 584 | 3 840 | 6 560 | 10 763 | 3 рет |
| Орташа айлық жалақы (мың теңге) | 55,4 | 70,5 | 86,9 | 135,5 | 2,4 рет |

* – карж. нәтиже = азшылық үлесін шегергенге дейінгі таза табыс







Қарж. нәтиже (млн теңге)




Таза шоғырландырылған пайда 4,5 млрд. теңгені құрады (жоспармен салыстырғанда 258%, 2011 жылмен салыстырғанда 101%). Пайданың ұлғаюы және жоспарлы көрсеткішті артығымен орындау шығарылатын өнімнің өзіндік құнының төмендеуімен, жалпы шығындардың азаюымен, кәсіпорындарды жаңғыр–тумен, өткізу көлемдерінің ұлғаюымен, еңбек өнімділігінің артуымен және т.б. байланысты.

# ӨНДІРІСТІК КӨРСЕТКІШТЕР

/28,7 млрд теңге

Арнайы өнім және қосарлы қолданыстағы өнімдерді өндіру көлемі 2012 ж. Компания тобы бойынша (үлестік қатысу әдісі бойынша) жоспарлы 27,2 млрд теңге болғанда 28,7 млрд теңгені құрады (жоспармен салыстырғанда 106%). 2011 жылмен салыстырғанда – 2 есеге ұлғайған.

/8%

Экспортты өнімнің өткізу көлеміндегі үлесі 2012 жылы жалпы өткізу көлемінің 8% құрады, бұл өткен жылдың көрсеткішінен 14% жоғары. Бұл көрсеткішті орындау 2012 жылы 100% құрады.

/22,1 млрд теңге

Азаматтық қолданыстағы өнімдерді өндіру көлемі жоспарлы 21,9 млрд теңге болғанда 22,1 млрд теңгені құрады, бұл жоспармен салыстырғанда 101% құрады (өсім 2011 жылмен салыстырғанда 33%). Өндіріс көлемдерінің ұлғаюы МҚТ аясындағы шарттар, сондай–ақ ұлттық компаниялармен, ҚР ірі ұйымдарымен жасалған шарттар көлемінің артуымен және экспорттың ұлғаюымен байланысты.

/18%

Тауарлар, жұмыстар мен қызметтер сатып алу үлесі 2012 жылы орта есеппен 18% құрады, бұл жоспарлы көрсеткіш деңгейінде.

/52 млрд теңге

Компания бойынша өнімдер мен қызметтерді сату көлемі жоспарлы 38,3 млрд теңге болғанда 52 млрд теңгеге жетті, жоспарды орындау 136% (2011 жыл–мен салыстырғанда өсім 55%) құрады. Сату көлемінің ұлғаюы 2011 жылғы көрсеткіштермен салыстырғанда арнайы өнімді сатудың 65% және азаматтық қолданыстағы өнімнің 18%, сервистік қызметтердің 239% өсуімен байланысты.

/9,8 млрд теңге

Сервистік қызметтерді сату көлемі 9,8 млрд теңгені құрады, бұл 2012 жылғы жоспарлы көрсеткіштен 49% жоғары, және 2011 жылға қарағанда 3,2 есе жоғары.

/9,3%

Қызмет рентабельділігі 9,3% (жоспар — 4,7%) құрады. 2011 жылы бұл көрсеткіш 6,7% құрады. Рентабельділіктің өсуі таза шоғырландырылған пай–даның ұлғаюымен байланысты.

/9,07%

EBITDA margin 9,07% (жоспар — 6,3%) құрайды, бұл жоспарлы көрсеткіштен 2,8% жоғары, және 2011 жылғы көрсеткіштен 1,6% жоғары.

/17,8%

ROACE 17,8% (жоспар — 12,7%) құрады, бұл жос–парлы көрсеткіштен 5,1% жоғары, және 2011 жылғы көрсеткіштен 5,1% жоғары.

/23,7%

Капитал рентабельділігі 23,7% (жоспар — 12%) құрады, бұл жоспарланғаннан 11,7% жоғары.

11,7% жоғары

аталған көрсеткішті артығымен орындау
2012 жылғы нақты таза
шоғырландырылған
пайданың өсуімен байланысты

# КОМПАНИЯНЫҢ ДАМУ ЖОСПАРЫН ЖӘНЕ ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫН ІСКЕ АСЫРУ ШЕҢБЕРІНДЕ 2012 ЖЫЛҒЫ БАСТЫ ОҚИҒАЛАР МЕН ЖЕТІСТІКТЕР

1 Қорғаныс министрлігінің қолдауымен біз Компанияның кәсіпорындары орындайтын Мемлекеттік қорғаныс тапсырысының көлемдерін ұлғайтуға қол жеткіздік.

2 Үш жылдық кезеңге Мемлекеттік қорғаныс тапсырысын бекітуді көздейтін «Мемлекеттік қорғаныс тапсырысы туралы» ҚР Заңына өзгерістер енгізілді. Сондай–ақ заңнамалық өзгерістер енгізу арқылы Мемлекеттік қорғаныс тапсырыс шарттары бойынша алдын ала төлем 75%–ға дейін көбейтілді, бұл Компания кәсіпорындарындағы саяси ахуалды тұрақтандыруға мүмкіндік береді.

3 Компания өзінің ұзақ мерзімді стратегиясын іске асыру шеңберінде өндірістік процестеріне жаңа технологиялар енгізуде және активтерін жаңғыртуда. Компания «Thales» (Франция), «Eurocopter» (Франция, Германия), «Aselsan» (Турция), «Indra» (Испания) халықаралық ТҰК бірлесіп БК құрды. Жалпы тартылатын инвестициялар көлемі 256 млн евро; технологиялар трансферті — кемінде 100 млн евро құрайды; Өндірісті 30–дан 50%–ға дейін оқшауландыру, 1036 жаңа жұмыс орындарын құру жоспарланып отыр.
2012 жылдың маусым айында Елбасының қатысуымен Астана қаласында Eurocopter компаниясымен (Франция, Германия) бірлесіп тікұшақтар құрастыру зауытының ашылу салтанаты өтті. Бұдан басқа, радиоэлектронды техника өндірісі («Thales» компаниясымен, Франция бірлескен кәсіпорын) құрылды. «Мұнаймаш» АҚ (Петропавл қаласы) өндірісін толық жаңғырту жүргізілді.

4 Мамыр айында Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың қатысуымен Астана қаласында KADEX–2012 халықаралық көрмесі өткізілді. Көрме нәтижелері бойынша Компания әлемдік жетекші компаниялармен жалпы сомасы 2 миллиард АҚШ долларына 2020 жылға дейін ұзақ мерзімді ынтымақтастық туралы шарттарға қол қойды.

5 Компания алғаш рет «Moody's» халықаралық рейтинг агенттігінің «Ba2» деңгейіндегі кредиттік рейтингіне ие болды. Алған рейтингі арқасында, 30 млрд теңге сомасына тұңғыш облигациялық бағдарлама аясында Компания ішкі облигациялар нарығына (KASE) шықты. Бұл Компания кәсіпорындарының «қымбат» кредиттерін қайта қаржыландыруға, кәсіпорындардың айналым капиталын толықтыруға мүмкіндік береді, және қызмет рентабельділігін арттыруға мен жаңа инвестициялық жобаларды іске асыруға жәрдемдесетін болады.

## 2012 ЖЫЛЫ КОМПАНИЯ 2020 ЖЫЛҒА ДЕЙІНГІ ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫНДА МІНДЕТТЕЛГЕН КӨРСЕТКІШТЕРГЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗДІ:

| Көрсеткіштер | 2012 жылға | 2015 жылға | 2020 жылға | 2012 жылғы факт |
|---|---|---|---|---|
| Компания кәсіпорындарының түсімі, $ млн | 97 | 143 | 500 | 347 |
| EBITDA, $ млн | 6 | 11 | 45 | 31 |
| Инжинирингтегі үлесі, % | 0,70% | 1,89% | 10,0% | 16%* |

*Сервисті есепке алғандағы инжиниринг









# КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

# ҚЫЗМЕТТІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ, МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

## КОМПАНИЯНЫҢ МИССИЯСЫ

Компанияның миссиясы қорғаныс, қосарлы және азаматтық қолданыстағы өнімдерді әзірлеу, өндіру, сату саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруға, ішкі қажеттілік пен экспортты қамтамасыз ету үшін қорғаныс, қосарлы және азаматтық қолданыстағы өнімдерді дамыту және өндіру бағдарламаларын әзірлеуге және іске асыруға қатысуын қамтамасыз етуде болып отыр.

### КОМПАНИЯНЫҢ БОЛЖАМЫ

2020 жылға қарай Компания:

- өнімі нысаналы нарықтарда сұранысқа ие бірқатар өнеркәсіптік кәсіпорындарды біріктіретін тиімді машина жасау холдингі;
- Қазақстанның инжинирингтік қызметтер көшбасшысы, Ресей және Орта Азия нарықтарындағы көшбасшылардың бірі, Таяу Шығыс, Африка және Оңтүстік–Шығыс Азия нарықтарындағы көрнекті ойыншы ретінде көрсетіледі;
- Компания тобының кәсіпорындары машина жасау өнімдерін шығарады және экономиканың келесі салаларында инжинирингтік қызметтер көрсетеді: мұнай және газ өндіру және өңдеу, электроэнергетика, тау–кен өндіру және металлургия өнеркәсібі, көлік және логистикалық инфрақұрылым, ауыл шаруашылығы және тамақ өнеркәсібі, өнеркәсіптік құрылыс, ҚӨК;
- Компания өз мамандандымы секторларындағы сарапшымен жалпыға бірдей танылған жоғары технологиялар саласындағы біліктілік орталығы болып табылады.

## ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ

### НЕГІЗГІ СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТТАР

Компания өз миссиясын жүзеге асыру мақсатында мынадай негізгі стратегиялық бағыттар бойынша әрекет етуі тиіс:

1) Компания тобы құнының тұрақты өсуін және оның инвестициялық тартымдылығын қамтамасыз ету үшін активтердің жаңа құрылымын құру мақсатында Компания кәсіпорындары тобының активтерін қайта құрылымдау;

2) Жаңа өндірістерді дамыту, қару–жарақ және әскери техникасы өндірісін жаңғырту және техникалық қайта жарақтандыру, сондай–ақ бәсекеге қабілетті, ғылымды көп қажетсінетін өнімдер өндіру үшін заманауи технологияларды енгізу;

3) Кешенді инжинирингтік қызметтер, оның ішінде: ТЭН әзірлеу, жабдықтар сатып алу, құрылыс, жөндеу және іске қосу бойынша жобаларды басқару, персоналды оқыту және қаржыландыруды ұйымдастыруды қамтитын қызметтерге бағытталған жаңа бағыт — Инжинирингті құру және дамыту.

4) Компания тобын халықаралық нарықтарға географиялық экспансиялау.

Стратегиялық фокус — инжиниринг және мыналар арқылы кешенді машина жасау өнімдерін өндіру:

- Компанияның активтерін екі топқа бөлу: өнер–кәсіптік және инжинирингтік;
- Компанияның машина жасау кәсіпорындары негізінде үш салалық дивизион құру:
  1) мұнайгаз машинасын жасау дивизионы;
  2) теміржол машинасын жасау дивизионы;
  3) қорғаныс машинасын жасау дивизионы.

Стратегияның барлық қолдану кезеңі 3 кезеңге бөлінген:
1) Компанияның корпоративтік қоржыны мен басқару құрылымын қайта құрылымдау;

2) Өндірісті жаңғырту және жаңарту және еңбек өнімділігін арттыру, сондай–ақ жаңа бағытты — инжинирингті дамыту (2015 жылға дейін);

| № р/с | Кәсіпорынның атауы | Қызмет аясы |
|---|---|---|
| 1. | «Петропавл ауыр машина жасау зауыты» АҚ | Бұрғылау және ұңғымаларды күрделі жөндеу үшін жабдықтар өндіру және мұнай өңдеу зауыттары мен мұнайхимия өндірістеріне арналған жабдықтар өндіру, жол жөндеу құралдарын және теміржолдарды жөндеу және қызмет көрсетуге арналған механикаландыру құралдарын өндіру. |
| 2. | «Зенит» Орал зауыты» АҚ | Катерлер мен кемелер; болат конструкцияларды, қосалқы бөлшектерді және мұнайгаз кешені үшін т.б. құралдар жобалау және дайындау. |
| 3. | «Мұнаймаш» АҚ | Мұнайгаз секторы үшін ұңғымалы штангілі сорғылар; халық тұтынатын тауарлар. |
| 4. | «С.М. Киров атындағы зауыт» АҚ | Навигациялық жүйелер, радиостанциялар, т/ж кешеніне арналған басқару пульт–тары; басқару блоктары және мұнайгаз кешеніне арналған автоматтандырылған құрылғылар, т.б. |
| 5. | «КазИнжЭлектроникс» АҚ | Қару–жарақ, қосарлы қолданыстағы өнімдерді жаңғырту және күрделі жөндеу, заманауи байланыс құралдарын және радиоэлектроника бұйымдарын өндіру, компьютерлік жабдықтардың құрастыру өндірісі. |
| 6. | «Омега аспаптар жасау зауыты» АҚ | Су тазарту қондырғылары, теміржолға арналған өнімдер; цифрлі АТС және құрамдас бөлшектері, телефон аппараттары; халық тұтынатын тауарлар, т.б. |
| 7. | «Гидроприбор» ҒЗИ» АҚ | Конструкторлық және зерттеу жұмыстары, сондай–ақ теңіз, өзен катерлерін, корабль–дер, кемелер және басқа да жүзу құралдары мен су асты аппараттарын, жер үсті және әуе роботтары мен катерлерін, су астында тексерулер жүргізу және құбырларды, бұрғылау мұнараларын, су асты объектілерін жөндеу жабдықтарын дайындау. |
| 8. | «Семей машина жасау зауыты» АҚ | Шынжыр табан тасымалдағыштар — ГТ–Т базалық шассилі сүйрегіштер, оның түрлері және оған қосалқы бөлшектері; теміржол кешеніне арналған өнімдер. |
| 9. | «С.М. Киров атындағы машина зауыты» АҚ | Теңіз су асты қаруы және теңіз кемелерге арналған жану гидравликасы және автома–тикасы бұйымдары; өндіруші кәсіпорны үшін пневмоперфораторлар; т/ж кешені үшін қосалқы бөлшектер. |
| 10. | «832 ҚИ автожөндеу зауыты» АҚ | Автомобиль техникасына жөндеу жұмыстарын жүргізу. |
| 11. | «405 авиажөндеу зауыты» АҚ | Ұшақтар мен тікұшақтарға техникалық қызмет көрсету және жөндеу. |
| 12. | «Қазақстан инжиниринг– Күзет» ЖШС | Күзет қызметі. |
| 13. | «Қазақстан авиациялық индустриясы» ЖШС | Авиациялық техника өндіру және қызмет көрсету. |
| 14. | «Thales Kazakhstan Engineering» БК | Электронды жабдық, жүйелер және/немесе бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеу, дайындау және сату, онымен байланысты қызметтер көрсету; қорғаныс нарыққа арналған радио және коммуникациялық жабдықтар дайындау, сату және техникалық қайта жарақтандыру. |
| 15. | «Семей инжиниринг» АҚ | Қару–жарақ және әскери техниканы жөндеу; әртүрлі модификациядағы қозғалт–қыштарды күрделі жөндеу. |

| | | |
|---|---|---|
| 16. | «Тыныс» АҚ | Авиациялық бұйымдар, өрт сөндіру құралдары, медициналық жабдық, жылуды сақтайтын құбырлар өндіру. |
| 17. | «№ 811 Автожөндеу зауыты» АҚ | Жүк автомобилі және шынжыртабан техникасын, қозғалтқыштар мен агрегаттарды жөндеу, сондай-ақ оларды жаңғырту және автомобиль техникасын қайта жабдықтау. |
| 18. | «Зиксто» АҚ | Жүк таситын теміржол вагондарын жөндеу, элементтерін ауыстырып дөңгелек жұптарын жөндеу. |
| 19. | «КАМАЗ-инжиниринг» АҚ | Автобустар, автомобильдер, арнайы техника және олардың қосалқы бөлшектерін әзірлеу және сату. |
| 20. | «Қазақстан инжиниринг дистрибьюшн» ЖШС | ҚИ кәсіпорындары шығаратын өнімдерді сату, инвестициялар тарту, мемлекеттік бағдарламаларға және жабдықтар жеткізу тендерлеріне қатысу. |
| 21. | «Казахстан Аселсан инжиниринг» ЖШС | Электронды-оптикалық құралдар өндіру. |
| 22. | «Компания «Каз-СТ Инжиниринг Бастау» ЖШС | Инвестициялық холдингтік қызмет және қорғаныс, инжинирингтік қызметтер көрсету («SingaporeTechnologiesEngineering» компаниясымен бірлескен кәсіпорын). |
| 23. | «№ 406 ГА авиажөндеу зауыты» АҚ | Ұшақтар мен тікұшақтарға техникалық қызмет көрсету және жөндеу. |
| 24. | «Қазақстан инжиниринг» ҒЗИ» ЖШС | Қару-жарақты автоматтандырылған басқару жүйелерін қолдану арқылы қорғаныс-өнеркәсіптік кәсіпорындары үшін жаңа арнайы өнім түрлерін әзірлеу және игеру. |
| 25. | «Еврокоптер Казахстан инжиниринг» ЖШС | Тікұшақтар өндіру және қызмет көрсету. |
| 26. | «Индра Казахстан инжиниринг» ЖШС | Қорғаныс мақсатындағы радиоэлектронды жүйелер өндіру және техникалық қызмет көрсету. |
| 27. | «Семей Камаз инжиниринг» ЖШС | Автомобиль техникасын құрастыру. |

3) Компанияны географиялық экспансиялау (2020 жылға дейін). 2020 жылға дейін Компанияның мынадай басты қызмет көрсеткіштері айқындалған:
а) түсім — $500 млн;
б) EBITDA — $45 млн;
в) инжинирингтегі үлесі — 10%.

## КОМПАНИЯ АКТИВТЕРІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

Компания тобының құрамына 27 кәсіпорын кіреді. Компания кәсіпорындары мұнайгаз, теміржол, энергетика, қорғаныс-өнеркәсіптік кешен (ҚӨК) үшін, сондай-ақ радиоэлектрондық, ауыл шаруашылығы және халық тұтынатын тауарлар (ХТТ) шығару саласында өнімдер шығарады және қызметтер көрсетеді.

Акциялар пакетін Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігіне (ҚР ҚМ) сенімді басқаруға бере отырып, Компания іс жүзінде мемлекеттік қорғаныс тапсырысының (МҚТ) негізгі орындаушысына айналды, бұл Компания тобы кәсіпорындарының қорғаныс қуаттарын көбірек жүктеуге мүмкіндік берді.



«Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ

| Еншілес ұйымдар (15 бірлік) | Тәуелді ұйымдар (7 бірлік) | Бірлескен кәсіпорындар (3 бірлік) | Компания 10% аз үлесі бар ұйымдар (2 бірлік) |
|---|---|---|---|
| «832 Автожөндеу зауыты КИ» АҚ (100%) | «ЗИКСТО» АҚ (42,13%) | «Еврокоптер Казахстан инжиниринг» ЖШС (50%) | «№ 406 ГА авиажөндеу зауыты» АҚ (3,99%) |
| «811 Автожөндеу зауыты КИ» АҚ (100%) | «Камаз инжиниринг» АҚ (25%) | «Талес Казахстан инжиниринг» БК» ЖШС (50%) | «№ 405 авиажөндеу зауыты» АҚ (2,6%) |
| «Семей инжиниринг» АҚ (100%) | «Каз-Ст Инжиниринг Бастау» ЖШС (49%) | «Казахстан Aselsan инжиниринг» ЖШС (50%) | |
| «КазИнж Электроникс» АҚ (100%) | «Камаз – Семей» ЖШС (49%) | | |
| «Петропавл ауыр машина жасау зауыты» АҚ (99,8%) | «Казахстан инжиниринг дистрибьюшн» ЖШС (49%) | | |
| «С.М. Киров атындағы зауыт» АҚ (99,6%) | «Индра Казахстан инжиниринг» ЖШС (49%) | | |
| «Семей машина жасау зауыты» АҚ (99,4%) | «Қазақстан инжиниринг-Күзет» ЖШС (35%) | | |
| «Тыныс» АҚ (99,17%) | | | |
| «Омега» аспаптар жасау зауыты» АҚ (98,6%) | | | |
| «С.М. Киров атындағы машина жасау зауыты» АҚ (97,71%) | | | |
| «Зенит» Орал зауыты» АҚ (95,35%) | | | |
| «Гидроприбор» ҒЗИ» АҚ (93%) | | | |
| «Мұнаймаш» АҚ (52,04%) | | | |
| «Қазақстан инжиниринг» ҒЗИ» ЖШС (100%) | | | |
| «Қазақстанның авиациялық индустриясы» ЖШС (100%) | | | |

# ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

Компанияның жалпы айналымының өсімі және Қордың кредиттік ресурстарын тарту есебінен, дамуға инвестициялар салуды айтарлықтай шамада ұлғайтуға қол жеткізілді. Компания болашақ өсімі үшін негіздерін салып, барлық алынған пайданы қайта инвестициялайды.

Компанияның инвестициялық бюджеті 2012 жылы 6,5 млрд.теңгені құрады, бұл 2011 жылға қарағанда 4,96%–ға көп.

Компания өзінің инвестициялық саясатында көбінесе трансұлттық компаниялармен бірлескен кәсіпорындар құруға бағдарланады.

Қазіргі таңда Eurocopter (Франция, Германия), Thales (Франция), Aselsan (Түркия), Indra (Испания) бірлесіп БК құрылды. Азаматтық және әскери авиациялық техниканы құрастыру, жөндеу және техникалық қызмет көрсету орталығын (АТО) құру, ұшқышсыз басқарылатын ұшу аппараттарын (ҰБҰА) өндіруді ұйымдастыру жобалары іске асырылу кезеңінде болып отыр.

Сондай–ақ техникалық қадағалауды, ҚР ҚК әскери техникасына қызмет көрсету және жөндеуді, кеме жасау және кеме жөндеу айлақтарын салуды аутсорсингке көшіру бойынша жобалар пысықталып жатыр.

Трансұлттық компаниялармен бірлескен жобаларға жалпы тартылатын инвестициялар көлемі 250 млн евродан асады.

Бұл инвестициялар 30–50% деңгейінде импортталатын техника өндірісін оқшаулауды, сондай–ақ 100 млн. евроға технологиялар трансфертін және кем дегенде 1000 жаңа жұмыс орнын құруды қамтамасыз етуі тиіс.

## ІСКЕ АСЫРЫЛАТЫН ЖӘНЕ ЖОСПАРЛАНАТЫН ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАР

Есепті 2012 жылы екі инвестициялық жоба пайдалануға енгізілді:

- «Eurocopter» компаниясымен EC145 тікұшақтарын өндіру, жеткізу және техникалық қызмет көрсету бойынша кәсіпорындар құру;
- «Мұнаймаш» АҚ мұнай өнеркәсібі өнімдерін механикалық өңдеу өндірісін жаңғырту.

Компанияның инвестициялық қызметі Компанияның 2011–2020 жж. арналған Даму стратегиясына сәйкес жүзеге асырылады.

Инвестициялық қаражаттар ірі инвестициялық жобаларға 2 бағыт бойынша жолданады:

1. Өндірістік қуаттарды ұлғайту үшін Компанияның жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарын жаңғырту бойынша инвестициялық жобалар:

- бронетанк техникасын жаңғыртуды және күрделі жөндеуді қамтамасыз ету үшін «Семей инжиниринг» АҚ өндірісін жаңғырту;
- «Мұнаймаш» АҚ мұнай өнеркәсібі өнеркәсібі бұйымдарын механикалық өңдеу өндірісін жаңғырту;
- «С.М. Киров атындағы зауыт» АҚ өндірісін жаңғырту;
- өндірісті жаңарту және кеңейту есебінен «ПАМЗ» АҚ қуаттарын ұлғайту.

2. Шетелдік серіктестермен бірлесіп әзірленген жаңа инвестициялық–инновациялық жобалар:

- «Eurocopter» компаниясымен EC145 тікұшақтарын өндіру, жеткізу және техникалық қызмет көрсету бойынша кәсіпорындар құру;
- Қазақстан Республикасының аумағында электронды–оптикалық аспаптар өндіретін орталық құру («Aselsan» түрік компаниясымен бірлесіп);
- Астана қаласында Cessna Caravan ұшақтарын, сондай–ақ майдан, әскери–көлік, азаматтық авиациялық техника, ұшқышсыз басқарылатын ұшу аппараттарын құрастыру, жөндеу және техникалық қызмет көрсету, Cessna Aircraft Company (АҚШ), «558 АРЗ» ААҚ (Беларусь), Airbus-military (Испания) компанияларымен бірлесіп тікұшақтарды жөндеу бойынша авиациялық–техникалық орталығын құру;
- үлкен қашықтықтағы радиолокациялық жүйелердің және радиоэлектронды бәсеңдету және барлау жүйелерінің жаңа жоғары технологиялық өндірісін құру («Indra Systemas S.A.» испаниялық компаниямен бірлесіп).

Шетелдік әріптестермен бірлескен кәсіпорындар құру негізінен 50/50% паритеттік шарттарымен жүзеге асырылып отырғандығын атап өткен жөн. Жекелеген инвестициялық жобалар стратегиялық болып табылады және Қазақстан Республикасының қарулы күштерін, басқа да әскерлері мен әскери құрылымдарын технологиялық жаңғырту және қару–жарақ пен әскери техника өндірісін дамытудың 2011–2015 жж. арналған бағдарламасына сәйкес Қазақстан Республикасының қорғаныс–өнеркәсіптік секторын дамыту.

Инвестициялық жобаларға инвестициялар салу қазақстандық тараптан негізінен Республикалық бюджет, Қор қаражаттары есебінен (Компанияның акциялар пакетін Қорға берумен Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі арқылы Компанияны әрі қарай капиталдандыру арқылы өндірілетін қарыз қаражаттары) және облигациялық бағдарлама есебінен өз қаражаты арқылы жүзеге асырылады. Бірлескен инвестициялық жобаларды қаржыландыру тараптардың бірлескен қатысуына сәйкес жүзеге асырылады.

## ҚАРЖЫЛАЙ ҚОЛДАУ

Компания 2012 жылдың 1 тоқсанында 2 инвестициялық жобаны іске асыру үшін Қордан 5 000 млн теңге мөлшерінде қарыз қаражаттарын алды:

1) Қазақстан Республикасының аумағында электронды–оптикалық аспаптар өндіретін орталық құру («Aselsan» түрік компаниясымен бірлесіп);

2) Бронетанк техникасын жаңғырту және күрделі жөндеуді қамтамасыз ету үшін «Семей инжиниринг» АҚ өндірісін жаңғырту.

Мемлекеттен алынатын кепілдіктер және Компания өзіне алған мемлекет алдындағы кез келген міндеттемелері туралы ақпарат ХҚЕС сәйкес жария етіледі.





# КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ



КОМПАНИЯДАҒЫ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН ЗАҢДЫ МҮДДЕЛЕРІН ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ҚҰРМЕТТЕУ ҚАҒИДАТЫНА НЕГІЗДЕЛГЕН ЖӘНЕ КОМПАНИЯНЫҢ ТИІМДІ ҚЫЗМЕТІНЕ, ОНЫҢ ІШІНДЕ КОМПАНИЯНЫҢ ЖҰМЫЛДЫРЫЛҒАН АКТИВТЕРІ ТИІМДІЛІГІНІҢ ӨСУІНЕ ЫҚПАЛ ЕТЕДІ

# КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

## КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ҚАҒИДАТТАРЫ ЖӘНЕ ЕСЕБІ

Компанияның корпоративтік басқаруы — Жалғыз акционер, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің атынан сенімді басқарушы, Директорлар кеңесі, Басқарма және Жалғыз акционерінің мүддесімен мүдделі тұлғалары, Компанияның және оның еншілес және тәуелді ұйымдары арасындағы қатынастарды қамтитын Компания қызметін басқару және бақылауды қамтамасыз ететін процестер жиынтығы деп түсініледі.

Жалғыз акционердің құқықтары және меншік құқықтарына иелік ету тәртібі Компания Жарғысында бекітілген.

Компанияның жалғыз акционері корпоративтік басқару тәжірибесіне оң ықпал етеді, себебі корпоративтік басқару саласындағы негізгі нормативтік құжаттар әзірлеу және қабылдауды ынталандырады, әдіснамалық көмек көрсетеді, корпоративтік басқарудың тиімді процестерін ұйымдастыруды ынталандырады.

Компанияның Қормен өзара іс–қимылы барлық дауыс беретін акциялары Қордың меншігінде болатын акционерлік қоғамдар органдарының өкілеттіктерін бөлу Тұжырымдамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Компания корпоративтік басқаруды дамытуды Компания қызметінің тиімділігін, оның құнын, беделін арттыру, капитал тарту шығындарын азайту құралы ретінде қарастырады.

Компанияның корпоративтік басқарудың негізге алынатын қағидаттары мыналар:

- Жалғыз акционердің құқықтары мен мүдделерін қорғау қағидаты;
- Компанияны Жалғыз Акционердің, Директорлар кеңесінің және Басқарманың тиімді басқару қағидаты;
- Компания қызметі туралы ақпаратты ашудың ашықтық, объективтілік және уақытылық қағидаттары;
- заңдылық және этика қағидаттары;
- тиімді дивидендтік саясат қағидаттары;
- тиімді кадрлық саясат қағидаттары;
- корпоративтік шиеленістерді және мүдделер қақтығысын реттеу саясаты;
- жауапкершілік қағидаты.

**44%**

компанияның корпоративтік басқармасы деңгейінің сәйкесік рейтингі талаптарына сүйене отырып дүниежүзілік тәжірибеге келді, ша пікір KPMG.

Компаниядағы корпоративтік басқару Жалғыз акционердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау және құрметтеу қағидатына негізделген және Компанияның тиімді қызметіне, оның ішінде Компанияның жұмылдырылған активтері тиімділігінің өсуіне ықпал етеді.

Корпоративтік басқару Жалғыз акционерге Компанияны басқаруға қатысуымен байланысты өз құқықтарын нақты жүзеге асыру мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

Жалғыз акционер Компания органдары Заңнама мен Жарғы нормаларын бұзатын іс–әрекеттер жасаған жағдайда өз құқықтары мен заңды мүдделерін

Заңнамада көзделген тәртіппен қорғау үшін мемлекеттік органдарға өтініш жасауға құқылы.

Компания Жалғыз акционердің және сенімді басқарушының тиімді қатысуын қамтамасыз ету Директорлар кеңесінің мүшелерін тағайындау және таңдау сияқты корпоратвтік басқарудың басты шешімдерін қабылдау.

Компания корпоративтік басқаруды жүйелендіру, Компания қызметінің ашықтығын қамтамасыз ету және оның мыналар арқылы тиісті корпоративтік басқару стандарттарын ұстануға дайындығын растау үшін Корпоративтік басқару кодексін басшылыққа алды:

- жауапты, адал және тиімді басқару;
- жалғыз акционердің, сенімді басқарушының және Компанияның мүддесіне әрекет ететін Директорлар кеңесі мен Басқарманың тиімді жұмысы;
- тиісті ақпарат ашу және ашықтығы, сондай-ақ тәуекелдерді және ішкі бақылаудың тиімді жүйесі.

2012 жылы «КПМГ Такс энд Эдвайзори» ЖШС (бұдан әрі — KPMG) Қордың тапсырмасы бойынша Компанияны корпоративтік басқаруға диагностика жүргізілді.

Диагностика Қор Басқармасы бекіткен Қор тобының компаниялардағы Корпоративтік басқаруды диагностикалау әдістемесіне сәйкес жүргізілді.

Аталған әдістемеге сәйкес, Жалғыз акционер ретінде Қордың маңызды міндеті корпоративтік басқарудың сапалы жүйесін құру болып табылады.

Аталған бағыт шеңберінде басты қадамдардың бірі Қор тобы компанияларының өз Корпоративтік басқару жүйесін диагностикалау әдістемесін пайдаланумен Қор тобы компанияларын корпоративтік басқару жүйесіне жыл сайын диагностика жүргізу болды.

Аталған әдістеменің мақсаты корпоративтік басқарудың ең үздік практикасына сәйкестік ретингін айқындау болып табылады және Қор компанияларындағы корпоративтік басқаруды жетілдіру процесін тұрақты мониторинг жүргізуге арналған құрал болуы тиіс.

Компанияның корпоративтік басқару деңгейінің ең үздік әлемдік практика талаптарына сәйкестік рейтингі, KPMG пікірі бойынша, 44% құрайды.

Корпоративтік басқаруды диагностикалау нәтижелері бойынша корпоратвитік басқару деңгейінің ең үздік әлемдік практикаға сәйкестігі туралы есепке сәйкес, соңғы уақыт ішінде корпоративтік басқару практикасын жетілдіру бойынша едәуір жұмыс атқарылды.

Компания ең көп прогреске қол жеткізген корпоративтік басқарудың басты аспектілерінің ортасында мыналарды атап өткен жөн:

- Директорлар кеңесін формалау және жұмыс тәжірибесі;
- құпия ақпаратты қорғау саласындағы формалау және тәжірибе;
- корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік саласында формалау және тәжірибе;
- тәуекелдерді басқару саласында формалау;
- Компания жөніндегі жалпы ақпараттың анықтығы мен ашылу талаптарын формалау;
- сыртқы және ішкі аудит саласында формалау және процестер.

Корпоративтік басқару саласында құжаттарды жетілдіру тұрақты жүзеге асырылады, сондай-ақ Компания Қор тобының және өзінің еншілес және тәуелді ұйымдары ішінде тәжірибе алмасу, Компанияның еншілес және тәуелді ұйымдарын корпоративтік басқару саласындағы құжаттарды бірегейлендіру жүзеге асырылады.

Корпоративтік басқаруды жетілдіру элементтерінің бірі жетекші және басқарушы персоналының, сондай-ақ Компаниядағы әкімшілік қызметкерлердің қызметін бағалау және мотивациялау жүйесін енгізу болып табылады.

Осы мақсатта Компанияның жетекшілік және басқарушы қызметкерлері үшін жыл ішіндегі жұмыс қорытындылары бойынша жетекші және басқарушы қызметкерлеріне сыйақы беруді регламенттейтін Қор Саясаты негізінде 2012 жылға арналған басты қызмет көрсеткіштері (KPI) әзірленді және бекітеді.

Басқарманың шешімімен Қоғамның және Компания тобы серіктестерінің Директорлар кеңесі мен Байқаушы кеңестеріндегі Компания өкілдерінің қызметін қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзара іс-қимыл тәртібі. Компанияның Директорлар кеңесі дауыс беретін акцияларының 50 пайыздан астамы Компанияға меншік құқығымен немесе сенімді басқару құқығымен тиесілі ұйымдардың тәуелсіз директорларын іріктеу Ережесін бекітті.

2012 жылы Компанияның тәуелсіз директорлары Қор ұйымдастырған Қор Басқармасы Төрағасының тәуелсіз директорларымен кездесуіне қатысып, онда Директорлар кеңесі мен Директорлар кеңесі комитеттерінің қызметіне байланысты маңызды мәселелер, Директорлар кеңесінің Компанияны басқару процедураларына тартылуын арттыру бойынша шаралар талқыланды.

Компанияны және оның еншілес және тәуелді ұйымдарын корпоративтік басқаруды дамытудың оң үрдістері ішінде Компанияның еншілес ұйымдарына өкілеттіктерді беру, корпоративтік хатшыларды басқару, Ішкі аудит қызметінің жұмысын күшейтуді атап өткен жөн.

# ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫ ЖӘНЕ МҮШЕЛЕРІНІҢ ӨМІРБАЯНЫ



ГРОМОВ СЕРГЕЙ НИКОЛАЕВИЧ

ДК Төрағасы
Қазақстан Республикасы Қорғаныс Министрінің орынбасары (09.2011 ж. бастап — қазіргі уақытта).

«Нұр Отан» Халықтық–демократиялық Партиясының хатшысы – Орталық аппараттың басшысы, Астана қаласы (11.2008 жыл — 09.2011 жыл).

Туған жылы — 1959 жыл.

Білімі — жоғары.

Экономика ғылымдарының кандидаты.

Өнім берушілердің және Компания бәсекелестерінің акцияларына ие емес.



ЖАНЖҮМЕНОВ ТАЛҒАТ ЖЕҢІСҰЛЫ

ДК мүшесі
Қазақстан Республикасы Қорғаныс Министрінің орынбасары (03.2010 ж. бастап — қазіргі уақытта).

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері тылының бастығы (11.2008 жыл — 03.2010 жыл).

Туған жылы — 1968 жыл.

Білімі — жоғары.

Өнім берушілердің және Компания бәсекелестерінің акцияларына ие емес.

2013 жылғы 01 қаңтардағы жағдай бойынша Директорлар кеңесінің құрамына 9 мүше кірді, оның ішінде 3 тәуелсіз директор бар.



РАУ АЛЬБЕРТ ПАВЛОВИЧ

ДК мүшесі
Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар Бірінші Вице–министрі (03.2010 ж. бастап — қазіргі уақытта).

Ақмола облысының әкімі (01.2008 жыл — 03.2010 жыл).

Туған жылы — 1960 жыл.

Білімі — жоғары.

Өнім берушілердің және Компания бәсекелестерінің акцияларына ие емес.



СӘЛІМГЕРЕЕВ МӘЛІК ЖАҢАБАЙҰЛЫ

ДК мүшесі, Қордың ДК–гі өкілі
«Самұрық–Қазына» АҚ басқарушы директоры (01.2012 ж. бастап — қазіргі уақытта).

«Самұрық–Қазына» АҚ мұнайгаз активтерін басқару жөніндегі директоры (04.2010 жыл — 01.2012 жыл).

ҚР МГМ Мұнай өнеркәсібін дамыту департаментінің директоры (10.2007 жыл — 04.2010 жыл).

Туған жылы — 1960 жыл.

Білімі жоғары, геология–минералогия ғылымдарының кандидаты.

Өнім берушілердің және Компания бәсекелестерінің акцияларына ие емес.



ГАЛИЕВ ВЛАДИСЛАВ ГЕРМАНОВИЧ

ДК мүшесі
Қазақстан Республикасы Құрылыс және ТКШ істері жөніндегі агенттік Төрағасының орынбасары
(11.2011 ж. бастап – қазіргі уақытта).

«Казахский Водоканалпроект» АҚ Президенті
(12.2008 жыл — 11.2011 жыл).

Туған жылы — 1969 жыл.

Білімі — жоғары.

Өнім берушілердің және Компания бәсекелестерінің акцияларына ие емес.



КАЛУГИН ОЛЕГ АНАТОЛЬЕВИЧ

ДК мүшесі, тәуелсіз директор
Тәуелсіз заң кеңесшісі
(07.2011 ж. бастап — қазіргі уақытта).

«Алтай полиметалы» ЖШС директорының орынбасары
(08.2008 жыл — 07.2011 жыл).

Туған жылы — 1968 жыл.

Білімі — жоғары.

Өнім берушілердің және Компания бәсекелестерінің акцияларына ие емес.



КАЗЕЕВ ЕВГЕНИЙ ИВАНОВИЧ

ДК мүшесі, тәуелсіз директор
«Алматыэнергосервис» ЖШС Бас директоры
(2000 жылдан бастап — қазіргі уақытта).

Туған жылы — 1964 жыл.

Білімі — жоғары.

Өнім берушілердің және Компания бәсекелестерінің акцияларына ие емес.



ӘУБӘКІРОВ ҚАНЫШ ҚАЙДАРҰЛЫ

ДК мүшесі, тәуелсіз директор
Қазақстан Республикасы Футбол федерациясының Бірінші Вице–Президенті
(12.2011 ж. бастап — осы уақытқа дейін)

«Казахстан ГНС Центр» АҚ
Президенті – Директорлар кеңесінің мүшесі
(10.2009 жыл — 01.2012 жыл)

Туған жылы — 1966 жыл.

Білімі — жоғары.

Өнім берушілердің және Компания бәсекелестерінің акцияларына ие емес.



СМАҒҰЛОВ БОЛАТ СОВЕТҰЛЫ

ДК мүшесі
«Қазақстан Инжиниринг» ҰК» АҚ
Басқарма Төрағасы
(08.2010 ж. бастап — қазіргі уақытта)

«Қазақстанның мемлекеттік–жеке меншік әріптестік орталығы» АҚ Басқарма Төрағасы
(09.2008 жыл — 08.2010 жыл)

Туған жылы — 1964 жыл.

Білімі — жоғары.

Өнім берушілердің және Компания бәсекелестерінің акцияларына ие емес.

## ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ КОМИТЕТТЕРІ

Компанияның Директорлар кеңесінің жанында 2 комитет жұмыс істейді: Директорлар кеңесінің аудит комитеті және Директорлар кеңесінің тағайындаулар және сыйақы комитеті.

## АУДИТ КОМИТЕТІ

Аудит комитеті акционердің мүддесіне жұмыс істейді және оның жұмысы төмендегілер бойынша ұсыныстар әзірлеу арқылы Компанияның Директорлар кеңесіне көмек көрсетуге бағытталған:

- Компанияның қаржы–шаруашылық қызметін бақылаудың тиімді жүйесін белгілеу (оның ішінде қаржылық есептіліктің толықтығы мен шынайылығы);
- ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйелерінің сенімділігі мен тиімділігін, сондай–ақ корпоративтік басқару саласындағы құжаттардың орындалуын бақылау;
- сыртқы және ішкі аудиттің тәуелсіздігін, сондай–ақ Қазақстан Республикасы заңнамасының сақталуын қамтамасыз ету процесін бақылау.

## ТАҒАЙЫНДАУЛАР ЖӘНЕ СЫЙАҚЫЛАР КОМИТЕТІ

Тағайындаулар және сыйақылар комитетінің жұмысы төмендегілер бойынша ұсыныстар әзірлеу арқылы Компанияның Директорлар кеңесіне көмек көрсетуге бағытталған:

- Директорлар кеңесі, Басқарма құрамына, Ішкі аудит қызметінің басшысы және корпоративтік хатшы лауазымына білікті мамандарды тарту
- Компанияның Директорлар кеңесі үшін тәуелсіз директорлар мен Директорлар кеңесінің мүшелеріне, Басқарма мүшелеріне Компанияның мақсаттарына, міндеттеріне, ағымдағы жағдайына, және түрлері мен ауқымы жағынан ұқсас қызметтердегі сыйақы деңгейіне сәйкес сыйақысын белгілеу туралы ұсыныстар қалыптастыру.

## АУДИТ КОМИТЕТІ

| Аты-жөні | Лауазымы | Құрылған күні | Отырыстарға қатысу (%) |
|---|---|---|---|
| Калугин Олег Анатольевич | • Аудит комитетінің Төрағасы<br>• Тәуелсіз заң кеңесшісі | 2012 жылғы 4 шілде | 100 |
| Казеев Евгений Иванович | • Аудит комитетінің мүшесі «Алматыэнергосервис» ЖШС<br>• Бас директор | 2012 жылғы 4 шілде | 100 |
| Мыңшәріпова Сая Найманбайқызы | • сарапшы «Самұрық–Қазына» АҚ<br>• аудит және бақылау департаментінің директоры | 2012 жылғы 4 шілде | 100 |

## 2012 ЖЫЛЫ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ОТЫРЫСТАРЫНА ҚАТЫСУ

| Аты-жөні, лауазымы | Директорлар кеңесінің отырыстарына қатысу (%) | Аты-жөні, лауазымы | Директорлар кеңесінің отырыстарына қатысу (%) |
|---|---|---|---|
| Громов Сергей Николаевич<br>ДК Төрағасы | 100 | Жанжүменов Талғат Жеңісұлы<br>ДК мүшесі | 83 |
| Рау Альберт Павлович<br>ДК мүшесі | 89 | Сәлімгереев Мәлік Жаңабайұлы<br>ДК мүшесі | 100 |
| Галиев Владислав Германович<br>ДК мүшесі | 83 | Калугин Олег Анатольевич<br>ДК мүшесі, тәуелсіз директор | 89 |
| Казеев Евгений Иванович<br>ДК мүшесі, тәуелсіз директор | 72 | Әубәкіров Қаныш Қайдарұлы<br>ДК мүшесі, тәуелсіз директор | 72 |
| Смағұлов Болат Советұлы<br>ДК мүшесі | 100 | | |

## ТАҒАЙЫНДАУЛАР ЖӘНЕ СЫЙАҚЫЛАР КОМИТЕТІ

| Аты-жөні | Лауазымы | Құрылған күні | Отырыстарға қатысу (%) |
|---|---|---|---|
| Казеев Евгений Иванович | • Тағайындаулар және сыйақылар комитетінің Төрағасы «Алматыэнергосервис» ЖШС<br>• Бас директор | 2012 жылғы 4 шілде | 100 |
| Әубәкіров Қаныш Қайдарұлы | • Тағайындаулар және сыйақылар комитетінің мүшесі<br>• ҚР Футбол федерациясының бірінші Вице–Президенті | 2012 жылғы 4 шілде | 100 |
| Қайсенова Гүлжихан Қабдылқайырқызы | • сарапшы «Самұрық–Қазына» АҚ<br>• адам ресурстарын басқару департаментінің бас менеджері | 2012 жылғы 4 шілде | 100 |

2012 жылы комитеттер құрылған кезден бастап аудит комитетінің 4 ашық отырысы және тағайындаулар мен сыйақылар комитетінің 1 сырттай отырысы өткізілді.

Аудит комитетінің отырыстарында Ішкі аудит қызметінің мәртебесін,Ішкі аудит қызметін ұйымдастыру саласындағы үлгілік құжаттарды белгілеу, аудиторлық ұйым қызметтеріне ақы төлеу мөлшерін белгілеу, ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін бағалау әдістемесін мақұлдау және басқа да мәселелер қаралды.

## ІШКІ АУДИТ ҚЫЗМЕТІ

Компанияның Директорлар кеңесінің 2007 жылғы 11 мамырдағы шешімімен Компанияның Ішкі аудит қызметі (ІАҚ) құрылды, оның негізгі мақсаты Компанияның Директорлар кеңесіне ішкі бақылауды бағалау, тәуекелдерді басқару және корпоративтік басқару арқылы Компанияның тиімді басқарылуын қамтамасыз ету үшін арналған тәуелсіз және объективті ақпарат ұсыну.

Ішкі аудиттің объективтілік және тәуелсіздік қағидаттарын сақтау мақсатында, Компанияның ІАҚ функционалды түрде Директорлар кеңесіне бағынышты және есеп береді және оған Компанияның аудит комитеті жетекшілік етеді.

Қызмет өз жұмысында «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ ІАҚ туралы Ережені және ІАҚ қызметін регламенттейтін және Компанияның Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген басқа да нормативтік құжаттарды басшылыққа алады.

2012 жылы Компанияның Директорлар кеңесі Компанияның ІАҚ қызметі тәуекелдеріне бағдарланған тәсілді енгізуге бағытталған бірқатар ішкі құжаттарды қабылдады, оның ішінде: ІАҚ және оның басшысының қызмет тиімділігін бағалау әдістемесі, «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін бағалау әдістемесі, «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ тәуекелдерді корпоративтік басқару жүйесінің тиімділігін бағалау әдістемесі, «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ 2013–2015 жылдарға арналған ІАҚ Стратегиялық жоспары, «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ Ішкі аудит қызметінің бюджетін құру әдістемесі және т.б.

2012 жылы Компанияның ІАҚ Компанияның Директорлар кеңесінің 2011 жылғы 9 желтоқсандағы шешімімен (77 хаттама) бекітілген Жылдық аудиторлық жоспарда көзделген аудиторлық тапсырмалар толық көлемде орындалды.

Аудитте бюджеттеу, өнім өндіру және сату аудиті, өнімді өндіру шығындарының аудиті (өзіндік құны), инвестициялық жобаларды орындау, келісімшарт жасау және оның міндеттемелерін орындау рәсімдері, ішкі бақылау жүйесін бағалау, күрделі құрылыс сияқты бизнес–процестер қамтылды.

Бекітілген әдістемеге сәйкес тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігі бағаланды.

Жүргізілген аудиттердің нәтижесінде, ІАҚ оған жүктелген міндеттерге сәйкес Компаниядағы корпоративтік басқару, ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйесін жетілдіруге, Компания қызметінің операциялық және стратегиялық мақсаттар шеңберінде басқару тиімділігін арттыруға бағытталған ұсыныстар берілді.

## ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ МҮШЕЛЕРІНЕ СЫЙАҚЫ БЕРУ

Тәуелсіз директорларды қоспағанда, Директорлар кеңесінің мүшелері өз қызметін тегін жүзеге асырады.

Тәуелсіз директорларға берілетін сыйақы мөлшері сенімді басқарушының бұйрығымен белгіленеді.

Тәуелсіз директорларға мынадай сыйақылар төленеді:

1) Белгіленген сыйақы.

2) Директорлар кеңесі комитеттерінің отырыстарына қатысқаны үшін қосымша сыйақы.

Қазақстан Республикасы Қорғаныс Министрінің 2012 жылғы 31 қазандағы 799 Бұйрықпен, «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 36–бабының 1–тармағының 5 тармақшасына, Компания Жарғысының 10–бабының 33–тармағының 8 тармақшасына және Қор Басқармасының 22 мамырдағы 55/09 шешімімен бекітілген Қор Компаниясының тәуелсіз директорларына сыйақы және шығындар өтемақысын төлеу Ережелеріне сәйкес 2012 жылға Компанияның тәуелсіз директорларына 5 400 000 теңге мөлшерінде сыйақы төлеу, сондай–ақ Директорлар кеңесінің мүшелеріне Директорлар кеңесінің жанындағы Комитеттердің ашық отырыстарына қатысқаны үшін 500 000 теңге мөлшерінде қосымша сыйақы төлеу туралы шешім қабылданды. Директорлар кеңесі мүшелерінің функционалдық міндеттері «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, Компанияның Жарғысы және Директорлар кеңесі туралы ереже аясында белгіленген.

## ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ ЕСЕП

2012 жылы Компанияның Директорлар кеңесінің 18 отырысы, оның ішінде ашық отырыс–9, сырттай–9 отырыс өткізілді. Компанияның Директорлар кеңесінің мүшелері 87 мәселені қарады.

## 2012 ЖЫЛЫ ҚАРАЛҒАН ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ БАСТЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Директорлар кеңесінің отырыстарында Компанияның стратегиялық мәселелері де, сондай–ақ оның құзыретіне жататын ағымдағы қызмет мәселелері де қаралды.

Сұрақтар тізімі мен олар бойынша шешімдер Директорлар кеңесінің тиісті отырыс хаттамаларында берілген. Директорлар кеңесінің ашық отырыстары Директорлар кеңесінің 2012 жылғы бекітілген Жұмыс жоспарына сәйкес тұрақты өткізілді.

2012 жылы Директорлар кеңесінің отырыстарында келесі мәселелерге ерекше көңіл бөлінді:

- Директорлар кеңесінің аудит және тағайындаулар мен сыйақылар комитеттерінің дербес құрамын қалыптастыру;
- ішкі облигацияларды шығару бағдарламасы және бірінші облигациялық бағдарлама шеңберінде бірінші облигациялар шығару шарттары;
- жасалуына Компания мүдделі мәмілелер және т.б.

Жалпы есепті кезеңде Директорлар кеңесі және оның комитеттері Жалғыз акционермен, сенімді басқарушымен, атқарушы органмен және Компания алдына қойылған міндеттерді тиімді шешу үшін корпоративтік қатынастардың барлық мүдделі тараптарымен белсенді өзара әрекеттесті.

# БАСҚАРМА ҚҰРАМЫ ЖӘНЕ МҮШЕЛЕРІНІҢ ӨМІРБАЯНЫ



СМАҒҰЛОВ БОЛАТ СОВЕТҰЛЫ
Басқарма Төрағасы

«Қазақстан Инжиниринг» ҰК» АҚ
Басқарма Төрағасы
(08 2010 ж. бастап — қазіргі уақытта).

«Қазақстанның мемлекеттік–жеке меншік
әріптестік орталығы» АҚ Басқарма Төрағасы
(09.2008 жыл — 08.2010 жыл).

Туған жылы — 1964 жыл.

Білімі — жоғары.

Өнім берушілердің және Компания бәсекелестерінің акцияларына ие емес.



СӘРСЕМБАЕВ ӘДІЛБЕК ЗЕЙНОЛЛАҰЛЫ
Басқарма мүшесі

«Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ
Басқарма Төрағасының орынбасары
(06.2011 ж. бастап — қазіргі уақытта).

«Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ
Басқарушы директоры
(08.2010 жыл — 06.2011 жыл).

Туған жылы — 1978 жыл.

Білімі — жоғары.

Өнім берушілердің және Компания бәсекелестерінің акцияларына ие емес.



ТІЛЕБАЛДИНОВ ҚАЙРАТ РАХАТҰЛЫ
Басқарма мүшесі

«Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ
Басқарма Төрағасының орынбасары
(04.2012 ж. бастап — қазіргі уақытта).
ҚР ЭДСМ Сауда комитеті Төрағасының
орынбасары (10.2011 жыл — 04.2012 жыл).
«Қазақстанның мемлекеттік–жеке меншік әріптестік
орталығы» АҚ Басқарма Төрағасы
(08.2010жыл — 10.2011 жыл).
БҰҰ Еуропа экономикалық комиссиясы
Басшының МЖӘ мәселелері жөніндегі орынбасары
(08.2010 жыл — 10.2011 жыл).
«Қазақстанның мемлекеттік–жеке меншік әріптестік
орталығы» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары
(09.2008 жыл — 08.2010 жыл).

Туған жылы — 1975 жыл.
Білімі — жоғары.
Өнім берушілердің және Компания бәсекелестерінің акцияларына ие емес.



БИЖАНОВ ДИМАШ НҰРАХМЕТҰЛЫ
Басқарма мүшесі

«Қазақстан Инжиниринг» ҰК» АҚ
Басқарма Төрағасының орынбасары
(06.2011 ж. бастап — қазіргі уақытта).
«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Сервистік жобалар
жөніндегі бас менеджері (06.2010 жыл — 06.2011 жыл).
«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Сервистік активтерді
басқару департаментінің директоры
(04.2010 жыл — 06.2010 жыл).
«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Солтүстік–Каспий жобасы
департаментінің бас менеджері
(06.2009 жыл — 04.2010 жыл).

Туған жылы — 1967 жыл.
Білімі — жоғары.
Өнім берушілердің және Компания бәсекелестерінің акцияларына ие емес.



БЕРГЕНЕВ ӘДІЛҒАЗЫ СӘДУАҚАСҰЛЫ
Басқарма мүшесі

«Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ аппаратының басшысы (10.2010 ж. бастап — қазіргі уақытта);

Шығыс Қазақстан облысының әкімі (05.2008 жыл — 04.2009 жыл).

Туған жылы — 1958 жыл.

Білімі — жоғары.

Өнім берушілердің және Компания бәсекелестерінің акцияларына ие емес.

ТІЛЕБАЛДИНОВ ҚАЙРАТ РАХАТҰЛЫ

№ 2 Департамент қызметін ұйымдастыру және бақылау (өндірістерді және «Әуе», «Теңіз» бағытын техникалық дамыту), оның ішінде жаңа жобаларды (Авиациялық техникалық орталық (АТО), Каспий теңізінің қазақстандық секторындағы (ҚТҚС) кеме жөндеу/кеме жасау айлағы, Жағалау-ракеталық кешені (ЖРК), т.б.) іске асыруды үйлестіру және бақылау.

БИЖАНОВ ДИМАШ НҰРАХМЕТҰЛЫ

№ 3 Департамент қызметін ұйымдастыру және бақылау (өндірістерді және «Инжиниринг» бағытын техникалық дамыту) және «Ғылыми-зерттеу институты» ЖШС және ғылыми-зерттеу тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар жүргізу саласындағы ЕТҰ қызметін үйлестіру, оның ішінде нанотехнологиялар, робототехника, киберқауіпсіздік, инжиниринг саласындағы жаңа жобаларды (Cassidian, т.б. компаниялармен бірлесіп) іске асыру.

СӘРСЕМБАЕВ ӘДІЛБЕК ЗЕЙНОЛЛАҰЛЫ

№ 1 Департамент қызметін ұйымдастыру және бақылау (өндірістерді және «Жер», «Электроника» бағыттарын техникалық дамыту), оның ішінде жаңа жобаларды (жеке қорғаныш құралдарын шығаратын бірлескен өндіріс, оптикалық электрондық құралдардың бірлескен өндірісі және т.б.) үйлестіру және іске асырылуын бақылау.

БЕРГЕНЕВ ӘДІЛҒАЗЫ СӘДУАҚАСҰЛЫ

Компанияның қызметін қаржылай, шаруашылық, материалдық-техникалық және өзгеше қамтамасыз ету.



# ЕСЕП
# БАСҚАРМА ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ

## БАСҚАРМА ЖАНЫНДАҒЫ КОМИТЕТТЕР

### Тәуекелдер жөніндегі комитет

Комитет Компания Басқармасының жанындағы консультациялық-кеңестік орган болып табылады және Компанияның тәуекелдерін басқару мәселелері бойынша шешімдер қабылдау үшін Компания Басқармасына ұсыныстарды алдын ала қарау және дайындау үшін құрылады.

Комитеттің негізгі міндеттері:

- Компания Басқармасына Компанияның тәуекелдерін басқару саласында шешімдер қабылдау кезінде жәрдемдесу;
- тәуекелдерді басқарудың тиімді жүйесін ұйымдастыру және ұстап тұру;
- тәуекелдерді анықтау, өлшеу, қадағалау және бақылау талап етілген процестерді дамыту;
- Компанияда және оның еншілес/тәуелді ұйымдарында тәуекелдерді басқару бойынша жұмысты үйлестіруді бақылау жөніндегі нұсқаулар мен ұсыныстар әзірлеу.

### Инвестициялық-инновациялық комитет

Комитет Компания жанындағы тұрақты әрекет етуші алқалық консультациялық-кеңестік орган болып табылады.

Комитеттің негізгі мақсаты Компанияның және Ұйымдардың инвестициялық және инновациялық қызмет тиімділігін арттыру, сондай-ақ Компанияның және Ұйымдардың қазақстандық үлесті дамыту мәселелері бойынша бірыңғай саясатын қалыптастыру болып табылады.

### Кредит комитеті

Комитет Компания жанындағы тұрақты әрекет етуші алқалық консультациялық-кеңестік орган болып табылады.

Комитеттің негізгі қызметі кредиттер (қарыздар), қаржылай көмек және кепілдіктер берумен, Компанияның активтері мен пассивтерін басқарумен,

## БАСҚАРМА МҮШЕЛЕРІНЕ СЫЙАҚЫ БЕРУ

«Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ басқарушы қызметкерлерінің, Ішкі аудит қызметі басшысының және Корпоративтік хатшының қызметін бағалау және сыйақы беру ережелері Қазақстан Республикасының заңнамасына, «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 2013 жылғы 9 сәуірдегі шешімімен (№17/13 хаттама) бекітілген «Самұрық-Қазына» АҚ жетекші және басқарушы қызметкерлердің, Ішкі аудит қызметінің басшылары мен Корпоративтік хатшылардың қызметін бағалау және сыйақы беру саясатына сәйкес әзірленген және «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ аталған қызметкерлерінің қызметін бағалау және сыйақы беру шарттары мен тәртібін айқындайды.

Басқарушы қызметкерлердің қызмет тиімділігін бағалау ресімі мынадай кезеңдерден тұрады:

- уәждемелік ҚБК таңдау, мақсатты мәндерін айқындау;
- уәждемелік ҚБК бекіту;
- нәтижелілік мониторингі;
- нақты нәтижелілікті есептеу және бекіту.

Басқарушы қызметкерлер үшін уәждемелік ҚБК (ҚБК карталарын) Компанияның Директорлар кеңесінің Тағайындаулар мен сыйақылар комитеті әзірлейді, олармен ҚБК санының (3-7) оңтайлылық, нысаналы мәндерінің салмағы мен барабарлығын орын-орнына қою нысанына бағаланады және белгіленген тәртіппен жауапты бөлімше есепті жылдың 31 наурызынан кешіктірмей Компанияның Директорлар кеңесінің бекітуіне ұсынады.

Қызмет нәтижелері бойынша сыйақы (қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді сыйақылар) қол жеткізілген жетістіктер мен жұмыс тиімділігін арттыру үшін материалдық көтермелеу мақсатында жұмыс нәтижелеріне қарай төленеді, тұрақты сипатта емес және орташа жалақыны есептеу кезінде есепке алынбайды.

Компанияның Директорлар кеңесі Компанияның Директорлар кеңесі Тағайындаулар мен сыйақылар комитетінің ұсыныстарына сәйкес қызмет нәтижелері бойынша сыйақы төлемеу туралы шешім қабылдауға құқылы:

1) жекелеген корпоративтік ҚБК шекті мәндерінің орындалмауы;
2) функционалдық ҚБК орындаудың жиынтық нәтижелілігі – кем дегенде 50% (қоса есептегенде).

Сыйақы төлеу үшін жоспарланған соманы есепке ала отырып есептелген есепті жыл ішіндегі шоғырландырылған жиынтық пайданың болуы жыл ішіндегі жұмыс қорытындылары бойынша сыйақы төлеудің негізгі шарты болып табылады.

Жыл ішіндегі жұмыс қорытындылары бойынша сыйақы алу құқығына есепті кезенде іс жүзінде кем дегенде 5 (бес) ай жұмыс істеген қызметкерлер, есепті жылда бекітілген ҚБК орындау қорытындылары бойынша, сондай-ақ олар үшін есепті жылдың 1 тамызына дейін ҚБК карталары бекітілген жаңадан қабылданған қызметкерлер ие болады. Компанияның Директорлар кеңесінің 2013 жылғы 31 қаңтардағы шешімімен, Компания Жарғысының 11-бабы 37-тармағының 12 тармақшасына және Компанияның Директорлар кеңесінің 2012 жылғы 25 желтоқсандағы шешімімен бекітілген жыл ішіндегі жұмыс қорытындылары бойынша Компанияның басқарушы қызметкерлеріне сыйақы төлеу ережесіне сәйкес Басқарма Төрағасының, Басқарма Төрағасы орынбасарларының 2011 жылғы нақты мәндерімен бірге қызметінің басты көрсеткіштер картасы бекітілді, және соларға сәйкес сыйақылар төледік. 2012 жылы Компания Басқармасының 45 отырысы өткізілді. Барлығы 197 мәселе қаралды.

## 2012 ЖЫЛЫ ҚАРАЛҒАН КОМПАНИЯ БАСҚАРМАСЫНЫҢ БАСТЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Компания Басқармасының отырыстарында стратегиялық мәселелер де, сондай-ақ Компанияның құзыретіне жататын ағымдағы қызмет мәселелері де қаралды.

Мәселелер тізімі мен олар бойынша шешімдер Компания Басқармасының тиісті отырыс хаттамаларында берілген.

Компания Басқармасының ашық отырыстары ұдайы өткізіліп тұрды.

2012 жыл ішінде
Компания Басқармасының 45 отырысында
**197**
мәселе қаралды

2012 жылы Компания Басқармасының отырыстарында мынадай мәселелерге ерекше назар аударылды:

- Компанияның Кредиттік комитетін, Инвестициялық-инновациялық комитетін құру және дербес құрамын қалыптастыру;
- «Семей инжиниринг» АҚ өндірісін жаңғырту», «Астана қаласында авиациялық-техникалық орталық құру» және Компанияның т.б. стратегиялық жобаларын құптау және олардың іске асырылуына жәрдемдесу.

Жалпы есепті кезең ішінде Компания Басқармасы Компанияның алдына қойған міндеттерін тиімді шешу үшін Жалғыз акционермен, сенімді басқарушымен және корпоратвитік қатынастардың барлық мүдделі тараптарымен өзара іс-қимылын жүзеге асырды.

## ІШКІ БАҚЫЛАУ ЖҮЙЕСІ. ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ

Компания тәуекелдерді тиісті бақылауға Компанияның даму стратегиясын іске асырудың басты элементі ретінде көп мән береді. Компанияның тәуекел-менеджментінің басты мақсаты — бұл Компания қызметінің тәуекелі мен табыстылығы қатынасының оңтайлы деңгейіне қол жеткізу.

2012 жылы Компанияда тәуекелдерді басқару рәсімдерін жетілдіру одан әрі жалғасты, Компанияның Директорлар кеңесі тәуекелдерді басқару жүйесі бойынша құжаттарды бекітті:

1) Тәуекелдерді корпоративтік басқару жүйесінің тұжырымдамасы.

2) Тәуекелдерді басқару саясаты.

3) Корпоратвитік контрагенттер бойынша кредиттік тәуекелді басқару ережесі.

4) Валюталық тәуекелді басқару ережесі.

5) Өтімділікті жоғалту тәуекелін басқару ережесі.

6) Тәуекелдерді сәйкестендіру және бағалау ережесі.

7) Операциялық тәуекелдерді бағалау және басқару ережесі.

8) Пайыздық тәуекелді басқару ережесі.

Компанияның тәуекелдерін басқару саясаты тәуекелдерді оңтайлы деңгейін қамтамасыз ету және тәуекелдерді сәйкестендіру, бағалау, мейлінше азайту және тәуекелдер мониторингі есебінен ең жоғары қызмет нәтижелеріне қол жеткізу үшін оңтайлы тәуекел менеджмент құрылымын қолдауға бағытталған.

Директорлар кеңесі 2012 жылы Компания үшін алғаш рет мына ережелерді белгіледі:

1) Операциялық тәуекелдерді бағалау ережесі.

2) Валюталық, кредиттік, пайыздық тәуекелдерді, өтімділікті жоғалту тәуекелдерін басқару ережесі.

Бүгінде Компаниядағы барлық процестерге қаржылық тәуекелдерді (кредиттік, нарықтық, валюталық тәуекелдерді, өтімділік тәуекелдері мен пайыздық тәуекелдерін қоса алғанда) қаржылық тәуекелдерді және операциялық тәуекелдерді басқаруды болжамдайтын бірыңғай тәуекел-менеджмент тәжірибесі қолданылады. Қаржылық тәуекелдерді басқару тәуекел лимиттерін анықтау және ықтимал залалдар тәуекелі мұндай лимиттер шегінен аспауын бақылауды болжамдайды. Операциялық тәуекелдерді басқару Компанияның басқа да ішкі және сыртқы тәуекел факторларына ұшырағыштығын мейлінше азайту үшін ішкі процестер мен процедуралардың тиісінше жұмыс істеуін қамтамасыз етуден болып отыр. Компанияның және оның еншілес ұйымдарының корпоративтік басқару жүйесінің басты компоненті ретінде тәуекелдерді басқару Компанияның және Компания тобы кәсіпорындарының құны мен беделіне кері әсерін тигізуі мүмкін тәуекелдер деңгейін төмендету бойынша уақытылы сәйкестендіруге және басқарушылық шаралар қабылдауға бағытталған.

Негізгі қаржылық тәуекелдерге мыналарды жатқызуға болады:

- Компания немесе оның ЕТҰ өнім берушілермен жасалған шарттық міндеттемелерін орындамаған жағдайда туындайтын кредиттік тәуекел;
- өтімділікті жоғалту тәуекелі;

Негізгі операциялық тәуекелдерге мыналарды жатқызуға болады:

- тартылатын технологияларды таңдауда және инновацияларды тиімсіз іске асырудағы қателік тәуекелі;
- Компанияның нарықтарында бәсекелестіктің күшеюіне байланысты нарықтық тәуекел;
- Компания кәсіпорындар дында техникалық проблемалар туындауымен, сондай-ақ тапсырыс беруші тарапынан тапсырыстың болмауына байланысты өндірістік тәуекел;
- шикізат пен материалдар бағасының өсу тәуекелі;
- персоналдық қанағаттанбауына немесе Компания тобы кәсіпорындарының қызметін оңтайландыру құралдарының шектеулігімен байланысты әлеуметтік тәуекел.

Стратегиялық тәуекелдерге мыналарды жатқызуға болады:

- Компания активтерін өзара ықпалдастыру үшін мүмкіндіктердің төмендеуі, оларды сатудың синергетикалық нәтижесінің болмауы, бұл корпо-ратвитік орталық әлсіз болғанда ықтимал;
- басқарушылықты жоғалтуға әкеп соғуы мүмкін шамадан тыс дәрежеде әртараптандырылуы;
- операциялық тиімділік пен маржиналдықтың төмен деңгейі;
- активтердің төмен сапасы және инвестициялық тартымдылығы;
- білікті кадрлардың тапшылығы;
- негізгі құралдардың жоғарғы тозу дәрежесі, оларды жаңартуға инвестициялардың жеткіліксіз деңгейі немесе мониторинг жүйесінің болмауы;
- өндірістерді дамыту және техникалық жаңғыртудың негізгі бағыттарын стратегиялық болжамдаудың болмауы Компанияның стратегиялық мақсаттарын жоғалтуға және даму тиімділігінің төмендеуіне әкеп соғуы мүмкін;
- ішкі нарық қажеттіліктерін қанағаттандыратын шығарылатын өнімнің теңгерімделген түрлерінің болмауы.

## ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ: ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМ

Компанияның келесі органдары мен бөлімшелерін тарту арқылы бірнеше деңгейлердегі Компанияның тәуекелдерін басқару жүйесінің құрылымы берілген:

- Директорлар кеңесі, Директорлар кеңесінің Аудит комитеті, Басқарма, Басқарма жанындағы Тәуекелдер комитеті, тәуекелдерді басқаруға жауапты құрылымдық бөлімше, Ішкі аудит қызметі, өзге де құрылымдық бөлімшелер — тәуекелдер иесі.

Компанияның Директорлар кеңесі тәуекелдерді корпоративтік басқару жүйесіне қадағалау жүргізуде басты рөл атқарады және мыналарды жүзеге асырады:

- Компанияның (қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді) мақсаттарын қою;
- Компания Тұжырымдамасын бекіту;
- Компанияның Тәуекелдерді басқару саясатын бекіту;
- Компанияның тәуекелдерін басқару ережелері мен процедураларын бекіту;
- Компанияның тәуекелдерін мониторингілеу және бақылау бойынша жауапкершілік деңгейлерін бекіту;
- ішкі бақылауды және тәуекелдерді басқару және Ішкі аудит қызметі жүргізген тексеру нәтижелерін жақсарту жөніндегі сыртқы аудиторлардың қорытындыларын талдау;
- Компанияның тәуекелдер тіркелімін, картасын және аса қиын тәуекелдерді басқару жөніндегі іс–шаралар жоспарын бекіту;
- тәуекелдер мен бақылаулар матрицасын бекіту;
- басты тәуекел көрсеткіштерін бекіту;
- тәуекелдер бойынша есептерді бекіту;
- тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігі бойынша есептерді қарау;
- Компанияның қаржылық көрсеткіштеріне талдау және бағалау жүргізу мүмкіндігін қамтамасыз ететін қаржылық және басқарушылық есептілікті Директорлар кеңесіне ұсыну нысандары мен мерзімдерін белгілеу;
- Компанияның тәуекелге төтеп беру қабілеті мен тәбеті деңгейін анықтау;
- Директорлар кеңесі жанындағы комитеттер арқылы қызмет мониторингін жүргізу.

Оның жауапкершілік аймағына капиталдың едәуір бөлігін тәуекелге ұшырататын операцияларды құптау да кіреді.

Тәуекелдерді басқару жүйесі бойынша мәселелерді толық пысықтау үшін Директорлар кеңесінің жанында тәуекелдерді басқару жүйесінің сенімділігі мен тиімділігіне бақылауды жүзеге асыратын Аудит комитеті жұмыс істейді.

Компания Басқармасы келесі функцияларды жүзеге асыру арқылы тәуекелдерді басқару жүйесінің тұтастығы мен қызмет етуін қамтамасыз етеді:

- ұйымның тәуекелдерін басқару Тұжырымдамасы мен Саясатын іске асыру;
- ықтимал тәуекелдерді сәйкестендіруге және бағалауға мүмкіндік беретін тәуекелдерді басқарудың тиімді жүйесін ұйымдастыру;
- Компанияның Директорлар кеңесі мен акционеріне бекітілген нормативтік құжаттарға сәйкес есептер беру;
- осы Саясат ережелерін ұйымның құрылымдық бөлімшелерінің сақтауын қамтамасыз ету;
- қажеттіліктерге жауап беретін және барабар бақылау мен тәуекелдерді азайтуды қамтамасыз ететін ұйымның ұйымдастырушылық құрылымын бекіту;
- Компания тобында тәуекелдерді басқару жөніндегі есептерді қарау және өз құзыреті шеңберінде тиісті шаралар қабылдау;
- Директорлар кеңесі бекіткен нормативтік құжаттар шеңберінде ұйымдағы әрекет ету іс–шараларын және тәуекелдерді басқару әдістемелерін және Компания тобындағы кейбір іс–шараларды бекіту;
- тәуекелдерді басқару саласындағы ішкі ресімдер мен регламенттерді жетілдіру.

Компанияда Тәуекелдер комитеті, Компанияның тәуекелдерін басқару мәселелері бойынша шешімдер қабылдау үшін Компания Басқармасына ұсыныстарды алдын ала қарау және дайындау үшін құрылған Компания Басқармасының жанындағы консультациялық–кеңесші орган жұмыс істейді.

Комитеттің негізгі функциялары ішкі құжаттар жобаларын, Компанияның тәуекелдерді басқару жүйесі бойынша іс–шараларын алдын ала құптау, тәуекелдерді басқару жүйесін енгізу және жетілдіру бойынша іс–шараларды іске асыру жөніндегі жоспарлар/бағдарламалар әзірлеуге және орындауға қатысу, мониторинг нәтижелерін және тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігін талдау, сондай–ақ оны жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу және өзгесі.

Тәуекелдер комитетіне барлық басқарушы директорлар және департамент директорлары кіреді, Комитетті Компанияның тәуекелдерін басқару жүйесіне жауапты құрылымдық бөлімшеге жетекшілік ететін басқарушы директор басқарады.



2012 | «ҚАЗАҚСТАН ИНЖИНИРИНГ» ҰК» АҚ ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІ

# ТҰРАҚТЫ ДАМУ

# ТҰРАҚТЫ ДАМУ

Компанияның және оның активтерінің ұзақ мерзімді құнының өсуі қоғам мүдделерін қоса алғанда, барлық мүдделі тараптардың мүдделерін есепке алмай мүмкін болмайды. Компания өзінің Даму стратегиясына сәйкес үлгілі жұмыс беруші болуға және өндіріс қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау саласында көшбасшы болуға бар күшін салады.

Осыған байланысты, аталған даму бағытын іске асыру үшін, Компания мыналар арқылы Компания кәсіпорындарындағы әлеуметтік жауапкершілікті арттыру мақсатын алға қояды:
1) Әлеуметтік әріптестік қағидаты негізінде әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу.

2) Кадрлар даярлау жүйесін қалыптастыру.

3) Еңбек өнімділігінің өсімін және инновациялық белсенділікті ынталандыруға мүмкіндік беретін бірегей корпоративтік мәдениетті дамыту.

4) «Жасыл» экономикаға көшу.

## КОРПОРАТИВТІК ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК

БҰҰ Ғаламдық шарт қағидаттарын мойындап, заңдылықты сақтай отырып, Компания өз қызметінде КӘЖ мынадай қағидаттарын ұстанатындығын мәлімдейді:

адам құқықтары саласында:
- халықаралық деңгейде жарияланған адам құқықтарын қорғауды қолдау және құрметтеу;
- адам құқықтарын бұзуға байланысы болмауын қамтамасыз ету;

еңбек қатынастары саласында:
- бірлестік/қауымдастық еркіндігін қолдау және ұжымдық шарттар жасау құқығын нақты мойындау;
- мәжбүрлі және міндетті еңбектің барлық түрлерін жою;
- бала еңбегін түбегейлі жою;
- еңбек және жұмыспен қамту саласындағы кемсітуді жою;
- қызметкерлердің қауіпсіздігі мен еңбектің қорғалуын қамтамасыз ету, сауықтыру бағдарламаларын өткізу және қызметкерлерге әлеуметтік қолдау көрсету;
- қызметкерлерді уәждемелеу және әлеуметтік қолдаудың, қызметкерлерді оқыту және дамытудың тиімді жүйесін құру;
- кадрлық резервті құру және дамыту;
- корпоративтік мәдениетті дамыту;
- әлеуметтік әріптестік қағидатын іске асыру;

қоршаған ортаны қорғау саласында:
- қоршаған ортаға кері әсерінен сақтандыру және алдын алу қағидаттарына негізделген экологиялық мәселелерге көзқарасын қолдау;
- қоршаған ортаның жағдайына жауапкершілігін арттыруға бағытталған бастамаларды қабылдау;
- экологиялық қауіпсіз технологиялардың дамуы мен таралуына жәрдемдесу;
- балама энергия көздерін пайдалану, энергия тұтынуды төмендету және энерготиімділікті арттыру жөніндегі бастамаларды қолдау;

сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саласында:
- сыбайлас жемқорлықтың барлық түрлеріне және қорқытып алушылық пен парақорлықты қоса алғанда, басқа да құқыққа қайшы іс-әрекеттерге қарсы тұру;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды қабылдау (заңнамаға сәйкес);
- адал бәсекелестік қағидаттарын сақтау;
- заңсыз жолмен алынған табыстарды заңдастыруға қарсы іс-қимыл;

қоғаммен өзара әрекеттесу саласында:
- құпия ақпаратты қоспағанда, қоғам үшін кез келген ақпараттың ашықтық, әділдік және қолжетерлік қағидаттарын қамтамасыз ету;
- барлық мүдделі тараптармен диалог жүргізу және мүдделер тепе-теңдігі негізінде өзара тиімді әрекеттесу;
- мемлекеттік бағдарламалардың іске асырылуына жәрдемдесу/қамтамасыз ету;
- демеушілік және қайырымдылық көмек көрсету, қайырымдылық іс-шараларын өткізу;
- іске асырылатын жобалардың уақытылығын, қажеттілігін және тиімділігін қамтамасыз ету;
- Қазақстан Республикасының қаржылық тұрақтылығын нығайтуға үлес қосқан салық төлеушінің беделін сақтап қалу;

инвесторлардың, қазақстандық тауар өндірушілер, жұмыс және қызмет көрсетушілердің, тауар берушілердің, жұмыстар мен қызметтер көрсетушілердің құқықтарын сақтау үшін:
- жасалған шарттардың талаптарын орындау;
- тұтынушыларға/клиенттерге қызмет көрсету сапасын және Компания көрсететін қызметтердің сапасын үнемі арттырып отыру;
- инсайдерлік ақпаратты пайдалануға салынған тыйымды сақтау;
- қауіпсіздікті қамтамасыз ету.

## ПЕРСОНАЛДЫ ДАМЫТУ ЖӘНЕ КӘСІБИ ОҚЫТУ

Компания тобында жетістікке жетудің басты факторларының бірі кадрлық потенциал болып табылады. Аса табысты басқару және адам ресурстарын дамыту үшін тиімді ұйымдастырушылық құрылымы қалыптасты.

Біліктілік талаптарына сай және қажетті білімдері, дағдылары бар, іскерлік және жеке қасиеттерге ие мамандарды іріктеу дер кезінде және жүйелі түрде жүзеге асырылып отырады.

Қызметкерлерді мотивациялау және ынталандыру аясында біліктілігі жоғары қызметкерлерді тарту және ұстап тұру бойынша, сондай-ақ қызметкерлердің білім және дағдылар деңгейін арттыру бойынша жұмыстар тұрақты жүргізіледі. Қызметкерлерді даярлау және оқытудың, қызмет-керлердің кәсіби білімдер мен дағдыларды игеруінің тиімді жүйесін құру үшін бейінді техникалық мамандықтар бойынша кадрларды оқыту және даярлау жөніндегі жұмыс жүргізілуде.Жалпы Компания тобында әртүрлі жұмыс мамандық-тары бойынша 16 кәсіби стандарттар әзірленген.Қызметкерлердің кадрлық әлеуетін дамыту мақса-тында кадрлардың біліктілігін арттыруды, кәсіби қайта даярлауды көздейтін персоналды өндірістік оқыту қолға алынған.

Арнайы курстарда кәсіби оқыту аяқталған соң қызметкерлерге кәсібі бойынша біліктілік беріледі, бұдан басқа 900 адамның біліктілігі арттырылды, 550 адам біліктілік дәрежелерін көтерді. Біліктілік дәрежелерін арттырумен немесе жұмыс бабында жоғарылаумен байланысты мәселелерді қараған кезде, қызметкерлердің кәсіби оқудан ой-дағыдай өтуі, олардың жалпы білім және кәсіби даярлығы, олардың жоғары немесе арнаулы орта білім алуы есепке алынады. Жалпы Компания тобы бойынша басқарушылық есептілік жүйесі бойынша қаржы-экономикалық блоктың сертификатталған мамандары 2013 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 24% құрады.

Еңбек нарығына талдау жүргізіледі, қабылданған стратегияларға сәйкес қысқа мерзімді, орташа мерзімді және ұзақ мерзімді перспективада ұйымның кадрларға деген сұранысын болжамдау, талаптарға сай білікті кадрларды іріктеу жүргізіледі.

Кәсіби оқыту мен дамуға салынатын инвестициялар Компания тобының стратегиялық мақсаттар ауқымына сәйкес болуы тиіс.

Мансапта жоғарылауда оқуға тырысатын және оқуды ойдағыдай аяқтайтын, сондай-ақ ең төменгі өндірістік буындарда практикалық жұмыс тәжірибесі бар қызметкерлер артықшылықтарға ие болады.

Қызметкерлерге алынған білімдерін үнемі жаңартып отыру және әріптестеріне беру үшін ынталандырулар жасалады. Тәлімгерлік жүйесі енгізілген.

Компания Басқармасының шешімімен әкімшілік және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайыздан астамы Компанияға тиесілі заңды тұлғалардың басқарушы қызметкерлеріне еңбекақы төлеу және сыйақы беру Саясаты бекітілген, онда тәлімгерлік үшін (Компанияның ішкі құжаттарына сәйкес жас мамандарға, машықтанушыларға, резервтегі мамандарға басшылық ету) белгіленген лауазымдық еңбекақы мөлшерінің 10%-дан аспайтын қосымша ақы (үстеме ақы) төленеді.

Компания әлеуметтік мәселелерді жақсарту бойынша белсенді шаралар қабылдайды. Атап айтқанда қызметкерлердің орташа айлық жалақысы 2012 жылы 55% өсіп, 135,5 мың теңгеге жетті (ҚР өндеу саласы қызметкерлерінің орташа жалақысы — 106 мың теңге).

Әлеуметтік бағдарламаларға жұмсалатын шығындар көбейтілді, қызметкерлерге жатақхана беріледі. Кадрлардың тұрақтамауы төмендеп келеді, білікті кадрлар, инженерлер қайтарылуда.

## ЕҢБЕК ҚАУІПСІЗДІГІ ЖӘНЕ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ

Компания өндірісте еңбек қауіпсіздігін арттыру бойынша жүйелі шаралар өткізеді. Компания кәсіпорындары өзіне алған міндеттемелерді орындап отыр, оның ішінде:

- күз–көктем мезгілдерінде жұмыс орындарында қалыпты температураны қамтамасыз ету. Цехтар мен бөлімдерді жоспар–кестеге сәйкес күз–қыс мезгілдеріне дайындау бойынша іс–шаралар жыл сайын 1 қазанға дейін орындалады;
- жұмыс орындарының жеткілікті жарықтандырылуын қамтамасыз ету;
- өндірістік жарақаттану себептерін талдау және оның алдын алу шараларын қабылдау;
- профилактикалық медициналық тексерулер жүр–гізу;
- зауыт қызметкерлеріне арнайы киім, аяқ киім, жеке қорғаныш құралдарын беру;
- зиянды жұмыс жағдайларына байланысты жұмыс орындарында белгіленген нормалар бойынша сүт және басқа да азық–түліктер беру;
- қызметкерлердің өз еңбек міндеттерін орындау кезінде өмірі мен денсаулығына келтірілген залал үшін жауапкершілікті сақтандыру;
- еңбекті қорғау талаптарының сақталуына тұрақты бақылау жүргізу;
- зауыт қызметкерлеріне жедел көмек көрсету үшін цехтарды, медпункттерді қажетті дәрі–дәрмекпен қамтамасыз ету;
- қоршаған ортаны ластау көздерін тоқсан сайынтүгендеу және экологиялық ахуалды жақсарту бойынша шаралар қабылдау.

## ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ

Қоршаған ортаны қорғау мақсатында Компания энерготиімділікті дамыту («жасыл экономика» аясында) бойынша белсенді жұмыс жүргізуде, сондай–ақ Экспо–2017 көрмесіне қатысуды жоспарлап отыр. Елдің бәсекеге қабілеттілігінің өсуіндегі, өнеркәсіпті жаңғыртудағы, энергетикалық және экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі басты бағыттардың бірі энергия сақтау және энерготиімділікті арттыру болып табылады. ҚР индустриалдық–инновациялық дамуының 2010–2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында елдің ішкі жалпы өнімінің энергияны қажетсінуін 2015 жылға қарай кем дегенде 10 пайызға төмендету міндеттері қойылған. Осылайша, энергия сақтау, сондай–ақ энергетикалық және экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің негізгі әдісі бола отырып, мемлекеттің стратегиялық міндеттеріне жатқызылды. Энергия сақтаудың стратегиялық мақсаты — бұл барлық салаларда, барлық өңірлерде және жалпы елімізде энерготиімділікті арттыру.

Компанияның энерготиімділікті арттыруға қатысты шаралары:
1. Өнімнің бір бірлігіне шаққанда энергоресурстарды тұтынуды төмендету үшін өнеркәсіпті жаңғырту.

2. Энерготиімділікті арттыру бойынша инновациялық технологияларды енгізу.

3. Кәсіпорындарды жаңғырту үшін қаржылық жағдай жасау.

4. Энергия сақтау саласын кадрлармен қамтамасыз ету.

5. Жабдықтарды жаңғырту және ұқыпты өндіріс құру үшін ғылым мен өндірістің өзара әрекеттесуі.

Экологиялық ахуалды жақсарту мақсатында жыл бойы қоршаған ортаны ластау көздеріне мониторинг жүргізіліп келеді және зиянды зат қалдықтарын азайту бойынша шаралар қабылдануда.
Бұдан басқа Компания Кәсіпорындарында Қоршаған ортаны қорғау бойынша Бағдарламалар (жоспар) әзірленген.

Экологиялық тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша негізгі міндеттер мыналар:
- қоршаған ортаға ұқыпты қарау;
- қызметкерлер үшін қолайлы, салауатты және қауіпсіз жағдай қалыптастыру, өндірістік жарақаттану мен аурулардың алдын алу;
- еңбекті қорғау және өндірістік қауіпсіздік саласындағы нормалар мен стандарттарды сақтау;
- қызметтің энерготиімділігін арттыру;
- есептілік жүйесін енгізу.

Экологиялық тұрақтылыққа бизнестің экологиялық сипаттамаларын жақсартуға инвестиция салу арқылы қол жеткізіледі. Компания қоршаған ортаға барынша ұқыпты қарау және табиғи ресурстарды тиімді пайдалану қағидаттарын сақтауға тырысады, қоршаған ортаға кері әсерлердің алдын алуға мүмкіндік туғызады, қоршаған ортаның жағдайына жауапкершілікті арттыруға бағытталған бастамалар қабылдайды, экологиялық таза және энергия сақтайтын технологияларды дамытуға және таратуға, экологиялық мониторинг жүргізуге және экологиялық ақпараттың ашық түрде берілуіне жәрдемдеседі.

Экологиялық менеджмент жүйесі мыналарды қамтиды:
1. Олардың қызметінің қоршаған орта, денсаулық пен қауіпсіздік үшін келтірер зардаптарына қатысты бараба әрі уақытылы ақпарат жинау және бағалау;

2. Экологиялық көрсеткіштерді жақсарту және ресурстарды тиімді пайдалану бойынша өлшенетін мақсаттарды белгілеу;

3. Қоршаған ортаны, денсаулық пен қауіпсіздікті сақтау жөніндегі мақсаттарға қол жеткізу бойынша ілгерілеудің тұрақты мониторингі және тексеру.

Компания кәсіпорындарында энерготиімділікті, ресурстар сақтауды арттыруға және балама энергия көздерін пайдалануға, персоналдың қауіпсіз жұру мәдениетін арттыру және өндірісте қауіпсіздік техникасын сақтауға ерекше көңіл бөлінетін болады.

## КОМПАНИЯНЫҢ ЕНШІЛЕС КӘСІПОРЫНДАРЫНДА ӘЛЕУМЕТТІК ӘРІПТЕСТІКТІ ҰЙЫМДАСТЫРУ

2011 жылғы 5 ақпанда машина жасау саласында ҚР Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі, Компания және «Қазақстан Республикасы машина жасау қызметкерлерінің кәсіподағы» қоғамдық бірлестігі арасында 2011–2013 жылдарға арналған үш жақты Салалық келісім жасалды.
Бұл келісім мынадай негізгі міндеттерді шешуге бағытталған:
- өзара сенім, ақпарат алмасу және ынтымақтастық негізінде әлеуметтік әріптестікті дамыту;
- кәсіпорындардың тұрақты жұмысын қамтамасыз ету;
- еңбек өнімділігі үшін жағдайлар жасау;
- еңбек және демалыс режимін белгілеу;
- еңбекке ақы төлеу (тарифтік келісім);
- гендерлік және жастар саясаты;
- еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы;
- әлеуметтік кепілдіктер, жеңілдіктер мен өтемақылар;
- еңбекке ақы төлеудің ең төменгі салалық стандартын белгілеу;
- қызметкерлердің заңды құқықтары мен мүдделерін қорғау бойынша шараларды белгілеу;
- кәсіподақ қызметін жүзеге асыру үшін жағдайлар жасау.

Компанияның мынадай еншілес ұйымдарында «Қазақстан Республикасы машина жасау қызметкерлерінің кәсіподағы» Қоғамдық бірлестігінің филиалдары — алғашқы кәсіподақ ұйымдары жұмыс істейді: «ПАШЗ» АҚ, «С.М. Киров атындағы зауыт» АҚ, «Мұнаймаш» АҚ, «Семей машина жасау зауыты» АҚ, «Семей инжиниринг» АҚ, «Гидроприбор» ҒЗИ» АҚ, «Омега» ПЗ» АҚ, «Зенит» ОЗ» АҚ, «ҚИ 811 автожөндеу зауыты» АҚ, «Тыныс» АҚ.

Аталған кәсіпорындардағы қызметкерлер саны — 4144 адам, кәсіподаққа мүшелік 75% құрайды. Бастапқы кәсіподақ ұйымдары «Қазақстан Республикасы машина жасау қызметкерлерінің кәсіподағы» Қоғамдық бірлестігінің филиалы туралы ереже негізінде әрекет етеді.

Бастапқы кәсіподақ ұйымдарын кәсіподақ мүшелері сайлаған кәсіподақ комитеттерінің төрағалары және «Қазақстан Республикасы машина жасау қызметкерлерінің кәсіподағы» Қоғамдық бірлестігінің сенімхаты негізінде басқарады.

Ұжымдық шарт талаптарының орындалуын бақылауды Жұмыс беру–шінің өкілдері және қызметкерлер өкілінің тең санынан құралған тұрақты әрекет ететін ұжымдық шарт комиссиясы жүзеге асырады.

Тараптар жыл сайын қызметкерлердің жиналыстарында (конференцияларында) алған міндеттемелердің орындалуы туралы есеп береді.






# ЕНШІЛЕС ЖӘНЕ ТӘУЕЛДІ ҰЙЫМДАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІ

## «ТЫНЫС» АҚ

«Тыныс» АҚ — бұған дейін Оттекті–тыныс алу аппаратурасы зауыты деген атымен белгілі, 1959 жылы құрылған. Бұған дейін Мәскеу қ. «Наука» агрегаттық зауытының Конструкторлық бюросы (КБ), Томилино қаласындағы «Звезда» зауытының КБ, Мәскеу қаласындағы А.И. Микоян атындағы машина жасау зауытының КБ әзірлеген 45 авиациялық бұйым түрін шығаратын жалғыз кәсіпорын (калька ұстаушы) болып табылады.

2005 жылдың қорытындысы бойынша кәсіпорын Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Сапа саласындағы жетістіктері үшін» атты сыйлығына ие болды.

Шығарылатын өнімдерінің негізгі түрлері:
- авиациялық техника және авиациялық автоматика құралдары үшін тіршілікті қамтамасыз ету аппаратурасы;
- АН, ИЛ, ТУ, ЯК, БЕ, СУ, МИГ, МИ, КА, Ансат маркалы азаматтық және әскери ұшақтар мен тікұшақтарға арналған авиациялық бұйымдар;
- полиэтилен құбырлар мен фитингтер және т.б.

2012 жылдың 4 тоқсанында кәсіпорын «Бронекеудешелер өндіру» атты инвестициялық жобаны іске асыруға кірісті.

2013 жылы Қоғам екі инвестициялық жобаны: «Газдалатын модельдер бойынша құйма өндірісін игеру» және «Бронекеудешелер өндіру» жобаларын іске асыруды жоспарлап отыр. Өндірісті ұйымдастыру үшін барлық қажетті лицензиялар мен сертификаттар бар. ISO 9001:2008 сапа менеджменті жүйесі енгізілген және жұмыс істейді.

| Атауы | Өндіріс көлемі, мың теңге/адам | Табыс — барлығы, мың теңге/адам | Оның ішінде: өнімді сатудан түскен табыс | Жиынтық пайда мың теңге/адам | Еңбек өнімділігі, мың теңге/адам |
|---|---|---|---|---|---|
| 2011 жыл — факт | 3 631 138 | 3 986 376 | 3 809 073 | 657 497 | 6 239 |
| 2012 жыл — факт | 4 652 426 | 4 798 457 | 4 660 940 | 658 668 | 7 017 |

## «ПЕТРОПАВЛ АУЫР МАШИНА ЖАСАУ ЗАУЫТЫ» АҚ

«Петропавл ауыр машина жасау зауыты» АҚ — мұнайгаз, энергетика және теміржол жабдығын шығаратын және машина жасауда осы өнімді шығару үшін қажетті барлық технологиялық беліністері бар көпбейінді өндірістік қуаттарға ие Қазақстанның жетекші кәсіпорны болып табылады.

2011 жылы кәсіпорын алғашқы өнім шығаруының 50 жылдық мерейтойын атап өтті.

30 жыл бойы кәсіпорын КСРО Қорғаныс өнеркәсібі министрлігінің құрамында болды және тоқылық жиынтықты ракеталық кешендер мен метеорологиялық ракеталар өндірумен айналысты.

Кәсіпорын құрамында 19 өндірістік цех және учаскелер бар, оларда 2000 технологиялық жабдық жұмылдырылған, конструкторлық–технологиялық орталығы бар, онда жүзден астам білікті инженерлер мен конструкторлар жұмыс істейді. Өндіріске мұнай өндіру техникасының 11 бұйымы, 40–тан астам мұнай–химия жабдығының түрлері, сондай–ақ энергетикалық және химиялық кешендері үшін гамма–өнім әзірленіп, өндіріске қойылған. Кәсіпорында мұнайгаз жабдығын, мұнайгаз өндеу жабдығын, энергетикалық және химиялық өндіріс, теміржол жабдығын, арнайы өнімдер шығару жолға қойылған.

2012 жылы кәсіпорында жаңа бұйымдар әзірлеу және игеру бойынша үлкен жұмыс атқарылды, шығарылатын жылу алмастырғыш және энергетикалық жабдықтар номенклатурасы кеңейтілді.

Өндірісті ұйымдастыру үшін барлық қажетті лицензиялар мен сертификаттар бар. ISO 9001:2008 сапа менеджменті жүйесі енгізілген және жұмыс істейді.



| Атауы | Өндіріс көлемі, мың теңге/адам | Табыс — барлығы, мың теңге/адам | Оның ішінде: өнімді сатудан түскен табыс | Жиынтық пайда мың теңге/адам | Еңбек өнімділігі, мың теңге/адам |
|---|---|---|---|---|---|
| 2011 жыл — факт | 3 005 700 | 2 857 312 | 2 774 172 | 2 153 | 2 804 |
| 2012 жыл — факт | 5 108 200 | 5 739 349 | 5 670 365 | 229 425 | 4 493 |

## «ЗЕНИТ» ОРАЛ ЗАУЫТЫ» АҚ

«ЗЕНИТ» ОРАЛ ЗАУЫТЫ» АҚ 1941 жылы Ленинградтан көшірілген «Двигатель» зауытының негізінде құрылған.

Соғыс кезінде арнайы әскери–теңіз қару–жарағын шығарған. Ұлы Отан соғысы жылдары әскерді және флотты қамтамасыз етуде сіңірген еңбегі үшін Қазақстан кәсіпорындарының арасындағы жалғыз зауыт 1 дәрежелі Отан соғысы орденімен наградталды.

Зауыттың негізгі қызмет түрі 1993 жылдан бері айналысатын катерлер мен кемелер жасау болып табылады, бұл Қазақстан Республикасында жаңа өнеркәсіп — кеме жасау саласының қалыптасуының бастауы болды.

Бұл зауытта тиісті техникалық және өндірістік мүмкіндіктер, зияткерлік және кадрлық әлеуеттің арқасында қалыптасты. Осы уақыт аралығында су ығыстырғыштығы 240 тоннаға дейінгі катерлер мен кемелердің сериялық өндірісі игерілді.

Шығарылатын өнімдер:
- кеме жасау;
- мұнайгаз кешеніне арналған өнімдер;
- агроөнеркәсіптік кешенге арналған өнімдер және өзге де азаматтық өнімдер.

Өткен жылы алғашқы «Қазақстан» ракеталық–артиллериялық катері суға жіберілді, су ығыстырғыштығы 240 тонна. Келешекте сондай–ақ салмағы 600 тоннаға дейін мамандандырылған теңіз кемелерін (көп функцияллы қамтамасыз ету кемелері, жүзитін зертханалар, шамалы шөгетін сүйреткіштер, вахталық ауысымды жеткізетін кемелер, іздестіру–құтқару және өрт сөндіретін кемелер) шығару жоспарланып отыр.

Өндірісті ұйымдастыру үшін барлық қажетті лицензиялар мен сертификаттар бар. ISO 9001:2008 сапа менеджменті жүйесі енгізілген және жұмыс істейді.

| Атауы | Өндіріс көлемі, мың теңге/адам | Табыс — барлығы, мың теңге/адам | Оның ішінде: өнімді сатудан түскен табыс | Жиынтық пайда мың теңге/адам | Еңбек өнімділігі, мың теңге/адам |
|---|---|---|---|---|---|
| 2011 жыл — факт | 2 984 010 | 1 242 858 | 1 087 494 | 66 745 | 3 323 |
| 2012 жыл — факт | 4 682 732 | 6 758 734 | 6 741 681 | 549 164 | 5 152 |

## «МҰНАЙМАШ» АҚ

«Мұнаймаш» АҚ 1941 жылдың қарашасында Петропавл қаласына көшірілген Таганрогтық «Красный гидропресс» зауыты базасында құрылған. Кәсіпорын мұнайгаз кешенінің өнімдерін шығаруға мамандананды. Өнімдер бірегей технология бойынша өндіріледі және жоғары дәлдікпен, агрессивті сұйық және газды орталарға таттануға қарсы төзімділікке, жоғары тозу төзімділігіне ие. Эксплуатациялық–техникалық сипаттамалар бойынша сорғылар үздік әлемдік үлгілер деңгейінде тұр.

Өндіріске арналған өнімдер мұнай өндіру кәсіпорындарының, ұқсас бұйымдарын пайдалану процесінде әзірленген талаптарға сәйкес өндіріледі, және тапсырыс берушінің талаптарын ескере отырып қосымша жасалуы мүмкін.

Кең ауқымды жаңғырту жүргізілді, «Накамура Томи» (Жапония) өндірген жаңа металл өңдейтін жабдық енгізілді және ең жоғарғы әлемдік стандарттарға сай жобалау мен өндірісті басқарудың толассыз автоматтандырылған жүйесі құрылды.
Өндірісті ұйымдастыру үшін барлық қажетті лицензиялар мен сертификаттар бар.

ISO 9001:2008 сапа менеджменті жүйесі енгізілген және жұмыс істейді.

Қазіргі таңда кәсіпорында өндірісті жаңғырту жобасы жүзеге асырылады. Жобаның мақсаты механикалық өңдеу өндірісті жаңғырту болып табылады.

«Мұнай өнеркәсібі бұйымдарының механикалық өндірісін жаңғырту» инвестициялық жобасын жүзеге асыру үшін инвестициялар ретінде мемлекеттік қолдау түрлерінде қаражаттар тартылады: «Өнімділік 2020» бағдарламасына қатысу арқылы ұзақ мерзімді лизингтік қаржыландыру.

| Атауы | Өндіріс көлемі, мың теңге/адам | Табыс — барлығы, мың теңге/адам | Оның ішінде: өнімді сатудан түскен табыс | Жиынтық пайда мың теңге/адам | Еңбек өнімділігі, мың теңге/адам |
|---|---|---|---|---|---|
| 2011 жыл — факт | 1 959 789 | 2 557 877 | 1 950 651 | 213 462 | 14 099 |
| 2012 жыл — факт | 1 685 834 | 2 467 092 | 1 669 930 | 78 059 | 12 128 |

## «КАЗИНЖЭЛЕКТРОНИКС» АҚ

«КазИнжЭлектроникс» АҚ (бұған дейін — ҚР Ұлттық радиоэлектроника және байланыс орталығы) 1994 жылы «Сарышаған» полигонының ғылыми-техникалық кешені, радиотехникалық бейіндегі кәсіпорындар мен ұйымдар базасында құрылған. Кәсіпорынның негізгі қызмет түрлері қару-жарақты, әскери және арнайы техниканы жаңғырту және күрделі жөндеу, заманауи байланыс құралдары мен радиоэлектроника бұйымдарын өндіру, компьютерлік жабдықты құрастыру өндірісі.

Өндірісті ұйымдастыру үшін барлық қажетті лицензиялар мен сертификаттар бар. ISO 9001:2008 сапа менеджменті жүйесі енгізілген және жұмыс істейді.

| Атауы | Өндіріс көлемі, мың теңге/адам | Табыс — барлығы, мың теңге/адам | Оның ішінде: өнімді сатудан түскен табыс | Жиынтық пайда мың теңге/адам | Еңбек өнімділігі, мың теңге/адам |
|---|---|---|---|---|---|
| 2011 жыл — факт | 435 310 | 461 024 | 435 311 | 9 423 | 4 784 |
| 2012 жыл — факт | 2 447 489 | 2 415 556 | 2 326 242 | 5 172 | 23 995 |

## «КИРОВ АТЫНДАҒЫ ЗАУЫТ» АҚ

«С.М. Киров атындағы зауыт» 1928 жылы радиоаппаратура өндіру мақсатында құрылған. 1941 жылы зауыт Петропавл қаласына көшірілді.

Кәсіпорынның негізгі қызметі байланыс құралдарын, теміржол автоматикасын, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің, теміржол көлігі, мұнайгаз кешенінің қажеттіліктері үшін қауіпсіздік жүйелерін, цифрлы телевидениеге арналған техникалық құралдармен арнайы құралдарды жобалау және өндіру, құрастыру, іске қосу-жөндеу жұмыстары, сервистік қызмет көрсету және жөндеу болып табылады.

Өндірісті ұйымдастыру үшін барлық қажетті лицензиялар мен сертификаттар бар.

ISO 9001:2008 сапа менеджменті жүйесі енгізілген және жұмыс істейді.

| Атауы | Өндіріс көлемі, мың теңге/адам | Табыс — барлығы, мың теңге/адам | Оның ішінде: өнімді сатудан түскен табыс | Жиынтық пайда мың теңге/адам | Еңбек өнімділігі, мың теңге/адам |
|---|---|---|---|---|---|
| 2011 жыл — факт | 5 510 811 | 5 524 532 | 5 577 450 | 288 473 | 9 894 |
| 2012 жыл — факт | 6 504 981 | 6 114 875 | 6 164 528 | 329 317 | 11 493 |

## «КИРОВ АТЫНДАҒЫ МАШИНА ЖАСАУ ЗАУЫТЫ» АҚ

«С.М. Киров атындағы машина жасау зауыты» АҚ 1942 жылы Махачкала түбінен көшірілген № 182 зауыт (қазіргі «Дагдизель» зауыты) базасында құрылған. Кеңестік кезеңде КСРО-ның жетекші дизель шығару және торпеда жасау зауыттарының бірі болған. Кәсіпорында теңіз су асты қаруын, кеме гидравликасы бұйымдарын, қазандықтардың жану процесін автоматтан дырылған басқару кеме жүйелерін, теміржол үшін қосалқы бөлшектер, тау-кен өндіру өнеркәсібіне және мұнайгаз кешеніне арналған бұйымдарды өндіру жолға қойылған. 2012 жылы зауыт өзінің 70-жылдық мерейтойын атап өтті.

Өндірісті ұйымдастыру үшін барлық қажетті лицензиялар мен сертификаттар бар. ISO 9001:2008 сапа менеджменті жүйесі енгізілген және жұмыс істейді.

| Атауы | Өндіріс көлемі, мың теңге/адам | Табыс — барлығы, мың теңге/адам | Оның ішінде: өнімді сатудан түскен табыс | Жиынтық пайда мың теңге/адам | Еңбек өнімділігі, мың теңге/адам |
|---|---|---|---|---|---|
| 2011 жыл — факт | 827 864 | 1 266 302 | 853 803 | 12 910 | 2 208 |
| 2012 жыл — факт | 740 750 | 762 913 | 564 964 | –311 192 | 2 218 |

## «ГИДРОПРИБОР» ҒЗИ» АҚ

«Гидроприбор» ғылыми-зерттеу институты» АҚ 1972 жылы Орал қаласында КСРО Кеме жасау өнеркәсібі министрлігінің «Гидроприбор» Ленинград Орталық Ғылыми-зерттеу институтының Орал филиалы ретінде, К.Е. Ворошилов атындағы СКБ Машина жасау зауытының базасында іздестіру, апаттан құтқару және арнайы су асты техникалық жұмыстарын жүргізу үшін су астында қолданылатын робототехникалық құралдарды зерттеу, әзірлеу және өндіру үшін құрылған. Қазіргі уақытта кәсіпорын қызметінің негізгі бағыттары кеме жасау, мобильді робототехника саласындағы, сондай-ақ мұнайгаз секторына арналған жабдықтар өндісіндегі зерттеулерге, жобалауға, өндіруге және инжинирингіне шоғырландырылған.

Бұл жұмыстарды орындау үшін кәсіпорында өндірісті ұйымдастыру үшін барлық қажетті лицензиялар мен сертификаттар бар. 2012 жылы кәсіпорын Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінде ак-

кредитациядан өтті. Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектісі ретінде Куәлік алды.

2012 жылы кәсіпорын техникалық құжаттама әзірлеп, жоғары жылдамдықты катердің тәжірибелік үлгісін жасап шығарды.

Сапа менеджменті жүйесі енгізілген және жұмыс жасайды

**ISO 9001:2008**

| Атауы | Өндіріс көлемі, мың теңге/адам | Табыс — барлығы, мың теңге/адам | Оның ішінде: өнімді сатудан түскен табыс | Жиынтық пайда мың теңге/адам | Еңбек өнімділігі, мың теңге/адам |
|---|---|---|---|---|---|
| 2011 жыл — факт | 301 650 | 305 601 | 301 650 | 8 676 | 2 556 |
| 2012 жыл — факт | 377 756 | 380 451 | 377 756 | 4 503 | 2 974 |

## «811 АВТОЖӨНДЕУ ЗАУЫТЫ» АҚ

«ҚИ 811 автожөндеу зауыты» АҚ 1976 жылдың 1 шілдесінде Ерейментау қаласында КСРО–ның Түркістан және Батыс Сібір әскери округтерінің көлік техникасының күрделі және регламенттелген жөндеу жұмыстарын қамтамасыз ету мақсатында құрылды.

Өзі қызмет еткен 30 жылдан астам уақыт ішінде кәсіпорын техниканы жөндеу және қайта жабдықтау саласында үлкен тәжірибе жинақтады. Зауыт өнімі жақсы беделге ие болды.

Қызметтің негізгі бағыттары барлық түрлендірмелі жүк көлігі техникасын күрделі жөндеу, түрлендіру, қайта жабдықтау және сервистік қызмет көрсету болып табылады.

Кәсіпорын барлық түрлендірмелі жүк көлігі техникасын күрделі жөндеуге, түрлендіруге, қайта жабдықтау және сервистік қызмет көрсетуге маманданған.

Барлық қажетті лицензиялар мен сертификаттар бар.

| Атауы | Өндіріс көлемі, мың теңге/адам | Табыс — барлығы, мың теңге/адам | Оның ішінде: өнімді сатудан түскен табыс | Жиынтық пайда мың теңге/адам | Еңбек өнімділігі, мың теңге/адам |
|---|---|---|---|---|---|
| 2011 жыл — факт | 610 756 | 615 692 | 610 245 | 68 709 | 4 662 |
| 2012 жыл — факт | 399 874 | 402 402 | 399 604 | 2 148 | 3 278 |

## «СЕМЕЙ МАШИНА ЖАСАУ ЗАУЫТЫ» АҚ

«Семей машина жасау зауыты» АҚ 1969 жылы КСРО Қорғаныс өнеркәсібі министрлігінің бұйрығымен Рубцовск машина жасау зауытының (РМЗ) филиалы ретінде ашылды.

Зауыттың өндірістік қуаты өтімділігі жоғары жыланбауыр техника мен оның қосалқы бөліктерін, теміржол көліктерінің құраушы бөліктерін, сондай–ақ жалпы машина жасау өнімін шығаруға бағытталған.

Кәсіпорында ГТ–Т тартқыш–жыланбауыр көлік пен оның қосалқы бөлшектерінің, теміржол көлігінің жылжымалы құрамының, жалпы машина жасау өнімдерінің өндірісі жолға қойылған.

Өндірісті ұйымдастыруға қажетті барлық лицензиялар мен сертификаттар бар.
ISO 9001:2008 сапа менеджменті жүйесі енгізілген және жұмыс жасайды.



| Атауы | Өндіріс көлемі, мың теңге/адам | Табыс — барлығы, мың теңге/адам | Оның ішінде: өнімді сатудан түскен табыс | Жиынтық пайда мың теңге/адам | Еңбек өнімділігі, мың теңге/адам |
|---|---|---|---|---|---|
| 2011 жыл — факт | 636 876 | 479 575 | 465 291 | 8 870 | 4 423 |
| 2012 жыл — факт | 1 466 020 | 1 824 296 | 1 807 056 | 182 961 | 8 726 |

## «СЕМЕЙ ИНЖИНИРИНГ» АҚ

«Семей инжиниринг» АҚ 1976 жылдың 2 шілдесінде негізі қаланған «Бронетанк жөндеу зауыты» РМК қайта құру арқылы ашылған. Бронетанкілік техниканы күрделі жөндеу мен түрлендіру бойынша жұмыстар мен қызметтер ұсынатын Орта Азия аймағындағы жалғыз маманданған кәсіпорын болып табылады.

Кәсіпорын қару–жарақ пен әскери техниканы күрделі жөндеу мен түрлендіруге және конверсиялық техниканы өндіруге маманданған.
Өндірісті ұйымдастыруға қажетті барлық лицензиялар мен сертификаттар бар. ISO 9001:2008 сапа менеджменті жүйесі енгізілген және жұмыс жасайды.

| Атауы | Өндіріс көлемі, мың теңге/адам | Табыс — барлығы, мың теңге/адам | Оның ішінде: өнімді сатудан түскен табыс | Жиынтық пайда мың теңге/адам | Еңбек өнімділігі, мың теңге/адам |
|---|---|---|---|---|---|
| 2011 жыл — факт | 1 526 311 | 1 719 523 | 1 708 154 | 435 818 | 9 140 |
| 2012 жыл — факт | 6 017 757 | 6 093 337 | 6 031 823 | 489 424 | 11 573 |

## «ОМЕГА» АСПАП ЖАСАУ ЗАУЫТЫ» АҚ

«Омега» аспап жасау зауыты» АҚ 1972 жылы құрылды және КСРО Кеме өнеркәсібі министрлігі құрамына кірді, кеме тетіктерін басқаруға арналған жүйелер мен кешендер, кемеішілік байланыс аппаратурасы, кеме аспап құрылысының дәл механикасы бұйымдарының өндірісі саласында маманданды.

Кәсіпорында өндірістің келесі түрлері орныққан:

- әзірлеушілік
- құралдық
- металл өңдеуші
- монтаждаушы–жинаушы
- пластмассалы және резеңке техникалық өнімдер өндірісі
- ауыз суды әзірлеуге арналған қондырғылар өндірісі.

Қазақстан темір жолының жылжымалы құрамына арналған қосалқы бөлшектердің, жылжымалы құрамға арналған бөлшектер мен түйіндердің кең ауқымын өндіру және жеткізу ұйымдастырылған.

Кәсіпорын темір жол қондырғысы, жылжымалы құрамға арналған бөлшектер мен түйіндер, арнайы өнім мен қос қолданыс өнімдері, АӨК өнімдерінің өндірісіне маманданған.

2012 жылы зауыт өзінің 40 жылдық мерейтойын атап өтті.

Өндірісті ұйымдастыруға қажетті барлық лицензиялар мен сертификаттары бар. ISO 9001:2008 сапа менеджменті жүйесі енгізілген және жұмыс жасайды.

| Атауы | Өндіріс көлемі, мың теңге/адам | Табыс - барлығы, мың теңге/адам | Оның ішінде: өнімді сатудан түскен табыс | Жиынтық пайда мың теңге/адам | Еңбек өнімділігі, мың теңге/адам |
|---|---|---|---|---|---|
| 2011 жыл — факт | 482 817 | 547 498 | 515 920 | 18 341 | 2 962 |
| 2012 жыл — факт | 628 326 | 1 053 139 | 624 921 | 237 924 | 3 510 |

## «ҚАЗАҚСТАН ИНЖИНИРИНГ» ҒЗИ» ЖШС

«Қару–жарақты басқару жүйелерін енгізудің бірыңғай орталығы» ЖШС «Қазақстан инжиниринг» ғылыми–зерттеу институты» ЖШС ретінде қайта құрылып, ғылыми және ғылыми–техникалық қызмет субъектісі ретінде аккредиттелді; әзірлемелер мен өндірісті, оқ–дәрілерді, қару–жарақты және әскери техниканы, қосалқы бөлшектерді, құраушы бұйымдар мен олардың аспаптарын; арнайы материалдарды олардың өндірісіне арналған қондырғыны жөндеуді, оның ішінде монтаж–ды, реттеуді, түрлендіруді, орнатуды, сақтауды, жөндеу мен сервистік қызмет көрсетуді жүргізуге лицензиялар алынды. Ауқымды нарық пен сұраныстың артуына бай–ланысты инжинирингтік бағытты EPC(M) келісімшарттар бағытында дамыту туралы шешім қабылданды, ол мы–наларды қамтиды:

- экспортоориентациялау арқылы ішкі нарықтағы инжинирингтік қызметтер нарығын дамыту;
- жаңа технологиялар енгізу (әзірлеу және трансфер);
- инжиниринг саласындағы қызметтер сапасын арттыру;
- өзіндік өндірістік әлеуетті дамыту.

| р/б № | Көрсеткіштер | 2012 ж. бек. жоспар | 12 ай 2012 ж./ нақты |
|---|---|---|---|
| 1 | Табыстар, барлығы | 92 738 | 153 335 |
| 2 | Шығыстар, барлығы | 86 301 | 154 470 |
| | Қаржылық нәтиже | 5 150 | (1 335) |

## «ҚАЗАҚСТАН АВИАЦИЯЛЫҚ ИНДУСТРИЯСЫ» ЖШС

Кәсіпорын «Астана қаласында авиациялық–техникалық орталық құру» жобасын жүзеге асыру үшін құрылды. Аталмыш жоба мына бағыттар бойынша жүргізіледі:

- «CessnaAircraftCompany» компаниясының үлгілік қатарына қызмет көрсету және құрастыру.
- Ресейлік өндірушілердің тікұшақтарына техника–лық қызмет көрсету және жөндеу.
- Майдан авиациясы ұшақтарына техникалық қыз–мет көрсету және жөндеу.
- Әскери–көлік авиациясының ұшақтарына сер–вистік қызмет көрсету.

## «ҚАЗАҚСТАН ASELSAN ИНЖИНИРИНГ» ЖШС

«Қазақстан ASELSAN инжиниринг» ЖШС 2011 жыл–дың 18 сәуірінде құрылды.

Бірлескен кәсіпорынның құрылтайшылары: «Қазақ–стан инжиниринг» ҰК» (50%), ASELSAN түрік ком–паниясы (49%) және Түркияның Қорғаныс өнеркәсібі комитеті (1%).

Бірлескен кәсіпорынның қызметі электрондық–оптикалық аспаптар өндірісі болып табылады. 2012 жылы кәсіпорын құрылтайшылары шығарылатын өнім желісін кеңейтуге мүмкіндік беретін бірлескен келісімге қол қойды. Сондай–ақ кәсіпорын «Еврокоптер Қазақстан инжини–ринг» ЖШС–мен өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойды. Оның аясында тараптар «Еврокоп–тер Қазақстан инжиниринг» ЖШС өндіретін ЕС–145 тікұшақтарына электрондық–оптикалық қондырғы ор–нату мүмкіндігін игеруге дайын.

ISO 9001:2008, ISO 14001, AGAP–160, AGAP–2110, OHSAS 18001, AS9100 сияқты авиациядағы, қоршаған ортадағы, кәсіби қауіпсіздік пен денсаулықтағы ме–неджмент және сапа жүйесі енгізілген және жұмыс жасайды.

2013 жылы электрондық–оптикалық қондырғы өндірісі бойынша зауыт пайдалануға беріледі.

## «КАМАЗ ИНЖИНИРИНГ» АҚ

«Камаз инжиниринг» АҚ 2005 жылдың 31 мамырын–да құрылды. Компанияның бірлескен құрылтайшысы «Камаз» ААҚ болып табылады.

«Камаз инжиниринг» АҚ — бұл Қазақстандағы Камаз көліктерінің негізінде жүк көліктері мен арнайы техни–каны жинайтын бірінші зауыт.

Қазақстан Республикасында жүк көліктерін өндіру бойынша көшбасшы болып табылады.

Зауыт құрылған сәттен бастап, алты мыңнан астам көлік пен арнайы техника өндірілді, олар Республика экономикасының көптеген салаларында, атап айтқанда, күш құрылымдарында, ТЖМ, жол құрылысында, ауыл шаруашылығында қолданыс табуда.

Үлгілік қатары 30–ға жуық арнайы және екіұдай мақсаттағы техниканы құрайды.

Өндірісті ұйымдастыруға қажетті барлық лицензиялар мен сертификаттар бар.

ISO 9001:2008 сапа менеджменті жүйесі енгізілген және жұмыс жасайды.

## «ТАЛЕС ҚАЗАҚСТАН ИНЖИНИРИНГ» ЖШС

«Талес Қазақстан Инжиниринг» ЖШС 2008 жылдың маусымында Француз Республикасына жасалған ресми сапар нәтижесінде Елбасының берген тапсыр–масын орындау мақсатында 2009 жылдың мамырында құрылды.

Бірлескен кәсіпорынның құрылтайшылары «Қазақс–тан инжиниринг» ҰК» АҚ — 50%, «Талес Қазақстан» ЖШС — 40% (Франция), «Thalescommunication&security S.A.» компаниясы — 10% (Франция). Кәсіпорын электронды қондырғыны, үйелерді және/немесе бағдарламалық қамсыздандыруды әзірлеуге, өндіруге және сатуға, және онымен байланысты қызметтерді ұсынуға; қорғаныс нарығына арналған радио мен коммуникациялық қондырғыны сатуға және оған техникалық қызмет көрсетуге маманданған.

## «ИНДРА ҚАЗАҚСТАН ИНЖИНИРИНГ» ЖШС

«Индра Қазақстан инжиниринг» ЖШС 2011 жылдың 28 маусымында құрылды.

Бірлескен кәсіпорынның құрылтайшылары: «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ (49%) және Испаниялық «Индра Системас, С.А.» компаниясы (51%).
Қызметтің негізгі түрлері — қазақстандық тарапқа заманауи технологияларды трансферттеу негізінде қорғаныстық мәндегі радиоэлектронды жүйелерді өндіру және техникалық қызмет көрсету.

## «ЕВРОКОПТЕР ҚАЗАҚСТАН ИНЖИНИРИНГ» ЖШС

«Еврокоптер Қазақстан инжиниринг» ЖШС 2010 жылдың желтоқсанында құрылды.

Тең құқықты негізде пайда болған бірлескен кәсіп–орынның құрылтайшылары «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ және EADS концернінің еншілес компаниясы — «Eurocopter» болып табылады.

Зауыт механикалық түйіндерге қызмет көрсету, та–бақтық металл бұйымдарын жөндеу, электр қондырғы мен борттық радиоэлектрониканы жөндеу, композиттік материалдардан жасалған бұйымдар мен қалақтарды жөндеу шеберханаларымен, қозғалтқыштарды, гидравликалық қондырғыны жөндеу бойын–ша шеберханалармен, техникалық қызмет көрсету және бояу бойынша жұмыстарды жүргізуге арналған жайлармен, дербес қазандықпен, қойма жайларымен жабдықталған.

Қызметтің негізгі түрлері:

- ЕС–145 тікұшақтарын құрастыру, сату, техникалық қызмет көрсету;
- персоналды: әлеуетті тапсырыс берушілердің ұш–қыш және техникалық құрамын оқыту.

## «ЗИКСТО» АҚ

«ЗИКСТО» АҚ «В.В. Куйбышев атындағы машина жасау зауыты» АҚ мемлекеттік кәсіпорнын қайта құру арқылы ашылды.

Кәсіпорын ірі теміржол торабы — Петропавл қаласында орналасқан. Бұл кәсіпорынды шикізатпен және материалдармен қамтамасыз ету, сондай–ақ дайын өнімді тиеп жіберу үшін қолайлы жағдай туғызады.

Кәсіпорын жүк вагондарын, астық тасымалдауға арналған жабық хоппер–вагондарды, контейнер–тасымалдағыштарды өндіруге, вагон мен оның құраушы бөліктерін күрделі жөндеуден өткізуге, вагон мен оның құраушы бөліктерін күрделі жөндеу мен жөндеудің басқа да түрлерінен өткізуге, мұнай–газ, энергетикалық кешендерге арналған өнімдерді, жалпы өнеркәсіптік тауарлар мен халықтық тұтыным тауарларын өндіруге маманданған.

Өндірісті ұйымдастыруға қажетті барлық лицензиялар мен сертификаттар бар.

ISO 9001:2008 сапа менеджменті жүйесі енгізілген және жұмыс жасайды.





2012 | «ҚАЗАҚСТАН ИНЖИНИРИНГ» ҰК» АҚ ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІ

# АЛДАҒЫ КЕЗЕҢДЕРГЕ АРНАЛҒАН ЖОСПАРЛАР

2013 жылы Компания активтері құнын 66 327 млн теңгеге дейін көтеру Компанияның даму жоспарында қарастырылған және Компанияның инвестициялық жобаларын жүзеге асыру үшін республикалық бюджет қаражатынан қаржыландырылатын негізгі құралдар, инвестициялар, ТМҚ құнын арттыру арқылы, сондай-ақ Компанияның облигациялық бағдарламасының аясындағы өзіндік және тартылған қаражаттар есебінен арттыру жоспарланып отыр.

Сонымен қатар, еңбек өнімділігін (Компаниялар тобы бойынша өндірілген өнім көлемі/кезең ішіндегі жоспарланатын (нақты) саны) әрбір қызметкерге 12,1 млн теңге деңгейіне дейін арттыру көзделіп отыр.

2012 жыл нәтижесі бойынша еңбек өнімділігі әрбір қызметкерге 10,8 млн теңгені құрады. Компания кәсіпорындарының еңбек өнімділігін арттыру келесі бағыттарды жүзеге асырумен байланысты орындалатын болады:

- жұмыс жасаушы кәсіпорындарды жетілдіру, технологиялар трансферті;
- персонал біліктілігін арттыру (мамандарды оқыту, қайта дайындау);
- жұмыс жасаушы кәсіпорындар негізінде ҒЗТКӘ дамыту.

Жаңа бағыт — Инжинирингті құру және дамыту жоспарлануда, оның көлемін 7 72 млн теңге деңгейіне дейін жеткізу жоспарланып отыр.

EPC-контрактер құру бойынша жұмыс жүргізілетін болады. Жүзеге асыру бойынша келісімшарттарда шығарылатын өнімнің сервисі және ары қарайғы қызмет көрсетуі қарастырылады, бұл қызмет ету мерзімін арттырып, кешенді қарауды қамтамасыз етеді.

7 712 млн теңге мөлшеріндегі инжинирингтік қызметтер көлеміне 2013 жылдың соңына дейін Компанияның еншілес ұйымдары тарапынан қол жеткізіледі.

Өндірісті жетілдіру мен жаңарту, сондай-ақ жаңа 150 жұмыс орнын ашу жоспарланып отыр. Компания кәсіпорындарының өндірісін жетілдіру, жаңарту келесі бағыттар бойынша жүзеге асады:

- жоғары технологиялы қондырғыны сатып алу арқылы физикалық және моральдық тұрғыдан ескірген қондырғыны;
- арнайы көлік пен тетіктерді ауыстыру;
- технологиялар трансферті;
- өндірістік жайлар мен қондырғыларды реконструкциялау, күрделі жөндеу, учаскелердің орналасу кестесін өзгерту, зауытішілік көлік лектерін оңтайландыру, жаңа нысандарды салу;
- өндірісті автоматтандыру, заманауи техника мен бағдарламалық қамсыздандыру сатып алу.

Соңғы 3 жыл ішінде Компаниялар тобы бойынша 650-ге жуық жаңа жұмыс орны ашылды.

2013 жылға көзделген кезекті үлкен тапсырма Қазақстан Республикасының аумағында электронды-оптикалық аспаптар өндірісі бойынша орталық ашу болып табылады.

«Қазақстан Aselsan инжиниринг» ЖШС бірлескен кәсіпорны келесідей өнімдерді шығаруды жоспарлап отыр: түнгі көру аспаптары, жылувизорлар, нысаналар (оптикалық және жылувизиялық линзалар өндірісі игерілетін болады), ескери радиостансалар, ҚР, жақын шетел елдерінің күш ведомстволарына арналған байланыс жүйелері.

**7 712**

**млн теңге**

Компанияның еншілес ұйымдары 2013 жылдың соңына дейін қол жеткізетін инжинирингтік қызметтердің жоспарланған көлемі

Сондай-ақ, «Еврокоптер Қазақстан инжиниринг» ЖШС-мен бірлесіп, тікұшақтар авионикасы жүйелерін жетілдіру жүзеге асырылады. Өндірістік қуатты жұмыс орындарының санын 200 адам етіп, жылына 5 450 данаға дейін жеткізу жоспарланып отыр.

Компания Қазақстан Республикасының Қарулы күштері, басқа әскерлері мен әскери құрылымдарын технологиялық жетілдірудің және қару-жарақ пен әскери техника өндірісін дамытудың 2011-2015 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын орындау аясында бронды техниканы жөндеу мен жетілдірудің жаңа түрлерін игеріп, ары қарай әлемдік қару-жарақ нарығына шығу мақсатында «Семей инжиниринг» АҚ өндірісін жетілдіруді орындайды. Жоба құны 2,8 млрд теңгені құрайды. Жылына кем дегенде бронды техниканың 100 бірлігін күрделі жөндеу және жетілдіру жоспарлануда.

## КОМПАНИЯ СЕРІКТЕСТЕРІ:

- «Укроборонпром» МК (Украина) — өздігінен жүретін артиллериялық қондырғыны күрделі жөндеуден өткізудің жаңа түрін игеру мақсатында заманауи технологиялық қондырғыны жеткізу.
- «Уралвагонзавод» ҒӨК» ААҚ — бронды техниканы жетілдіруді және Т-72 танкілерін ЖЖМТ-ға және ауыр инженерлік техникаға қайта жабдықтауды ұйымдастыру мақсатында заманауи технологиялық қондырғыны жеткізу.

2013 жылға жоспарланған тағы бір ірі инвестициялық жоба «IndraSystemasS.A.» компаниясымен бірге «Цикада-Р» РЭК және «LANZA» РЛС жүйелерінің құрастыру өндірісін құру болып табылады.

Бірлескен кәсіпорын қазіргі таңда ҚР ҚМ-мен жасалған МҚТ шарттары аясында тапсырыстарға ие және оларды орындауда.

2013 жылы өндірістік жайлардағы жөндеу жұмыстарын аяқтап, толықтай жобалық қуатқа шығу жоспарланып отыр.

Өткізу көлемдерін арттыруға жаңа өндірістерді ашу, кәсіпорындарды жетілдіру, қуатты арттыру және Компанияның жаңа өткізу нарықтарына шығуы ықпал етеді.

Компания сондай-ақ Компания дамуының жаңа бағыттары көрініс табатын 2013-2022 жылдарға арналған Компанияның даму стратегиясын бекітуді жоспарлап отыр.



2012 | «ҚАЗАҚСТАН ИНЖИНИРИНГ» ҰК» АҚ ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП

# ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕП

# БАСШЫЛЫҚТЫҢ 2012 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫ

## АЯҚТАЛАТЫН ЖЫЛҒА ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІ ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ БЕКІТУ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ТУРАЛЫ РАСТАУЫ

«Қазақстан Инжиниринг» ұлттық компаниясы» АҚ (бұдан әрі — «Компания») және оның еншілес кәсіпорындарының (бұдан әрі — «Топ») басшылығы барлық маңызды аспектілерде Топтың 2012 жылдың 31 желтоқсанына дейінгі шоғырландырылған қаржылық күйін, сондай–ақ ның қызметінің шоғырландырылған нәтижелерін, ақшалай құралдарының қозғалысы мен көрсетілген күнге аяқталатын жыл ішіндегі капитал өзгерісін сенімді сипаттайтын шоғырландырылған қаржылық есептің Халықаралық қаржылық есеп стандарттарына («ХҚЕС») сәйкес дайындалуы үшін жауап береді.

Шоғырландырылған қаржылық есепті дайындауда басшылық төмендегілер үшін жауапкершілік арқалайды:

- есеп саясатының дұрыс таңдалуы мен оның қағидаларының қолданылуын қамтамасыз ету;
- ақпаратты, атап айтқанда, есеп саясаты туралы мәліметтерді ақпараттың қисындылығы, сенімділігі, салыстырмалығы мен түсініктілігі қамтамасыз етілетін үлгіде ұсыну;
- ХҚЕС талаптарын орындау белгілі бір мәмілелер, сондай–ақ өзге де оқиғалар немесе жағдаяттар шоғырландырылған қаржылық жағдайға және Топ қызметінің шоғырландырылған қаржылық нәтижелеріне ықпал ететін дәрежеде қолданушылардың есептілікті түсінуі үшін жеткіліксіз болғанда, қосымша ақпараттарды ашу;
- Топтың болжанатын болашақта қызметін жалғастыра алу қабілетін бағалау.

Топ басшылығы сондай–ақ мыналар үшін де жауапкершілік арқалайды:

- Топтың барлық кәсіпорындарындағы ішкі бақылаудың тиімді әрі сенімді жүйесін әзірлеу, енгізу және ұстап тұру;
- Топ мәмілелерін ашуға және түсіндіруге мүмкіндік беретін нысанда есеп жүргізу, сондай–ақ кез келген күні Топтың шоғырландырылған күйі туралы жеткілікті деңгейде дәлме–дәл ақпаратты ұсыну, шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ХҚЕС талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету;
- ХҚЕС және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, бухгалтерлік есеп жүргізу;
- Топ активтерінің сақталуын қамтамасыз ету бойынша барлық қисынды ықтималды шараларды қабылдау;
- алаяқтық және басқа да қиянат етушілік деректерін анықтау және болдырмау.

Топ басшылығы атынан

Жетенова А.К.
Басқарушы директор

Мұқышев Б.А.
Корпоративтік қаржы және бухгалтерлік есеп департаментінің директоры–бас бухгалтер

2013 ж. 15 наурыз
Қазақстан, Астана қ.



# ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАР ЕСЕБІ

«Қазақстан Инжиниринг» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы акционеріне және Директорлар кеңесіне: Біз «Қазақстан Инжиниринг» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы мен оның еншілес кәсіпорындарының (бұдан әрі – «Топ») 2012 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП пен осы күнге аяқталатын жыл ішіндегі жиынтық табыс, капитал өзгерісі мен ақшалай құралдар қозғалысы туралы шоғырландырылған есептерді қамтитын қоса беріліп отырған шоғырландырылған қаржылық есептілікке, сондай–ақ есеп саясаты мен басқа да түсіндірмелердің негізгі қағидасының ашылуына аудит жүргіздік.

### ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК ҮШІН БАСШЫЛЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

Басшылық Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес осы шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындауға және сенімді ұсынуға, сондай–ақ басшылық арам ниетті іс–қимылдар мен қателер салдарынан елеулі бұрмаланулары жоқ шоғырландырылған қаржылық есептілік дайындау үшін қажетті ішкі бақылау жүйесін құру үшін жауапкершілік танытады.

### АУДИТОРЛАР ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

Біздің жауапкершілігіміз өзіміз жүргізген аудит негізінде осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің сенімділігі туралы пікір білдіруге саяды. Біз Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес аудит жүргіздік. Бұл стандарттар аудиторлардың этикалық нормаларды сақтауын, сондай–ақ аудитті шоғырландырылған қаржылық есептіліктің елеулі бұрмаланулары жоқ екендігіне жеткілікті сенімділік туындайтындай етіп жоспарлауды және жүргізуді талап етеді. Аудит сандық көрсеткіштер мен шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелерге қатысты аудиторлық дәлелдемелерді алуға қажетті шаралардың жүргізілуін қамтиды. Шараларды таңдау өз мақсатында пайдалану мен қателер салдарынан шоғырландырылған қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану қауіптерін бағалауды қосқанда, аудитордың кәсіби талдауына негізделеді. Мұндай қауіптерді бағалау аталмыш жағдайларда қолданылатын аудиторлық шараларды әзірлеу мақсатында алайда ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікірді білдіруге арналмаған, шоғырландырылған қаржылық есептіліктің дайындалуы мен сенімділігін ішкі бақылау жүйесін қарастыруды қамтиды. Аудит сондай–ақ қолданылатын есеп саясатының тиісті сипаттағы бағалауын, басшылыққа алынған бағалау көрсеткіштерінің негізділігін, сондай–ақ тұтастай алғанда шоғырландырылған қаржылық есептілік ұсынуды бағалауды қамтиды. Біз, алған аудиторлық дәлелдемелер біздің пікі–рімізді сипаттау үшін жеткілікті әрі тиісінше негізді деп санаймыз.

### ПІКІР

Біздің пікірімізше, шоғырландырылған қаржылық есептілік барлық маңызды аспектілерде Топтың 2012 жылдың 31 желтоқсанына дейінгі шоғырландырылған қаржылық күйін, сондай–ақ оның қызметінің нәтижелері мен ақшалай құралдарының көрсетілген күнге аяқталатын жыл ішіндегі қозғалысын Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес сенімді сипаттайды.

Гутова Татьяна
Тапсырма бойынша серіктес,
Білікті аудитор
Біліктілік куәлігі №0000314
1996 жылы 23 желтоқсанда берілген
Қазақстан Республикасы

«Делойт» ЖШС
Қазақстан Республикасында аудит торлық қызметпен айналысуға берілген мемлекеттік лицензия №0000015, МФЮ–2 түрі, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 2006 жылдың 13 қыркүйегінде берімген.

Нұрлан Бекенов
«Делойт» ЖШС
бас директоры

2013 ж. 15 наурыз
Қазақстан, Астана қ.

«ҚАЗАҚСТАН ИНЖИНИРИНГ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЕНШІЛЕС КӘСІПОРЫНДАРЫ

2012 Ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ ЖАЙ–КҮЙ БОЙЫНША ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (МЫҢ ТЕҢГЕ)

| | Ескертпелер | 2012 жыл 31 желтоқсан | 2011 жыл 31 желтоқсан |
|---|---|---|---|
| АКТИВТЕР<br>ҰЗАҚМЕРЗІМДІ АКТИВТЕР: | | | |
| Негізгі құралдар | 6 | 10,146,158 | 7,298,784 |
| Материалдық емес активтер | 7 | 212,306 | 164,779 |
| Қауымдасқан және бірлесіп бақыланатын кәсіпорындарға құйылатын инвестициялар | 8 | 4,267,076 | 3,516,279 |
| Басқа ұзақмерзімді активтер | 9 | 1,063,235 | 342,252 |
| Кейіне қалдырылған салық активтері | 33 | 213,691 | 132,567 |
| Жылжымайтын мүлікке құйылатын инвестициялар | | 45,196 | 54,753 |
| Ұзақмерзімді инвестициялар | | 4,417 | 4,417 |
| Ұзақмерзімді активтердің барлығы | | 15,952,079 | 11,513,831 |
| АҒЫМДАҒЫ АКТИВТЕР: | | | |
| Тауарлық–материалдық қорлар | 10 | 10,887,246 | 8,197,964 |
| Сауда дебиторлық берешегі | 11 | 1,817,049 | 1,159,342 |
| Табыс салығы бойынша алдын ала төлем | | 146,397 | 79,156 |
| Өтелетін басқа салықтар | 12 | 641,505 | 557,558 |
| Қолданысы шектеулі ақшалай құралдар | 13 | 87,062 | 82,391 |
| Басқа ағымдағы активтер | 14 | 6,296,234 | 2,268,510 |
| Ақшалай құралдар мен олардың баламалары | 15 | 10,114,635 | 3,485,674 |
| | | 29,990,128 | 15,830,595 |
| Сатуға арналған ұзақмерзімді активтер | | 1,832 | 64,004 |
| Ағымдағы активтердің барлығы | | 29,991,960 | 15,894,599 |
| БАРЛЫҚ АКТИВТЕР | | 45,944,039 | 27,408,430 |



«ҚАЗАҚСТАН ИНЖИНИРИНГ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЕНШІЛЕС КӘСІПОРЫНДАРЫ

2012 Ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ ЖАЙ–КҮЙ БОЙЫНША ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (МЫҢ ТЕҢГЕ)

| | Ескертпелер | 2012 жыл 31 желтоқсан | 2011 жыл 31 желтоқсан |
|---|---|---|---|
| КАПИТАЛ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕМЕЛЕР<br>КАПИТАЛ: | | | |
| Жарғылық капитал | 16 | 12,101,802 | 12,101,802 |
| Қосымша төленген капитал | 17 | 743,301 | 522,835 |
| Бөлінбеген пайда | | 7,696,411 | 3,874,545 |
| Негізгі компания Акционеріне қатысты капитал | | 20,541,514 | 16,499,182 |
| Бақыланбайтын иелік үлестері | 18 | 561,383 | 573,174 |
| Барлық капитал | | 21,102,897 | 17,072,356 |
| ҰЗАҚМЕРЗІМДІ МІНДЕТТЕМЕЛЕР | | | |
| Қарыздар | 19 | 462,327 | 539,164 |
| Шығарылған қарыздық бағалы қағаздар | 20 | 4,327,836 | |
| Қаржылық жалға беру бойынша міндеттемелер | 21 | 1,415,843 | 479,222 |
| Басқа ұзақмерзімді міндеттемелер | 22 | 218,216 | 866,309 |
| Кейінге қалдырылған салықтық міндеттемелер | 33 | 639,649 | 642,935 |
| Артықшылықты акциялардың қарыздық компоненті | | 205,072 | 197,846 |
| Барлық ұзақмерзімді міндеттемелер | | 7,268,943 | 2,725,476 |

«ҚАЗАҚСТАН ИНЖИНИРИНГ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЕНШІЛЕС КӘСІПОРЫНДАРЫ

## 2012 Ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ ЖАЙ–КҮЙ БОЙЫНША ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (МЫҢ ТЕҢГЕ)

| | Ескертпелер | 2012 жыл 31 желтоқсан | 2011 жыл 31 желтоқсан |
|---|---|---|---|
| АҒЫМДАҒЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР: | | | |
| Қарыздар және ұзақмерзімді қарыздардың ағымдағы бөлігі | 19 | 6,220,430 | 2,440,297 |
| Шығарылған қарыздық бағалы қағаздардың ағымдағы бөлігі | 20 | 34,005 | – |
| Қаржылық жалдау бойынша міндеттемелердің ағымдағы бөлігі | 21 | 345,031 | 152,792 |
| Пайызда және шығын арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржылық міндеттемелер | 21 | 204,370 | 183,230 |
| Сауда кредиторлық берешегі | 23 | 3,911,553 | 719,931 |
| Табыс салығы бойынша берешек | | 236,113 | 156,278 |
| Салық бойынша берешек | 24 | 1,427,207 | 1,024,415 |
| Басқа ағымдағы міндеттемелер | 25 | 5,193,490 | 2,933,655 |
| Барлық ағымдағы міндеттемелер | | 17,572,199 | 7,610,598 |
| БАРЛЫҚ КАПИТАЛ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕМЕЛЕР | | 45,944,039 | 27,408,430 |

Топ басшылығы атынан

Жетенова А.К.
Басқарушы директор

Мұқышев Б.А.
Корпоративтік қаржы және бухгалтерлік есеп департаментінің директоры–бас бухгалтер

2013 ж. 15 наурыз
Қазақстан, Астана қ.



«ҚАЗАҚСТАН ИНЖИНИРИНГ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЕНШІЛЕС КӘСІПОРЫНДАРЫ

## 2012 Ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛАТЫН ЖЫЛДАҒЫ ЖИЫНТЫҚ ТАБЫС ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (МЫҢ ТЕҢГЕ)

| | Ескертпелер | 2012 жыл | 2011 жыл |
|---|---|---|---|
| ТАБЫСТАР | 26 | 52,153,614 | 33,623,194 |
| ӨЗІНДІК ҚҰН | 27 | (43,392,917) | (28,222,723) |
| ЖАЛПЫ ПАЙДА | | 8,760,697 | 5,400,471 |
| Жалпы және әкімшілік шығыстар | 28 | (3,807,427) | (2,855,658) |
| Өткізу бойынша шығыстар | 29 | (841,849) | (640,484) |
| Басқа пайдалар мен шығындар | 30 | 618,165 | 502,530 |
| Бағам айырмасынан болатын табыс/(шығын), таза | | (21,272) | 50,374 |
| Қауымдасқан және бірлесіп бақыланатын кәсіпорындар пайдасындағы үлес | 8 | 997,227 | 727,527 |
| Пайда және шығындар арқылы пайда болатын қаржылық міндеттемелер бойынша шығын | 21 | (21,140) | (28,417) |
| Қаржылық табыстар | 31 | 314,818 | 79,531 |
| Қаржылық шығыстар | 32 | (790,886) | (389,858) |
| ТАБЫС САЛЫҒЫ БОЙЫНША ШЫҒЫСТАРДЫ ЕСЕПКЕ АЛҒАНҒА ДЕЙІНГІ ПАЙДА | | 5,208,333 | 2,846,016 |
| ТАБЫС САЛЫҒЫ БОЙЫНША ШЫҒЫСТАР | 33 | (670,367) | (581,929) |
| Жалғасатын қызметтен түсетін жыл ішіндегі пайда | | 4,537,966 | 2,264,087 |
| Тоқтайтын қызметтен түсетін жыл ішіндегі пайда | 34 | 20,580 | – |
| ЖЫЛ ІШІНДЕГІ ТАЗА ПАЙДА ЖӘНЕ БАРЛЫҚ ЖИЫНТЫҚ ТАБЫС | | 4,558,546 | 2,264,087 |
| Негізгі компания акционеріне | | 4,522,297 | 2,149,510 |
| Бақыланбайтын иелік үлестеріне | | 36,249 | 114,577 |
| қатысты таза пайда және барлық жиынтық табыс | 18 | 4,558,546 | 2,264,087 |

«ҚАЗАҚСТАН ИНЖИНИРИНГ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ
ЖӘНЕ ОНЫҢ ЕНШІЛЕС КӘСІПОРЫНДАРЫ

2012 Ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛАТЫН ЖЫЛДАҒЫ
КАПИТАЛ ӨЗГЕРІСІ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП
(МЫҢ ТЕҢГЕ)

| | Ескертпелер | Жарғылық капитал | Қосымша төленген капитал | Бөлінбеген пайда | Компанияның негізгі акционеріне қатысты капитал | Бақыланбайтын иелік үлестері | Барлығы |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 2011 ж. 1 қаңтары | | 12,101,802 | 522,835 | 1,856,543 | 14,481,180 | 458,597 | 14,939,777 |
| Барлық пайда мен жыл ішіндегі жиынтық табыс | | – | – | 2,149,510 | 2,149,510 | 114,577 | 2,264,087 |
| Артықшылықты акциялардың қарыздық компонентін бағалау | | – | – | (15,508) | (15,508) | – | (15,508) |
| Дивидендтер | 16 | – | – | (116,000) | (116,000) | – | (116,000) |
| 2011ж. 31 желтоқсан | | 12,101,802 | 522,835 | 3,874,545 | 16,499,182 | 573,174 | 17,072,356 |
| Барлық пайда мен жыл ішіндегі жиынтық табыс | | – | – | 4,522,297 | 4,522,297 | 36,249 | 4,558,546 |
| 55,117 мың теңге сомасындағы кейінге қалдырылған салық әсерін шегере отырып, Акционерден алынған қарыз бойынша әділ құнға дейін түзету | 19 | – | 220,466 | – | 220,466 | – | 220,466 |
| Артықшылықты акциялардың қарыздық компонентін бағалау | | – | – | (7,226) | (7,226) | – | (7,226) |
| Дивидендтер | 16, 18 | – | – | (693,205) | (693,205) | (48,040) | (741,245) |
| 2012 ж. 31 желтоқсаны | | 12,101,802 | 743,301 | 7,696,411 | 20,541,514 | 561,383 | 21,102,897 |

Топ басшылығы атынан

Жетенова А.К.
Басқарушы директор

Мұқышев Б.А.
Корпоративтік қаржы және бухгалтерлік есеп департаментінің директоры–бас бухгалтер

2013 ж. 15 наурыз
Қазақстан, Астана қ.

| | Ескертпелер | 2012 жыл | 2011 жыл |
|---|---|---|---|
| ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ: | | | |
| Табыс салығы бойынша шығыстарды есепке алғанға дейінгі пайда | | 5,228,913 | 2,846,016 |
| Мыналар бойынша түзету: | | | |
| Амортизация мен тозу | 27, 28, 29, 30 | 621,234 | 644,860 |
| Негізгі құралдардың құнсыздануы | 30 | – | 24,925 |
| Күдікті қарыздар бойынша резерв | 28 | 32,936 | (38,304) |
| Өтімсіз тауарлық–материалдық қорлар бойынша резерв | 28 | (56,046) | 56,078 |
| Негізгі құралдар мен материалдық активтердің кетуінен түсетін пайда | 30 | (532,944) | (393,664) |
| Бағам айырмасынан пайда болатын шығын/(пайда) | | 21,272 | (50,374) |
| Инвестициялардың шығуынан болатын шығын | | (40,371) | 1,074 |
| Қауымдасқан және бірлесіп бақыланатын ұйымдар пайдасындағы үлес | 8 | (997,227) | (727,527) |
| Пайда және шығын арқылы қаржылық міндеттемелер бойынша шығын | 21 | 21,140 | 28,417 |
| Кепілді міндеттемелер бойынша резерв | | 371,036 | 113,830 |
| Қолданылмаған демалыстар бойынша резерв | | 524,442 | 145,423 |
| Қызмет көрсету бойынша шығыстарды (қалпына келтіру)/есептеу | | (392,792) | 392,792 |
| Басқа резервтер | 32 | 145,840 | (5,109) |
| Қаржылық табыстар | | (95,377) | – |
| Қаржылық шығыстар | | 790,886 | 389,858 |
| Айналымдық капиталдағы өзгеріске дейінгі операциялық қызметтен түсетін ақшалай құралдардың қозғалысы | | 5,642,942 | 3,428,295 |



«ҚАЗАҚСТАН ИНЖИНИРИНГ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЕНШІЛЕС КӘСІПОРЫНДАРЫ

2012 Ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛАТЫН ЖЫЛДАҒЫ АҚШАЛАЙ ҚҰРАЛДАР ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (МЫҢ ТЕҢГЕ)

| | Ескертпелер | 2012 жыл | 2011 жыл |
|---|---|---|---|
| Айналымдық капитал баптарындағы өзгерістер: | | | |
| Тауарлық–материалдық қорлардың өзгерісі<br>Сауда дебиторлық берешектің өзгерісі | | (2,704,973)<br>(664,257) | (2,397,235)<br>31,889 |
| Қосылған құн салығының өзгерісі және өтелетін басқа да салықтар | | 64,934 | (297,376) |
| Басқа активтердің өзгерісі | | (2,034,694) | (1,407,251) |
| Сауда кредиторлық берешектің өзгерісі | | 3,184,505 | (632,907) |
| Салықтар бойынша берешектің өзгерісі | | 353,571 | 583,074 |
| Басқа міндеттемелердің өзгерісі | | 813,679 | (1,089,175) |
| Операциялық қызметтен алынған /(қолданылған) ақшалай құралдар | | 4,655,707 | (1,780,686) |
| Төленген пайыздар | | (445,596) | (357,820) |
| Төленген табыс салығы | | (736,242) | (537,364) |
| Операциялық қызметтен алынған /(қолданылған) таза ақшалай құралдар | | 3,473,869 | (2,675,870) |
| ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ: | | | |
| Негізгі құралдарды сатып алу | | (2,002,753) | (717,633) |
| Материалдық емес активтерді сатып алу | 9 | (107,141) | (22,537) |
| Ұзақмерзімді активтер үшін берілген аванстар | | (921,130) | (240,249) |
| Қауымдасқан кәсіпорындарға инвестициялар сатып алу | | – | (1,319,595) |
| Берілген қысқамерзімді қарыздар | | (2,200,000) | (307,000) |
| Берілген қарыздарды өтеу | | 54,474 | 307,000 |
| Алынған дивидендтер | | 248,825 | 74,246 |
| Негізгі құралдарды сатудан түскен түсімдер | 34 | 686,898 | 692,098 |

«ҚАЗАҚСТАН ИНЖИНИРИНГ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЕНШІЛЕС КӘСІПОРЫНДАРЫ

2012 Ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛАТЫН ЖЫЛДАҒЫ АҚШАЛАЙ ҚҰРАЛДАР ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (МЫҢ ТЕҢГЕ)

| | Ескертпелер | 2012 жыл | 2011 жыл |
|---|---|---|---|
| Ақшалай құралдарды шегере отырып, еншілес ұйымдарға инвестицияларды жүзеге асыру | | 8,436 | – |
| Қысқамерзімді инвестициялар сатып алу | | (4,671) | (547) |
| Инвестициялық қызметте қолданылған таза ақшалай құралдар | | (4,237,062) | (1,534,217) |
| ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ: | | | |
| Облигацияларды шығару | 20 | 4,317,912 | – |
| Қарыздарды алу | | 9,913,114 | 7,246,081 |
| Қарыздарды өтеу | | (5,990,938) | (5,919,378) |
| Қаржылық жалды өтеу | | (71,999) | (20,373) |
| Төленген дивидендтер | | (775,935) | (77,815) |
| Қаржылық қызметтен алынған таза ақшалай құралдар | | 7,392,154 | 1,228,515 |
| АҚШАЛАЙ ҚҰРАЛДАР МЕН ОЛАРДЫҢ БАЛАМАЛАРЫ | | 6,628,961 | (2,981,572) |
| АҚШАЛАЙ ҚҰРАЛДАР МЕН ОЛАРДЫҢ БАЛАМАЛАРЫНЫҢ ӨЗГЕРІСІ, таза жыл басындағы | 15 | 3,485,674 | 6,467,246 |
| АҚШАЛАЙ ҚҰРАЛДАР МЕН ОЛАРДЫҢ БАЛАМАЛАРЫ жыл соңындағы | 15 | 10,114,635 | 3,485,674 |

Топ басшылығы атынан

Жетенова А.К.
Басқарушы директор

Мұқышев Б.А.
Корпоративтік қаржы және бухгалтерлік есеп департаментінің директоры–бас бухгалтер

2013 ж. 15 наурыз
Қазақстан, Астана қ.



«ҚАЗАҚСТАН ИНЖИНИРИНГ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЕНШІЛЕС КӘСІПОРЫНДАРЫ

2012 Ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛАТЫН ЖЫЛДАҒЫ АҚШАЛАЙ ҚҰРАЛДАР ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (МЫҢ ТЕҢГЕ)

| | 2012 жыл | 2011 жыл |
|---|---|---|
| МАҢЫЗДЫ АҚШАЛАЙ ЕМЕС ОПЕРАЦИЯЛАР: 2012 ЖӘНЕ 2011 ЖЖ. 31 ЖЕЛТОҚСАНДАРЫНА АЯҚТАЛАТЫН ЖЫЛДАРДАҒЫ: | | |
| Қаржылық жалдау бойынша негізгі құралдар мен құраушы материалдар түсімдері (21–ескертпе) | 1,240,676 | – |
| Тауарлық–материалдық қорлардан негізгі құралдарға ауыстыру (6–ескертпе) | 72,713 | – |
| Қауымдасқан ұйымға берілген қарыз бойынша әділ құнға дейін түзету (8–ескертпе) | 72,991 | 13,045 |
| Тауарлық–материалдық қорлардан басқа ұзақмерзімді активтерге ауыстыру | 63,503 | – |
| Қаржылық жалдау бойынша бұрын берілген авансарды есепке алу (9–ескертпе) | 223,582 | – |
| Акционерден алынған қарыздың әділ құнына дейін түзету | 220,466 | – |
| Негізгі құралдар құнына капиталдандырылған қаржылық шығындар | 72,405 | – |
| Дайын өнім мен аяқталмаған өндірістің баланстық құнына есептелген тозу | 38,656 | 1,685 |

Топ басшылығы атынан

Жетенова А.К.
Басқарушы директор

Мұқышев Б.А.
Корпоративтік қаржы және бухгалтерлік есеп департаментінің директоры–бас бухгалтер

2013 ж. 15 наурыз
Қазақстан, Астана қ.

## ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

«Қазақстан инжиниринг» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі — «Қазақстан инжиниринг» немесе «Компания») Қазақстан Республикасының қорғаныстық–өнеркәсіптік индустриясын басқару жүйесін жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 ж. 13 наурыздағы № 244 қаулысына сәйкес құрылды.

Компания 2003 ж. 16 сәуірінде Астана қ. Әділет басқармасында заңды тұлға ретінде тіркелді (тіркеу нөмірі №13659–1901–АҚ). 2005 ж. 20 мамырында Компания Астана қ. Әділет департаментінде заңды тұлға ретінде қайта тіркеуден өтті (тіркеу нөмірі №13659–1901–АҚ). 2012 және 2011 жж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның жалғыз акционері «Самұрық–Қазына» ұлттық әл–ауқат қоры» АҚ болып табылады. 2010 ж. 15 маусымында Компания акцияларының 100% пакеті Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне сенімгерлік басқаруға берілді.

Компания мен оның еншілес кәсіпорындары қызметінің негізгі түрлері:

- қорғаныс, екіұдай және азаматтық мақсаттағы тауарлар мен қондырғыларды дамыту, өндіру, жүзеге асыру және жою бойынша мемлекеттік саясаттың орындалуына қатысу;
- ішкі қажеттілік пен экспортты қамтамасыз ету үшін қорғаныстық және екіұдай мақсаттағы өнімдерді дамыту мен өндірудің ағымдағы және ұзақмерзімді салааралық бағдарламаларын әзірлеу және жүзеге асыруға қатысу;
- Қазақстан Республикасының қарулы күштері мен басқа да әскери құрылымдарына, сондай–ақ экспортқа арналған қару–жарақты, әскери техника мен екіұдай мақсаттағы өнімдерді өндіру және импорттау;
- конверсия бағдарламалары мен қорғаныстық–өнеркәсіптік кешенді дамыту бағдарламаларын әзірлеу және жүзеге асыру;
- мемлекеттік қорғаныс тапсырысын орындауға;
- ұтқыр резервтерді қалыптастыру және сақтау бойынша жоспарларды қалыптастыруға және жүзеге асыруға қатысу;
- мұнай–газ, теміржол, авиациялық, ауылшаруашылық, кеме құрылысы қондырғыларының өндірісі, азаматтық мақсаттағы тауарлар өндірісі.

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілік Компания мен оның келесі еншілес кәсіпорындарының (бұдан әрі бірлесіп, «Топ» деп аталатын) қаржылық есептілігін қамтиды.

2012 ж. Топ «Қазақстан Инжиниринг Дистрибьюшн» ЖШС–да бақылаушылық қатысу үлесін жүзеге асырды (8 және 34–ескертпелері).

2012 және 2011 жж. 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Топ сондай–ақ қауымдасқан және бірлесіп бақыланатын кәсіпорындарда инвестицияларға ие болды.

Заңды мекен–жай:

Қазақстан Республикасы, Астана қ., Қонаев к.,10
2012 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топ қызметкерлерінің саны 6,458 адамды құрады (2011 ж. 31 желтоқсаны: 4,730 адам).

2012 жылдың 31 желтоқсанына аяқталатын жылдағы Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігі басшылық тарапынан 2013 ж. 15 наурызында бекітілді.

## ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ОРТА

Қазақстанды қосқандағы, дамушы елдер нарығы анағұрлым дамыған нарықтардың қауіптерінен ерекшеленетін экономикалық, саяси, әлеуметтік, соттық және заңнамалық қауіптерге бейім келеді.

Қазақстанда бизнес жүргізуді реттейтін заңдар мен нормативтік актілер тез өзгеруі мүмкін, олардың негізсіз түсінімі қалыптасу мүмкіндігі бар.

Қазақстан дамуының болашақтағы бағыты көбінесе мемлекеттік салықтық және несиелік–ақша саясатына, қабылданатын заңдар мен нормативтік актілерге, сондай–ақ елдің саяси жағдаятындағы өзгерістерге тәуелді.

Қазақстанның мұнай мен газдың ауқымды көлемін шығарып, экспорттауына байланысты Қазақстан экономикасы мұнай мен газға белгіленетін әлемдік бағаларға тәуелді болып келеді.

| Еншілес ұйым | Қызметінің сипаты | Орналасқан елі | Қатысу пайызы 2012 ж. 31 желтоқсаны | Қатысу пайызы 2011 ж. 31 желтоқсаны |
|---|---|---|---|---|
| «ҚИ 811 авиажөндеу зауыты» АҚ | Көлік техникасын, бронды техниканы, күш тораптары мен агрегаттарды жөндеу, қондырғыны жетілдіру. | Қазақстан | 100% | 100% |
| «ҚИ 832 авиажөндеу зауыты» АҚ | Көлік техникасының жөндеу жұмыстарын жүргізу. | Қазақстан | 100% | 100% |
| «Киров ат. зауыт» АҚ | Теміржол кешеніне арналған навигациялық жүйелер, радио–стансалар, басқару пульттері, басқару блоктары мен мұнай–газ кешеніне арналған автомат–тандырылған құрылғылар. | Қазақстан | 84% | 84% |
| «Қазақстан Инжиниринг Дистрибьюшн» ЖШС | Топ кәсіпорындары шығаратын өнімдерді өткізу, инвестициялар тарту, қондырғыны жеткізу бойынша мемлекеттік бағдарламалар мен тендерлерге қатысу. | Қазақстан | 49% | 100% |
| «Киров ат. Машина жасау зауыты» АҚ | Теңіз су асты қаруы және гидравлика бұйымдары мен теңіз кемелеріне арналған жану автоматикалары, кен шығарушы өнеркәсіпке арналған пневмоперфораторлар; теміржол кешеніне арналған қосалқы бөлшектер. | Қазақстан | 98% | 98% |
| «Мұнаймаш» АҚ | Мұнай–газ секторына арналған ұңғымалық штанг торғылары, ХТТ. | Қазақстан | 52% | 52% |
| «Гидроприбор ҒЗИ» АҚ | Конструкторлық және зерттеушілік жұмыстар, сондай–ақ теңіз, өзен катерлерін, кемелерді, және басқа жүзу құралдарын, су асты аппараттары, жерүсті және әуе роботтары мен катерлерін, су асты зерттеуі мен құбырларды жөндеуге қажетті қондырғыларды, бұрғылау мұнараларын, суасты нысандарын әзірлеу. | Қазақстан | 93% | 93% |
| «Омега» аспап жасау зауыты» АҚ | Суды тазалауға арналған «Таза су» қондырғылары; теміржолға керекті бөлшектер мен түйіндер, сандық АТС және құраушы бөліктер, телефон аппараттары. | Қазақстан | 99% | 99% |

«ҚАЗАҚСТАН ИНЖИНИРИНГ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ
ЖӘНЕ ОНЫҢ ЕНШІЛЕС КӘСІПОРЫНДАРЫ

| Еншілес ұйым | Қызметінің сипаты | Орналасқан елі | Қатысу пайызы 2012 ж. 31 желтоқсаны | 2011 ж. 31 желтоқсаны |
|---|---|---|---|---|
| «Петропавл ауыр машина жасау зауыты» АҚ | Мұнай өнеркәсібіне арналған арнайы техника, қысыммен жұмыс жасайтын ыдыстар, т/ж жолдарын жөндеуге және қызмет көрсетуге қажетті құралдар, жылжымалы құрам бөлшектері; арнайы өнімді өндіру және өткізу, әскери техниканың заманауи үлгілерін өндіру және жетілдіру. | Қазақстан | 100% | 100% |
| «Семей инжиниринг» АҚ | Бронды танк қару–жарағы мен әскери техниканы жөндеу; қозғалтқыштар, тасымалдаушы көліктер. | Қазақстан | 100% | 100% |
| «Семей машина жасау зауыты» АҚ | Тартқыш–жыланбауыр тасымалдағыштар, жүк вагондарына арналған люк қақпақтары, инженерлік техниканы жөндеу. | Қазақстан | 99% | 99% |
| «Күзет» ЖШС | Күзет қызметтері. | Қазақстан | 100% | 100% |
| «Тыныс» АҚ | Мед. техника, газды қысымды арматура, авиа. өнімдер, ПЕТ құбырлар, өрт сөндіру құралдары. | Қазақстан | 99% | 99% |
| «Орал Зенит зауыты» АҚ | ҚР ӘТК арналған катерлер мен кемелер; Болат конструкцияларды, мұнай–газ кешеніне арналған бөлшектерді жобалау және өндіру. | Қазақстан | 95% | 95% |
| «ҚазИнжЭлектроникс» АҚ | Радиоэлектроника саласындағы ғылыми зерттеулер мен жұмыстар, автоматтандырылған басқару жүйелерін жасау, бағдарламалар мен технологиялар енгізу. | Қазақстан | 100% | 100% |
| «Қару–жарақты басқару жүйелерін енгізудің бірыңғай орталығы» ЖШС | Қару–жарақты басқарудың автоматтандырылған жүйелерін қолдана отырып, ҚӨК кәсіпорындарына арналғанарнайы өнімнің жаңа түрлерін әзірлеу және игеру. | Қазақстан | 100% | 100% |
| «Қазақстандық авиациялық индустрия» ЖШС | Авиациялық техниканы жөндеу және оған қызмет көрсету. | Қазақстан | 100% | – |



## ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІҢ ЖАҢА ЖӘНЕ ҚАРАЛҒАН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТАНДАРТТАРЫН ҚАБЫЛДАУ

### АҒЫМДАҒЫ КЕЗЕҢДЕ ҚАБЫЛДАНҒАН СТАНДАРТТАР МЕН ТҮСІНІКТЕМЕЛЕР

Топ жыл ішінде келесідей жаңа және қаралған Стандарттар мен Түсініктемелер қабылдады:

- 12 «Пайдаға салынатын салық» ХБЕС — Шектеуді ауқымды өзгерту (негізгі активті өтеу) (2012 ж. 1 қаңтарынан бастап немесе кейін басталатын есепті кезеңдер үшін қолданылады);
- 7 «Қаржылық құралдар — ашылу» ХҚЕС–ке қаржылық активтердің аударылымына қатысты ашылумен байланысты түзетулер (2011 ж. 1 шілдесінен бастап немесе кейін басталатын есепті кезеңдер үшін қолданылады);

Сондай–ақ, Топ күшіндегі халықаралық қаржылық есептілік стандарттарын жалпы жақсартуға бағытталған жыл сайынғы бастама аясында басқа стандартқа түзетулер қабылдады.

Бұл түзетулер бөлек қаржылық есептілік ұсынуға қатысты кейбір тұжырымдамалар мен мәселелерге, тану және бағалау мәселелеріне қатысты.

Нақтылаулар Топтың есеп саясатының егжей–тегжейіндегі бірқатар өзгерістерге әкелді, олардың кейбірі тек терминологиядағы өзгерістерге саяды да, есептілік сомаларына айтарлықтай әсер етпейді.

Жоғарыда тізбеленген стандарттарды қабылдау Топтың операция нәтижелеріне немесе қаржылық жағдайына, немесе шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелерге әсер етпеді.

### ШЫҒАРЫЛҒАН АЛАЙДА КҮШІНЕ ЕНБЕГЕН СТАНДАРТТАР МЕН ТҮСІНІКТЕМЕЛЕР

Шоғырландырылған қаржылықты бекіту күнінде келесіде Стандарттар мен Түсініктемелер шығарылды, алайда күшіне енбеді:

- 1 «Қаржылық есептілік ұсыну» ХБЕС — Басқа жиынтық табысты ұсыну әдістеріне қатысты түзетулер (2012 ж. 1 шілдесінен басталатын есепті кезеңдер үшін қолданылады);
- 7 «Қаржылық құралдар: ақпараттың ашылуы» ХҚЕС — 9 ХҚЕС бастапқы қолданысы туралы ақпараттың ашылуын талап ететін түзетулер (2015 жылдың 1 қаңтарынан басталатын есепті кезеңдер үшін қолданылады);
- 9 « Қаржылық құралдар» ХҚЕС (2015 жылдың 1 қаңтарынан басталатын есепті кезеңдер үшін қолданылады);
- 10 «Шоғырландырылған қаржылық есептілік» ХҚЕС (2013 ж. 1 қаңтарынан басталатын есепті кезеңдер үшін қолданылады);
- 11 «Бірлескен келісімдер» ХҚЕС (2013 ж. 1 қаңтарынан басталатын есепті кезеңдер үшін қолданылады);
- 12 «Басқа ұйымдардағы үлестердің ашылуы» ХҚЕС (2013 ж. 1 қаңтарынан басталатын есепті кезеңдер үшін қолданылады);
- 13 «Әділ құнды бағалау» ХҚЕС (2013 ж. 1 қаңтарынан басталатын есепті кезеңдер үшін қолданылады);
- 19 «Қызметкерлерге берілетін сыйақылар» ХБЕС (2011 ж. маусымы) — Еңбек қызметінің басталуы және тоқтатылуы бойынша сыйақылар жобасын қайта қарауға қатысты түзету (2013 ж. 1 қаңтарынан басталатын есепті кезеңдер үшін қолданылады);
- 27 «Шоғырландырылған және бөлек қаржылық есептілік» ХБЕС — 27 «Бөлек қаржылық есептілік» ХБЕС ретінде қайта шығарылды (2013 ж. 1 қаңтарынан басталатын есепті кезеңдер үшін қолданылады);
- 28 «Қауымдасқан кәсіпорындарға құйылатын инвестициялар» ХБЕС — 28 «Қауымдасқан және бірлескен кәсіпорындарға құйылатын инвестициялар» ХБЕС ретінде қайта шығарылды (2013 ж. 1 қаңтарынан басталатын есепті кезеңдер үшін қолданылады);

- 32 «Қаржы құралдары: ақпарат ұсыну» ХБЕС — қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелердің өзара есебін қолдану бойынша нұсқаулыққа жасалған түзетулер (2014 ж. 1 қаңтарынан басталатын есепті кезеңдер үшін қолданылады).

2011 ж. мамырында бес стандарт пакеті шығарылды (10 ХҚЕС, 11 ХҚЕС, 12 ХҚЕС, 27 ХБЕС (2012) және 28 ХБЕС (2012), онда шоғырландыру, бірлескен қызмет туралы келісімдерді тіркеу, тәуелді кәсіпорындарға салымдар жасау және ақпараттың ашылуы мәселелері қарастырылады.

Жоғарыда аталған бес стандарт 2013 ж. 1 қаңтарынан кейін басталатын жылдық есептілік кезеңдері үшін міндетті түрде қолданылулары тиіс.

Барлық бес стандартты бур уақытта қолданған жағдайда мерзімнен бұрын қолдануға рұқсат етіледі.

Топ басшылығы барлық Стандарттар мен Түсініктемелердің Компанияның осы стандарттар күшіне енетін күнінен басталатын кезең ішіндегі шоғырландырылған қаржылық есептілікте қабылданып, осы Стандарттар мен Түсініктемелерді қабылдау бастапқы қолдану кезеңінде Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне айтарлықтай әсер етпейді деп күтеді.

## ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРЫ

### Ұсыну негіздемесі

Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігі Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (бұдан әрі мәтін бойынша — «ХҚЕС») сәйкес дайындалды.

Шоғырландырылған қаржылық есептілік кейбір қаржылық құралдарды қоспағанда, бастапқы құн қағидасы негізінде әзірленді.

### Қолданылатын валюта және ұсыну валютасы

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілік Топтың қолданыстағы валютасы және шоғырландырылған қаржылық есептілікті ұсыну валютасы болып табылатын қазақстандық теңгемен («теңге») сипатталды.

Барлық сандық көрсеткіштер теңгемен ұсынылды, мыңға дейін (ең жақын) дөңгелектелді.

### Шетелдік валютадағы операциялар

Шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындағанда қолданыстағы валютадан ерекшеленетін валютадағы (шетелдік валюта) мәмілелер мәміле жасалған күнгі бағам бойынша беріледі. Шетелдік валютада сипатталған ақша баптары шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасау күнгі бағам бойынша қайта есептеледі.

Шетелдік валютада ескерілетін және әділ құн бойынша бағаланатын ақшалай емес баптар әділ құнды анықтаған күні қолданыста болған айырбас бағамдары бойынша қайта есептеледі.

Шетелдік валютада сипатталған, тарихи құны бойынша көрсетілген ақшалай емес баптар қайта есептелмейді.

Валюта бағамдарының өзгерісі нәтижесінде пайда болатын ақшалай баптар бойынша бағам айырмалары келесілерді қоспағанда, олардың пайда болу кезеңінде пайдада және шығында көрініс табады:

- болашақта өндірістік мақсатта қолдануға арналған, аяқталмаған құрылыс нысандарына қатысты шетелдік валютадағы қарыздар бойынша бағам айырмалары мұндай активтер құнына шетелдік валютадағы қарыздар бойынша пайыздық шығыстарды түзету ретінде мұндай активтердің құнына кіреді;
- жекелеген валюталық тәуекелдерді хеджирлеу мәмілелері бойынша бағам айырмалары;
- Топтың қызметін шетелде жүргізетін бөлімшелерімен өзара есеп айырысу баптары бойынша өтелуі жоспарланбайтын және ықтималдылығы төмен бағам айырмалары (мұндай баптар таза инвестициялар бөлігін сипаттайды).

### Шоғырландыру қағидалары

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілік Компания мен Компания бақылайтын кәсіпорындарының (арнайы мақсаттағы кәсіпорындарды қосқанда) (еншілес кәсіпорындар) қаржылық есептілігін қамтиды.

Егер Компания басшылығы қызметтен Компания үшін пайда алу мақсатында кәсіпорынның қаржылық және шаруашылық саясатын анықтай алса, кәсіпорын Компания тарапынан бақыланатын болып саналады. Жыл ішінде сатып алынған немесе сатылған еншілес кәсіпорындардың табыстары мен шығыстары нақты сатып алған сәттен немесе сәйкесінше нақты сату күніне дейінгі жиынтық табыс туралы шоғырландырылған есепке кіреді.
Еншілес кәсіпорындардың жалпы шоғырландырылған табысы Компания акционерлеріне және БИҮ бойынша теріс қалдықтың пайда болуына әкелсе де, бақыламайтын иелік үлестеріне (БИҮ) қатысты.

Қажет болған жағдайда еншілес кәсіпорындардың қаржылық есептілігіне қолданылған есеп саясаты қағидаларын Топтың есеп саясаты қағидаларына сәйкестендіру үшін түзетулер енгізіледі.
Топ кәсіпорындары арасындағы барлық мәмілелер, есеп айырысулардағы сәйкес қалдықтар мен Топ ішіндегі мәмілелерден жүзеге асырылмаған пайдалар мен шығындар шоғырландыру кезінде алып тасталады.

### Еншілес кәсіпорындардағы Топтың иелік ету үлестерінің өзгерістері

Топты еншілес кәсіпорындарды бақылаудан айыруға әкелмейтін еншілес кәсіпорындардағы Топтың иелік ету үлестерін өзгерту капиталда есепке алынады.

Еншілес кәсіпорындағы Топ үлестері мен БИҮ баланстық құны осы үлестер қатынасының өзгерісін ескере отырып, түзетіледі. БИҮ түзетілетін сома мен төленген немесе алынған сыйақының әділ құны арасындағы кез келген айырма негізгі компания акционерлерінің капиталында көрсетіледі. Топ еншілес кәсіпорындарды бақылаудан айырылған жағдайда кетуден болатын пайдалар мен шығындар жиынтық табыс туралы шоғырландырылған есепте танылады және алынған сыйақының әділ құны (1) мен еншілес кәсіпорын активтері (гудвилді қосқанда) мен міндеттемелері, сондай–ақ БИҮ (2) баланстық құны арасындағы айырма ретінде есептеледі.

### Қауымдасқан және бірлесіп бақыланатын кәсіпорындарға құйылатын инвестициялар

Қауымдасқан және бірлесіп бақыланатын кәсіпорындарға құйылатын инвестициялар үлестік қатысу әдісі бойынша есепке алынады.

Қауымдасқан деп Топ айтарлық ықпал ететін, алайда Топтың не еншілес, не бірлескен ұйымдары болып табылмайтын ұйымдар аталады.

Бірлесіп бақыланатын ұйымдар ретінде екі немесе одан да көп тараптар бірлесе бақыланатын экономикалық қызметті жүзеге асырушы шарттық келісім түсініледі. Қауымдасқан/бірлескен–бақыланатын кәсіпорындарға құйылатын инвестициялар сатып алу құны бойынша қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте көрініс табады: плюс — сатып алғаннан кейін қауымдасқан/бірлескен бақыланатын ұйымдардың таза активтеріндегі Топ үлесінің өзгерісі, минус — құнсыздану. Топтың осы ұйымдар шығынындағы үлесі Топтың осы ұйымдардағы иелік ету үлесінен (Топтың ұйымдағы таза инвестицияларының бөлігін қамтитын кез келген ұзақ мерзімді иелік ету үлестері) асып кеткен жағдайда, Топ ары қарайғы шығындардағы өз үлесін тануды тоқтатады.

Қауымдасқан/бірлескен–бақыланатын ұйымдардың пайдалары мен шығындарындағы Топ үлесі Топтың жиынтық табыс туралы шоғырландырылған есебінде көрініс табады.

### Негізгі құралдар

Негізгі құралдар жинақталған амортизация сомасы мен құнсызданудан болған шығындар шегерілгенде, бастапқы құн бойынша көрсетіледі. 2006 ж. 31 желтоқсанына дейін сатып алынған негізгі құралдар ХҚЕС өту күніне бастапқы құн болып табылатын,тәуелсіз бағалаушы анықтаған әділ құн бойынша көрініс табады. Нақты шығындарға сәйкес активті сатып алумен тікелей байланысты барлық шығындар қосылады.
Ары қарай өндірістік немесе әкімшілік мақсаттарда пайдалану үшін көтерілетін аяқталмаған құрылыс нысандары құнсызданудан болатын кез келген танылған шығындар шегеріліп, құрылыс құны бойынша есепке алынады.

Құрылыс құны кәсіби қызметтер құнын, сондай–ақ жіктелетін активтер үшін Топтың есеп саясатына сәйкес капиталданатын қарыздар бойынша шығындарды қамтиды. Негізгі құралдардың мұндай нысандары құрылысты аяқтау немесе мақсатына сай қолдану сәтіне орай, негізгі құралдардың сәйкес санаттарына жатқызылады.

Аталмыш активтер бойынша басқа да жылжымайтын мүлік нысандары бойынша сияқты амортизация есептеу, активтердің жоспарланған пайдалануына дайын болған сәтінен басталады.

Амортизация күтілетін пайдалы қолдану мерзімі ішіндегі жойылу құны шегерілгендегі, негізгі құралдардың (жер телімдері мен аяқталмаған құрылыс нысандарын қоспағанда) нақты құнын есептен шығару үшін есептеледі Күтілетін пайдалы қолдану мерзімі, баланстық құн мен амортизацияны есептеу тәсілі әрбір есепті кезеңнің соңында талданады, бұл ретте бағалаудағы барлық өзгерістер салыстырмалы көрсеткіштерді қараусыз, шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрініс табады.

| Активтер тобы | Пайдалы қызметтің орташа мерзімі |
|---|---|
| Ғимараттар мен құрылыстар | 8 — 100 жыл |
| Машиналар мен қондырғы | 3 — 20 жыл |
| Көлік құралдары | 5 — 10 жыл |
| Басқа активтер | 4 — 20 жыл |

Қаржылық жалдау шарттары бойынша алынған активтер Топ меншігіндегі активтер секілді, күтілетін пайдалы қызмет ету мерзімі ішінде амортизацияланады. Алайда меншік құқығы жалдау мерзімінің соңында жалдаушыға өтеді деген негізделген сенімділік болмаса, актив жалдау мерзімі және пайдалы қызмет мерзімі екеуінің ішінде ең қысқа мерзім ішінде толықтай амортизациялануы тиіс.

Негізгі құралдар нысаны сатылған кезде немесе активті пайдалануды жалғастырудан болашақта экономикалық пайда алу күтілмеген жағдайда есептен шығарылады. Негізгі құралдар нысанын Сатудан немесе басқалай шығарудан келетін табыс немесе шығын осы нысандардың сатылым бағасы мен баланстық құны арасындағы айырма ретінде анықталып, пайда және шығындарда танылады.

### Материалдық емес активтер

Материалдық емес активтер жинақталған амортизация мен құнсызданудан болған шығын шегеріле отырып, бастапқы құн бойынша есепке алынады. Амортизация аталмыш активтердің күтілетін пайдалы қызмет ету мерзімі ішінде тік сызықтық әдіс бойынша 10–20% мөлшерлемемен есептеледі. Күтілетін пайдалы қызмет ету мерзімі мен амортизацияны есептеу әдісі перспективалы негізде есепке алынатын бағалаудағы кез келген өзгерістер ескеріле отырып, әрбір есепті кезеңнің соңында қайта қаралады.

### Инвестицялық жылжымайтын мүлік

Инвестициялық жылжымайтын мүлік жалдау ақысын алу үшін, капиталды өсіру немесе екі жағдайда да қолданылатын нысандарға (оның ішінде құрылыс кезеңіндегі нысандар да) саяды. Инвестициялық жылжымайтын мүлік нысандары сатып алу шығындарын қосқанда, сатып алу құны бойынша есепке алынады.

Бастапқы танудан кейін Топ инвестициялық жылжымайтын мүлікті жинақталған амортизация мен құнсызданудан болған шығын шегере отырып, бастапқы құн бойынша бағалайды. Инвестициялық жылжымайтын мүлік бойынша тозу тік сызықтық әдіс негізінде есептеледі.

Инвестициялық жылжымайтын мүлік нысаны баланстан кеткенде немесе онымен байланысты экономикалық пайда алынады деп күтілмей, пайдаланудан түбегейлі шығарылғанда баланстан да шығарылады. Нысанды есептен шығарумен байланысты кез келген табыс немесе шығыс (шығудан болатын таза түсімдер мен активтің баланстық құны арасындағы айырмашылық) мүлік есептен шығарылатын кезеңдегі пайда мен шығынға қосылады.

### Негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің құнсыздануы

Топ әрбір есепті күні материалдық және материалдық емес активтердің баланстық құны құнсыздануы белгілерінің бар–жоғын тексереді. Ондай белгілер анықталған жағдайда, құнсызданудан болатын шығын өлшемін анықтау мақсатында сәйкес активтің өтелетін құны есептеледі (егер ондай болса).

Өтелетін құн өткізуге кететін шығынды шегергендегі активтің әділ құны мен пайдаланушылық құндылық құнының арасындағы ең үлкен мән ретінде анықталады. Пайдалану құндылығын бағалағанда ақшалай құралдардың күтілетін болашақ лектері осы активке тән уақыт пен тәуекелдердегі ақшалардың ағымдағы нарықтық құнын сипаттайтын салық салуға дейінгі дисконттау коэффициенті қолданыла отырып, ағымдағы құнға дейін дисконтталады.



Егер активтің (немесе туынды бірліктің) өтелетін құны оның баланстық құнынан төмен болса, осы активтің (немесе туынды бірліктің) баланстық құны өтелетін сомаға дейін азаяды. Құнсызданудан болатын шығындар пайда мен шығындарда көрініс табады.

Құнсызданудан болған шығындар нәтижесінде қалпына келетін жағдайларда активтің (немесе туынды бірліктің) баланстық құны оның өтелетін құнын жаңаша бағалау арқылы алынған сомаға дейін ұлғаяды. Бұл былайша көрініс табады: актив (немесе туынды бірлік) бойынша алдыңғы жылдары құнсызданудан болатын шығын көрініс таппағандағы баланстық құннан жаңа баланстық құн аспайтындай болуы тиіс.

### Тауарлық–материалдық қорлар

Тауарлық–материалдық қорлар өзіндік құн мен таза өткізу құнының арасындағы ең төменгі мән бойынша көрінеді. Таза өткізу құны аяқтау мен өткізу бойынша болжалды барлық шығындарды шегергендегі тауарлық–материалдық қорларды өткізудің ықтималды құнына негізделеді.

Дайын өнім мен аяқталмаған өндірістің өзіндік құны орташа өлшемді әдісті қолдана отырып, есептеледі, және материалдар бойынша тікелей шығындар мен жалақы бойынша тікелей шығындарды, және тауарлық–материалдық қорларды олардың ағымдағы күйіне келтіру және керекті орнына жеткізу кезінде пайда болған жүккұжаттық шығыстарды қамтиды.

### Қаржылық құралдарын тану

Топ қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есептегі қаржылық активтер мен міндеттемелерді тек құрал бойынша сәйкес шарттың қатысушысы болғанда таниды. Қаржылық активтер мен міндеттемелер операция күнгі есепке алу қағидасын қолдана отырып, көрінеді.

Қаржылық активтер мен міндеттемелер бастапқыда мәмілені жасасумен байланысты шығындарды қосқанда немесе шегергендегі алынған немесе төленген сыйақының әділ құнын сипаттайтын өзіндік құн бойынша көрінеді, ал ары қарай әділ құн немесе амортизацияланған құн бойынша есепке алынады. Әділ құн әдетте ресми нарықтық бағаларға сілтеме жасала отырып, анықталады.

Егер нарықтық бағалар қолжетімсіз болса, әділ құн нарықтық мәліметтерге негізделетін дисконтталған болашақ ақша қозғалысы сияқты бағалаудың жалпыға бірдей әдістері бойынша нақыталады.

Амортизацияланған құн тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін қолдану арқылы бағаланады.

Тиімді пайыздық мөлшерлеме — бұл күтілетін болашақ ақша қозғалыстарын (тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажырамас бөлігі болып табылатын, қарыз құралы бойынша барлық алынған немесе жасалған төлемдерді, мәмілені рәсімдеу бойынша шығындар мен басқа да сыйақыларды немесе дисконттерді қосқанда) қарыз құралы өтелгенше күтілетін мерзімге немесе (егер қолданылса) одан азырақ мерзімге, қарыз құралын есепке алу сәтіндегі баланстық құнға дейін дисконттау мөлшерлемесі.

### Қаржылық активтер

Қаржылық активтер келесідей санаттарға жіктеледі: пайда немесе шығындар арқылы әділ құн бойынша («ПШАӘҚБ») есепке алынатын қаржылық активтер, өтелгенше ұсталатын инвестициялар мен «қарыздар мен дебиторлық берешек».

Жіктеліс қаржылық құралдардың сипаты мен мақсаттарына байланысты болады және бастапқы тану сәтінде анықталады.

### Ақша құралдары мен олардың баламалары

Ақша құралдары мен олардың баламалары банк есеп–шоттарындағы құралдарды, жолдағы ақшаларды; Кассадағы қолма–қол ақша мен бастапқы өтеу мерзімі үш айдан аспайтын қысқа мерзімді депозиттерді қамтиды.

### Сауда дебиторлық берешек

Сауда дебиторлық берешек бухгалтерлік есепте күмәнді берешек бойынша резервті шегергендегі, төлемге шығарылған шоттардың сомалары бойынша танылады және көрінеді. Күмәнді берешек бойынша реезрв Топ тарапынан дебиторлық берешек шартта белгіленген мерзімде өтелмесе есептеледі.

Күмәнді берешек бойынша резерв ұдайы қаралып отырады және түзету қажеттілігі туындаса, сәйкес сомалар қажеттілік туындаған есепті кезеңдегі жиынтық табыс туралы шоғырландырылған есепте көрініс табады.

Үмітсіз берешек бұрын құрылған резерв есебінен оның анықталу шамасына қарай есептен шығарылады.

Қарыздар мен басқа дебиторлық берешек

Қарыздар мен дебиторлық берешек тіркелген немесе төлем мөлшерін анықтауға икемді белсенді нарықта баға белгіленбейтін өнімсіз қаржы активтері болып табылады. Қарыздар мен дебиторлық берешек құнсыздануы шегеріліп, пайыздың тиімді ставка әдісін пайдалана отырып, амортизацияланған құны бойынша көрсетіледі.

Пайыздық табыс болар-болмас болған қысқа мерзімді дебиторлық берешекті қоспағанда, пайыздық табыс тиімді пайыздық мөлшерлемені қолдану арқылы танылады.

Басқа қаржылық активтер

Басқа қаржылық активтер тіркелген немесе төлем мөлшерін анықтауға икемді белсенді нарықта баға белгіленбейтін банктердегі депозиттер секілді өнімсіз қаржылық активтерге саяды. Мұндай активтер кез келген құнсыздануы шегеріліп, пайыздың тиімді ставка әдісін пайдалана отырып, амортизацияланған құн бойынша көрсетіледі.

Қаржы активтерінің құнсыздануы

Пайда және шығындар арқылы әділ құн бойынша есепке алынатын активтерден басқа, қаржы активтері әрбір есепті күні құнсыздану көрсеткіштеріне бағаланады.

Қаржы активтерін бастапқы танудан кейін пайда болған бір немесе бірнеше оқиғалар нәтижесінде, мысалы: инвестиция бойынша ақша құралдарының болжалды болашақ қозғалысында айтарлық өзгеріс, эмитент немесе борышкер тап болған айтарлықтай қаржылық қиындықтар, несие берушінің борышкердің қаржылық қиындықтарына байланысты берген жеңілдік жағдайлары, қарыз алушының банкротқа ұшырауы немесе қаржылық қайта ұйымдастырылу ықтималдылығы, аталмыш қаржы активі үшін белсенді нарықтың жойылуы пайда болады деген объективті куәліктер болса, қаржы активтері құнсызданады.

Амортизацияланған құн бойынша көрінген қаржы активтері үшін құнсыздану сомасы активтің баланстық құны мен бастапқы қолданыстағы пайыздық мөлшерлеме бойынша дисконтталған ақшалай құралдардың болжалды болашақ қозғалысының ағымдағы құны арасындағы айырманы құрайды. Баланстық құн күмәнді берешек бойынша резервті қолдану арқылы азаятын сауда дебиторлық берешекті қоспағанда, қаржы активінің баланстық құны барлық қаржы активтері бойынша тікелей құнсызданудан болатын шығынға азаяды.

Егер келесі кезеңде құнсызданудан болған шығын сомасы азайса, азаю құнсыздануды танудан кейін болған оқиғамен байланысты болуы да мүмкін.

Онда құнсызданудан болған шығынның бұрын танылған сомасы инвестицияның баланстық құны құнсыздану танылмаған жағдайда амортизациялық құн құрауы мүмкін сомадан аспайтын дәрежеде пайда немесе шығында түзетіледі.

Қаржылық міндеттемелер мен үлес құралдары

Топ кәсіпорындары шығарған борыштық және үлес құралдары келісімшарттық келісім, сондай-ақ қарыздық міндеттемелер мен қарыздық құрал сипатына сәйкес қаржылық міндеттемелер сияқты не болмаса капитал сияқты жіктеледі.

Үлес құралдары — барлық міндеттемелерін шегергеннен кейін активінде қалған қатысуы туралы куәландыратын кез келген келісім-шарт. Топ шығарған үлес құралдар шығаруға шыққан тікелей залалдарды шегерумен алынған пайда бойынша есепке алынады.

Топтың өзіндік үлес құралдарын сатып алу тікелей капиталдан шегеріледі. Компанияның өзіндік үлес құралдарын сатып алу, сату, шығару немесе жою нәтижесінде пайда болатын табыстар мен шығыстар пайда мен шығындарда есепке алынбайды.

Артықшылық берілген акциялар

Дивидендтерінің сомасы тіркелген артықшылық берілген акциялар шарттық келісім сипатына сәйкес құрама қаржы құралы болып табылады. Осыған сай, міндеттемелер мен капитал компоненттері қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте бөлек



ұсынылған. Бастапқы тануда капитал компо-нентіне құралдың бастапқы баланстық құнынан мін-деттеме компоненті үшін белгіленген әділ құнды шегергеннен кейін қалатын сома қалдығы телінеді.

Міндеттеме компонентінің бастапқы танудағы әділ құны нарықтық пайыз мөлшерлемесі бойынша күтілетін ақша қозғалысын ұқсас борыш құралынан шегеру арқылы есептеледі. Ары қарай міндеттеме компоненті тәртіптелген борыш сияқты қағида бойынша өлшенеді, ал өзіндік капитал компоненті жарғылық капитал секілді қағидамен өлшенеді.

Қаржы міндеттемелері шарт бойынша міндеттемелер пайда болған кезде есепке алынатын шарттық келісімдерде ұсынылады.

Сауда және басқа да кредиторлық берешек

Сауда және басқа да кредиторлық берешек бастапқыда әділ құн бойынша бағаланады, ал нәтижесінде тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі қолданылып, амортизацияланған құн бойынша қайта бағаланады.

Қарыздар және тартылған қаражат

Барлық қарыздар мен тартылған қаражат бастапқыда қарыздық қаражаттарды тартумен байланысты шығыстар ескерілгендегі алынған ақшалай қаражаттың әділ құнын сипаттайтын құн бойынша есепке алынады.

Бастапқы танудан кейін пайыздық қарыздар мен тартылған қаражаттар тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі қолданылып, амортизацияланған құн бойынша есепке алынады.

Капиталдандырылуы тиіс қарыздар бойынша шығыстарды қоспағанда (мысалы, үшінші тараптар кепілдіктері бойынша комиссиялары) табыстар мен шығыстар міндеттерді тану тоқтағанда, сондай-ақ амортизация есепке алынғанда, жиынтық табыс туралы шоғырландырылған есепте көрсетіледі.

Өзара есептер

Танылған сомалардың өзара есебін жүргізуге заңды құқық болса, және Топта не өзара есеп жасау, не активті өткізіп, міндеттемені бір уақытта өтеу ниеті болған жағдайда, қаржы активтері мен қаржы міндеттемелері өзара есепке алынып, таза сома қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте есепке алуға болады.

Пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржы активтері мен міндеттемелері

Пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржы активтері мен міндеттемелері (1) қысқа мерзім ішінде сату деген негізгі мақсатпен сатып алынған, (2) басқару бірлесе жүзеге асырылатын және құрылымы қысқа мерзімді уақытта пайда алу ниетін сипаттайтын сәйкестендірілген қаржы құралдары қоржынының бөлігі болып табылатын, немесе (3) бастапқыда Топ тарапынан пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржы активтері және міндеттемелері ретінде есепке алынған өнімді құралдарды немесе бағалы қағаздарды сипаттайды. Пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржы активтері және міндеттемелері бастапқыда және ары қарай әділ құн бойынша бағаланады. Топ өнімді қаржы құралдарын қосқанда, пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржы активтері және міндеттемелерінің әділ құнын анықтау үшін бағалауды пайдаланады. Пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржы активтері және міндеттемелерінің әділ құнын түзету жиынтық табыс туралы шоғырландырылған есепте есепке алынады. Топ аталмыш қаржы құралдарына иелік ету кезеңі ішінде қаржылық құралдарды осы санатқа немесе ол санаттан қайта жіктеуді жасамайды.

Қосылған туынды қаржы құралдары

Басқа қаржы құралдарына немесе негізгі шарттарға қосылған туынды қаржы құралдары сипаттамалары мен қауіптері негізгі шарттың сипаттамаларымен және қауіптерімен тығыз байланыста болмаса, және негізгі шарттар пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша бағаланбаған кезде бөлек туынды қаржы құралдары ретінде қарастырылады.

## ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІ МЕН МІНДЕТТЕМЕЛЕРДІ ТАНУДЫ ТОҚТАТУ

Қаржы активтері

Қаржы активін (немесе қай жерде қисынды болса, қаржы активінің бөлігін немесе ұқсас қаржы активтерінің бір бөлігін) тану мына жағдайларда тоқтатылады:

- активтен ақша қаражатын алу құқығының мерзімі өтсе;
- Топ активтен ақша қаражаты қозғалысын алу құқығын сақтайды, алайда оларды өткізу келісіміне сәйкес үшінші тарапқа кешіктірместен толықтай төлеу міндеттемесін қабылдаса, және негізінен осы актив бойынша барлық қауіптер мен пайдаларды берсе;
- Топ өзінің активтен ақша қаражаты қозғалысын алу құқығын берсе, және немесе (а) осы актив бойынша барлық қауіптер мен пайдаларды бер–се, немесе (б) актив бойынша ешбір қауіптер мен пайдаларды берген жоқ және ұстаған жоқ, алай–да активті бақылау құқығын берді.

Егер Топ өзінің активтен ақша қаражаты қозғалысын алу құқығын берсе, және актив бойынша ешбір қауіптер мен пайдаларды бермесе және ұстамаса, және активті бақылау құқығын бермесе, актив Топ активке қатысуын жалғастыратын дәрежеде таны–лады. Берілген актив бойынша сенімгерлік нысанына ие болатын қатысудың жалғасуы активтің бастапқы баланстық құны мен Топтан өтелім ретінде қажет бо–луы мүмкін максимальды өтем сомасы мәндерінің ең кішісі бойынша бағаланады.

### Қаржы міндеттемелері

Қаржы міндеттемесін (немесе қаржы міндеттемесінің бөлігін) тану ол өтелгенде, демек шартта көрсетілген міндеттеме орындалғанда, күшін жойғанда немесе мерзімі өткен кезде тоқтайды.

### Табысты тану

Табыстар Топ белгілі бір экономикалық пайда алады, және табыстар жеткілікті түрде дәлдікпен есепте–ле немесе бағалана алады деген ықтималдылық бар дәрежеде танылады.

### Тауарларды өткізу

Тауарларды өткізуден түсетін табыс тауарлы жеткізу дерегі және меншік құқығының өту дерегі бойынша танылады.

### Қызметтер көрсету

Қызмет көрсету шарттары бойынша табыс аяқталу дәрежесіне қарай танылады.

### Құрылысқа арналған шарттар

Егер құрылысқа арналған шарттың қаржылық нәтижесі сенімді түрде есептеле алса, түсім мен шығыстар есеп күнгі шарт бойынша жұмыстардың аяқталу дәрежесіне барабар танылады. Аяқталу дәрежесі шарт бойынша шығындардың жалпы есеп–тік сомасындағы есепті күнге дейін жұмыстарды орындауға кеткен шығындардың үлесі (бұл үлес жұмыстың аяқталу дәрежесін сипаттамаса) ретінде анықталады.

Орындалған жұмыстар көлемі, шағымдар мен ынта–ландырушы төлемдер бойынша ауытқулар сенімді бағалана алатын және олардың алыну ықтималдылығы жоғары болатын дәрежеде есепке алынады.

### Жалдау

Шарттары активтерді пайдалануға байланысты барлық тәуекелдер мен пайдаларды ауыстыру бо–лып табылатын жалдау қаржылық жалдау ретінде жіктеледі. Жалдаудың басқа да барлық түрлері операциялық жалдау деп аталады.

### Топ жалға беруші ретінде

Қаржылық жалдау шарты бойынша жалға берушіден алынатын сомалар Топтың жалға құятын таза инвестицияларының мөлшеріндегі дебиторлық бе–решек құрамында есепке алынады. Қаржылық жал–дау бойынша табыс Топтың жалдауға құятын таза инвестициялары бойынша табыстылықтың тұрақты деңгейі қамтамасыз етілетіндей, есепті кезеңдер бой–ынша бөлінеді.

Операциялық жалдаудан түсетін табыстар бірқалыпты жалдау мерзімі ішінде танылады. Операциялық жал–дау шартының қағидаларын келісумен және оны рәсімдеумен байланысты бастапқы тікелей шығындар жалға берілген активтің баланстық құнына қосылады және бірқалыпты жалдау мерзімі ішінде шығысқа жатқызылады.

### Топ жалға алушы ретінде

Қаржылық жалдау шарты бойынша жалға алынған активтер бастапқыда жалдау мерзімінің басындағы жалға алынған мүліктің әділ құны және минимальды жалдау төлемдерінің дисконтталған құны сияқты екі өлшемнің кішісі бойынша есепке алынады. Жалға беруші алдындағы сәйкес міндеттемелер қар–жылық



жағдай туралы шоғырландырылған есепте қаржылық жалдау бойынша міндеттеме ретінде есепке алынады.

Жалдау төлемінің сомасы міндеттеме қалдығына тұрақты пайыз мөлшерлемесін алу мүмкін бола–тындай қаржылық шығыстар мен міндетте–мелерді азайтудың арасында бөлінеді. Қаржылық шығындар жіктелген активтерге тікелей қатысты болмаса, пай–далар мен шығындарда есепке алынады.

Соңғы жағдайда олар Топтың қарыздар бойынша шығындарына қатысты жалпы саясатына сәйкес, ка–питалданады (төменді қараңыз). Болашақ оқиғаларға байланысты жалдау ақысы пайда болу шамасына қарай шығыстарға жат қызылып отырады.

Операциялық жалдау бойынша төлемдер шығыстарды бөлудің басқа әдісі жалға алынған активтерден түсетін экономикалық пайдалардың уақыттық бөлінісіне дәлірек сәйкес келетін жағдайларды қоспағанда, жалдау мерзімі ішінде бірқалыпты шығыстарға жатқызылады.

Болашақ оқиғаларға байланысты операциялық жал–дау шарттары бойынша жалдау ақысы пайда болу шамасына қарай шығыстарға жатқызылып отырады.

Операциялық жалдау шарттарын жасасу кезінде алынған ынталандырушы төлемдер міндеттемелер ретінде танылады.

Ынталандырулардың жалпы сомасы шығыстарды бөлудің басқа әдісі жалға алынған активтерден түсетін экономикалық пайдалардың уақыттық бөлінісіне дәлірек сәйкес келетін жағдайларды қоспағанда, жалдау бойынша шығыстарды бірқалыпты азайтады.

### Мемлекеттік субсидиялар

Мемлекеттік субсидиялар субсидияны алуға қажетті барлық ережелер орындалады, және субсидия алы–нады деген жеткілікті дәрежеде сенімділік пайда бол–ған сәтте танылады.

Негізгі шарты Топтың ұзақ мерзімді активтерді са–тып алу, салу немесе басқалай иемдену бойын–ша міндеттемелерді қабылдауы болып табылатын мемлекеттік субсидиялар қаржылық жағдай тура–лы шоғырландырылған есепте сәйкес активтердің пайдалы қызмет ету мерзімі ішінде жүйелі және ра–ционалды негізде ары қарай пайдаға және шығынға жататын болашақ кезеңдердің табыстары ретінде есепке алынады.

Келген шығындарды, шығыстарды өтейтін неме–се болашақ шығындармен байланыссыз, қаржылық көмек ретінде ұсынылған мемлекеттік субсидиялар оларды алу құқығы пайда болатын кезең табыстары–на жатады.

Нарықтағыдан төмен мөлшерлеме бойынша мемле–кеттік қарыз алудан түсетін экономикалық пай–да қарыз бойынша түсім мен күшіндегі нарықтық мөлшерлемелер бойынша есептелген әділ құнның арасындағы айырма мөлшеріндегі мемлекеттік суб–сидия ретінде есепке алынады.

### Қарыздар бойынша шығындар

Жоспарланған пайдалануға немесе сатуға дайындау үшін айтарлықтай уақыт қажет болатын активтерді сатып алумен, салумен немесе жасаумен тікелей бай–ланысты қарыздар бойынша шығындар жоспарланған пайдалануға немесе сатуға дайын болғанша, ондай активтердің құрамына қосылады.

Жіктелген активтерді сатып алуға шығындалғанға дейін алынған қарыздық қаражатты уақытша ин–вестициялау нәтижесінде алынған табыс қарыздық қаражатты тартуға кеткен шығындардан шегеріледі.
Барлық қарыз бойынша қалған шығындар пайда болу шамасына қарай пайдаларда және шығындарда есепке алынады.

### Зейнетақылық міндеттемелер

Топ зейнетақы қорларына аударымдар ретінде қызметкерлердің жалақысынан 10% мөлшерінде төлемдер жүзеге асырады, алайда ол айына 130,792 теңгеден аспайды (2011 ж. 119,992 теңгеден аспай–ды). Зейнетақы қорларына жасалатын төлемдер қызметкерлердің жалақысынан ұсталып қалады да, жиынтық табыс туралы шоғырландырылған есепте жалақы бойынша жалпы шығыстарға және аударым–дарға жатқызылады.

### Салық салу

Табыс салығы бойынша шығыстар ағымдағы және кейінге қалдырылған салықтық жиынтығын құрайды.

### Ағымдағы салық

Ағымдағы салық сомасы жыл ішіндегі салық салына–тын пайда көлеміне қарай анықталады. Салық салы–натын пайда асқан жылдарда салық салу мақсатында салық салынатын немесе шегерілетін табыс және шығыс баптарына байланысты жиынтық табыс туралы шоғырландырылған есептегі пайдадан ерекшеленеді, сондай–ақ салық салу мақсатында салық салынбай–тын немесе шегерілмейтін баптарды қарастырмайды.

Пайдаға ағымдағы салық бойынша міндеттеме есепті күнгі заңнамамен бекітілген салық салу мөлшерле–мелері қолданыла отырып, есепке алынады.

### Кейінге қалдырылған салық

Кейінге қалдырылған салық шоғырландырылған қаржылық есептілікте есепке алынған активтер мен міндеттемелердің баланстық құны мен салық салына–тын пайда есептегенде қолданылатын салық есебінің сәйкес мәліметтері арасындағы уақыттық айырмаға қатысты танылады.

Кейінге қалдырылған салықтық міндеттемелер әдетте барлық салық салынатын уақыттық айырмалар еске–ріле отырып, есепке алынады.

Кейінге қалдырылған салықтық активтер осы уақыт–ты қайырмаларды пайдалану үшін болашақта салық салынатын баланстық пайда ықтималдылығы жоғары болған жағдайда барлық шегерілетін уақыттық айыр–малар ескеріле отырып, есепке алынады.

Егер уақыт айырмалары гудвиллмен байланысты болса немесе не салық салынатын, не бухгалтерлік пайдаға әсер етпейтін мәмілелер (бизнестерді біріктіру бойынша мәмілелерден басқа) аясындағы басқа активтер мен міндеттемелерді бастапқы тану нәтижесінде пайда болса, салықтық активтер мен міндеттемелер шоғырландырылған қаржылық есептілікте есепке алынбайды.

Кейінге қалдырылған салықтық міндеттемелер Топ уақыттық айырма мерзімдерін бақылау мүмкіндігіне ие болатын және аталмыш айырма болжалды болашақта кері қайтпайды деген жоғары ықтималдылық бола–тын жағдайларды қоспағанда, еншілес кәсіпорын–дарға,қауымдасқан кәсіпорындарға, сондай–ақ бір–лескен қызметке қатысты салық салынатын уақыттық айырмалар ескеріле отырып, көрсетіледі. Еншілес кәсіпорындар, қауымдасқан кәсіпорындар және бірлескен қызмет бойынша кейінге қалдырылған салықтық активтер шегерілетін уақыттық айырма–ларды пайдалану үшін жеткілікті болашақта салық салынатын пайда алынады және олардың бол–жалды болашақта пайдаланылуы күтілетін жоғары ықтималдылық болса, танылады.

Кейінге қалдырылған салықтық активтердің ба–ланстық құны әрбір есепті кезеңнің соңында қайта қаралады, және осы активтерді толықтай немесе ішінара пайда–лану үшін жеткілікті болашақта салық салынатын пайда болу ықтималдылығы жоғары болмаса, азаяды.

Кейінге қалдырылған салықтық активтер мен та–быс салығы бойынша міндеттемелер есепті күнге заңнамамен бекітілген немесе бекітілуге таяған, және салықтық активті өткізу немесе міндеттемені өтеу кезеңінде қолданылады деп күтілетін салық салу мөлшерлемелері (сондай–ақ салық заңнамасының қағидалары) қолданыла отырып, есептеледі.

Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері мен актив–терді бағалау Топтың активтер мен міндеттемелердің баланстық құнын өтеу немесе төлеу тәсілдеріне қатысты ниеттерінің салықтық салдарын (есепті күнгі жағдай бойынша) сипаттайды.

### Жыл ішіндегі ағымдағы және кейінге қалдырылған салық

Ағымдағы және кейінге қалдырылған салықтар басқа жиынтық табыс немесе өзіндік капитал құрамына тікелей қатысты баптарға жататын жағдайларды қоспағанда, пайдалар мен шығындарда танылады. Бұл жағдайда ағымдағы және кейінге қалдырылған салықтар сәйкесінше басқа жиынтық табыста немесе тікелей капиталда танылады.

Ағымдағы немесе кейінге қалдырылған салық биз–нестерді біріктіру бойынша мәмілелерді бастапқы есепке алу нәтижесінде пайда болса, салық әсері осы мәмілелерді жасасқанда көрінеді.

### Резервтер

Алдағы шығыстар резервтері Топтың алдыңғы оқиғалар нәтижесінде пайда болған міндеттемелері (заңды немесе іскери айналым нормаларымен бай–ланысты) болса және Топ аталмыш міндеттемелерді өтеуі тиіс, ал ондай міндеттемелердің мөлшері құнсыздануы мүмкін деген ықтималдылық жоғары болса,есепте көрсетіледі. Есепте көрінетін алдағы шығыстар резервінің өлшемі осы міндеттемелер үшін тән қауіптер мен белгісіздіктер ескеріле оты–рып, есепті күнге белгіленген міндеттемелерді өтеуге қажетті соманың ең жақсы бағасын сипаттайды. Егер алдағы шығыстар резервінің өлшемі міндеттемелерді өтеу бойынша күтілетін ақша қозғалысының негізінде есептелетін болса, алдағы шығыстар резерві мұндай ақша қозғалысының дисконтталған құны ретінде анықталады (егер уақыттағы ақша құнының әсері елеулі болса).

Егер міндеттемелерді өтеуге қажетті төлемдер үшінші тарап тұрғысынан ішінара немесе толықтай өтеледі деп күтілсе, сәйкес дебиторлық берешек өтем алынады де–ген толықтай сенімділік болса және осы дебиторлық бе–решек сомасын сенімді бағалауға қажетті мүмкіндіктер болса, актив ретінде есепке алынады.

## ЕЛЕУЛІ ЖОРАМАЛДАР МЕН БАҒАЛАУДАҒЫ БЕЛГІСІЗДІК КӨЗДЕРІ

ХҚЕС сәйкес шоғырландырылған қаржылық есеп–тілікті жасау Топ басшылығының талдауларды дайындауын және есепке алынған активтер мен міндеттемелердің сомаларына және шоғырланлды–рылған қаржылық есептілікке қол қойылған күнгі әлеуетті активтер мен міндеттемелер туралы ақпараттың ашылуы және есепті кезең ішіндегі есепке алынған табыстар мен шығыстар сомасына ықпал ететін субъективті бағалаулар мен жорамалдарды пайдалануын қарас–тырады.

Келесі қаржылық жылда активтер мен міндетте–мелердің баланстық құнының елеулі материалдық түзету тәуекеліне әкелетін есепті күнгі белгісіздікті бағалаудың болашақ және басқа да негізгі көздері бойынша негізгі жорамалдар төменде талқыланады:

### Артықшылықты акциялардың борыштық компонентін тану және бағалау

Топтың артықшылықты акцияларының борыштық компоненттеріне қатысты есеп саясатын пайдалану барысында басшылық артықшылықты акцияларға қатысты өз бағалауларын қолданды және Топтың артықшылықты акцияларын инвесторларға ди–видендтер төлеу міндеттемесі болғандықтан 32 «Қаржылық құралдар: Ұсыну» ХБЕС (қайта қаралды) құрамдасқан құрал ретінде санау керек деп тапты.

Осы стандартқа сәйкес, мұндай құрамдас құрал–ды шығарудан түсетін табыс мұндай құралдың әрбір бөлігіне артықшылықты құқық негізіндегі капитал немесе міндеттеме ретінде жіктеледі: дивидендтерді төлеуге саятын шарттық міндеттеме ре–тінде жіктеледі, және акционерлер арасында түбе–гейлі бөлуге қатысу құқығы капитал ретінде жікте–леді.

### Негізгі құралдардың пайдалы қызмет ету мерзімдері

Топ әрбір жылдық есептік кезеңнің соңында негізгі–құралдардың пайдалы қызмет ету мерзімдерін қарас–тырады.

Активтің пайдалы қызмет ету мерзімін бағалау үнемді пайдалану, жөндеу және қызмет ету бойынша бағдарламалар, технологиялық жақсартулар және басқа да іскери жағдайлар сияқты факторларға бай–ланысты болады. Басшылықтың негізгі құралдардың пайдалы қызмет ету мерзімдерін бағалауы аталмыш шоғырландырылған қаржылық есептілік жасалған күнгі сәйкес ақпаратты сипаттайды.

### Кепілдік міндеттемелер

Ұсынылған кепілдіктерге қатысты резерв сәйкес та–уарларды және қызметтерді сату сәтінде танылады. Мұндай резервтің өлшемі пайда болу ықтималдылығы коэффициенттері бойынша барлық мүмкін салдарды салмақтай отырып, өткен кезеңдердегі жинақталған мәліметтер негізінде есептеледі.

### Активтердің құнсыздануы

Топ әрбір есепті күні материалдық және материалдық емес активтердің баланстық құнының құнсыздану белгілерінің бар–жоғын тексереді.

Актви белгілерінің бар–жоғын анықтау төмендегідей фак–торларға негізделеді: күтілетін өсім, болжанатын ақша қозғалысы, болашақта қаржыландыру қолжетімділігінің өзгеруі; технологиялық ескіру, қызмет көрсетуді тоқтату, ауыстыруға ағымдағы шығындар, елеулі құнсыздануға әкелетін жағдайлардың басқа да өзгерісі. Мұндай ин–дикаторлар болған жағдайда активтердің өтелу құны

бағаланады да, активтердің баланстық құнымен салыстырылады. Егер баланстық құн активтердің өтелу құнынан асып түссе, құнсыздану танылады. Өтелетін құн өткізуге кеткен шығындарды шегергендегі активтердің әділ құны мен пайдалану құны арасындағы ең жоғары мән арқылы анықталады.

Пайдалану құнын бағалауда ақшалау қаражаттың болашақ қозғалысы басшылық пікірінше ақшалардың уақытша құнының ағымдағы нарықтық бағасын және активтерге тән тәуекелдерді сипаттайтын, салық салуға дейінгі дисконт мөлшерлемелерін қолдана отырып, ағымдағы құнға дейін дисконтталады Бағалаушылық өтелу құнындағы өзгеріс құнсыздануға немесе оның алдағы кезеңдерге қалпына келуін әкеле алады.

### Тауарлық–материалдық қорларды бағалау

Тауарлық–материалдық қорлар өзіндік құны немесе таза өткізу құны арасындағы ең кіші өлшем бойынша анықталады. Өтімсіз және аз қолданылатын тауарлық–материалдық қорлардың құнын таза өткізу құнына дейін азайта отырып, сәйкес резервті сипаттайды. Мұндай тауарлық–материалдық қорлардың шығуынан болатын өткізудің нақты сомасы таза өткізу құнынан ерекшеленуі мүмкін; мұндай кез келген айырма болашақтағы операциялық нәтижелерге елеулі әсер ете алады.

### Салық салу

Түрлі қазақстандық заңнамалық актілер мен нормалар әрдайым нақты жазылмайды. Жергілікті, аймақтық және республикалық салық органдары пікірлерінің арасында айырмашылықтар болуы мүмкін.

Бұл ретте салық органдары тарапынан қосымша салықтар қосымша есептелген жағдайда айыппұлдар мен өсімпұлдардың күшіндегі өлшемдері елеулі мөлшерлерде белгіленген; айыппұл мөлшері қосымша есептелген салықтың 50%, ал өсімпұл уақытылы төленбеген салықтың 22,5% құрайды. Нәтижесінде айыппұлдар мен өсімпұлдар қосымша есептелген салықтар сомасынан асып кетуі мүмкін.

Жоғарыда аталған белгісіздіктерге байланысты салықтардың айыппұлдық санкцияларды және өсімпұлдардың әлеуетті сомасы, егер олар қосымша есептелсе, 2012 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша шығыстарға жатқызылған және есептелген сомадан асып кетуі мүмкін. Бағалаулар мен нақты төленген сомалар арасындағы айырмалар, егер олар пайда болса, Топтың болашақ кезеңдердегі пайдасына елеулі әсер етуі мүмкін.

### Пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша қаржылық міндеттемелер

Пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша қаржылық міндеттемелер бастапқы есепке алынады және кейін форвардтық валюта бағамдары және дисконттаудың тәуекелсіз мөлшерлемесі сияқты нарықтық мәліметтер қолданыла отырып, әділ құн бойынша бағаланады.

## СЕГМЕНТТЕР БОЙЫНША АҚПАРАТ

Ресурстарды бөлу және сегменттер бойынша нәтижелерді бағалау мақсатында Топтың операциялық қызмет бойынша шешім қабылдауға жауапты басшылығына ұсынылатын ақпарат сатылатын тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің түріне; арнайы өніммен және екіұдай мақсаттағы өніммен, азаматтық қолданыс өнімдері мен қызмет көрсетумен байланысты операцияларға қатысты.
Топтың есептік сегменттерін алу үшін, жекелгенде сандық шектерден аспайтын басқа өнімдер мен қызметтерді қоспағанда, оның операциялық сегменттерінің ешқайсысы біріктірілген жоқ.

Атап айтқанда, Топтың есептік сегменттері былайша ұсынылған:

- Арнайы өнім және екіұдай мақсаттағы өнім
- Азаматтық мақсаттағы өнім
- Сервистік қызметтер (инжиниринг)

Есептік сегменттердің есеп саясаты қағидалары 3–ескертпеде сипатталған Топтың есептік саясаты қағидаларынан ешбір ерекшеленбейді. Топ басшылығы сегменттер бөлінісінде тек тауарлар мен қызметтерді өткізуден түсетін табыстарды талдайды.

Бұл көрсеткіш ресурстарды бөлу және сегменттер бойынша нәтижелерді бағалау мақсатында операциялық қызмет бойынша шешім қабылдауға жауапты басшылыққа ұсынылады.

Топтың негізгі өнімдер мен қызметтер бойынша жалғасатын қызметінен түсетін түсімнің талдауы келесідей тәсілмен ұсынылған:

| | 2012 жыл | 2011 жыл |
|---|---|---|
| Арнайы өнім және екіұдай мақсаттағы өнім | 28,129,393 | 16,923,263 |
| Азаматтық мақсаттағы өнім | 14,243,378 | 12,044,868 |
| Сервистік қызметтер (инжиниринг) | 9,780,843 | 4,655,063 |
| | 52,153,614 | 33,623,194 |

Топ қызметін Қазақстанда жүзеге асырады.

Топтың сыртқы сатып алушыларға сату бойынша жалғасатын қызметінен түсетін түсім елдер бөлінісінде төменде көрсетіледі:

| | 2012 жыл | 2011 жыл |
|---|---|---|
| Қазақстан | 48,627,926 | 31,139,285 |
| ТМД елдері | 2,818,855 | 1,903,923 |
| Басқалар | 706,833 | 579,986 |
| | 52,153,614 | 33,623,194 |

«ҚАЗАҚСТАН ИНЖИНИРИНГ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЕНШІЛЕС КӘСІПОРЫНДАРЫ

2012 Ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ ЖАЙ–КҮЙ БОЙЫНША ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (МЫҢ ТЕҢГЕ)

| | Жер | Ғимараттар мен құрылыстар | Машиналар, қондырғы мен көлік құралдары | Өзге де активтер | Аяқталмаған құрылыс | Барлығы |
|---|---|---|---|---|---|---|
| НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАР | | | | | | |
| БАСТАПҚЫ НЕМЕСЕ ТҮПКІ ҚҰН: | | | | | | |
| 2011 ж. 1 қаңтарына | 194,232 | 4,864,644 | 5,122,819 | 408,060 | 167,548 | 10,757,303 |
| Түсімдер | 5,500 | 125,930 | 487,441 | 84,505 | 14,257 | 717,633 |
| Шығу | (27,885) | (232,434) | (90,962) | (9,204) | (7,602) | (368,087) |
| Сатуға арналған активтерге ауыстыру | – | (62,044) | (5,006) | – | – | (67,050) |
| Инвестициялық жылжымайтын мүлікке ауыстыру | – | (119,463) | – | – | – | (119,463) |
| 2011 ж. 31 желтоқсанына | 171,847 | 4,576,633 | 5,514,292 | 483,361 | 174,203 | 10,920,336 |
| Түсімдер | 39,957 | 196,601 | 735,462 | 177,015 | 1,163,512 | 2,312,547 |
| Қаржылық жалдау бойынша түсімдер | – | – | 1,214,166 | – | – | 1,214,166 |
| Еншілес кәсіпорындарды бақылаудан айырылу | – | – | (15,846) | – | – | (15,846) |
| Тауарлық–материалдық қорлардан ауыстыру | – | 18,507 | 48,001 | – | 6,205 | 72,713 |
| Ішкі жылжулар | – | 305,037 | (375) | – | (304,662) | – |
| Шығу | (16,529) | (75,769) | (92,122) | (24,098) | – | (208,518) |
| 2012 ж. 31 желтоқсанына | 195,275 | 5,021,009 | 7,403,578 | 636,278 | 1,039,258 | 14,295,398 |
| ЖИНАҚТАЛҒАН ТОЗУ МЕН ҚҰНСЫЗДАНУ: | | | | | | |
| 2011 ж. 1 қаңтарына | – | (1,002,666) | (1,971,457) | (137,377) | – | (3,111,500) |
| Жыл ішіндегі есептелген тозу | – | (122,339) | (451,544) | (45,978) | – | (619,861) |
| Жыл ішіндегі есептелген құнсыздану | – | – | (24,925) | – | – | (24,925) |
| Еншілес кәсіпорындарды бақылаудан айырылу | – | – | 8,543 | – | – | 8,543 |
| Шығу | – | 25,150 | 30,105 | 5,855 | – | 61,110 |
| Сатуға арналған активтерге ауыстыру | – | 8,110 | 1,022 | – | – | 9,132 |

«ҚАЗАҚСТАН ИНЖИНИРИНГ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ
ЖӘНЕ ОНЫҢ ЕНШІЛЕС КӘСІПОРЫНДАРЫ

2012 Ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ ЖАЙ–КҮЙ БОЙЫНША
ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП
(МЫҢ ТЕҢГЕ)

| | Жер | Ғимараттар мен құрылыстар | Машиналар, қондырғы мен көлік құралдары | Өзге де активтер | Аяқталмаған құрылыс | Барлығы |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Инвестициялық жылжымайтын мүлікке ауыстыру | – | 55,949 | – | – | – | 55,949 |
| 2011 ж. 31 желтоқсанына | – | (1,035,796) | (2,408,256) | (177,500) | – | (3,621,552) |
| Кезеңдегі есептелген тозу | – | (119,831) | (440,325) | (66,894) | – | (627,050) |
| Шығу | – | 20,553 | 71,696 | 7,113 | – | 99,362 |
| 2012 ж. 31 желтоқсанына | – | (1,135,074) | (2,776,885) | (237,281) | – | (4,149,240) |
| БАЛАНСТЫҚ ҚҰНЫ: | | | | | | |
| 2012 ж. 31 желтоқсанына | 195,275 | 3,885,935 | 4,626,693 | 398,997 | 1,039,258 | 10,146,158 |
| 2011 ж. 31 желтоқсанына | 171,847 | 3,540,837 | 3,106,036 | 305,861 | 174,203 | 7,298,784 |

2012 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша аяқталмаған құрылыс «Семей Инжиниринг» АҚ еншілес кәсіпорнының цехтары мен қоймаларының өндірістік ғимараттарын күрделі жөндеу бойынша құны 821,322 мың теңге шығындарды және «Тыныс» АҚ еншілес кәсіпорнындағы «Газдандыру үлгілерінің күю өндірісін игеру» жобасы бойынша құны 209,231 мың теңге шығындарды (2011 ж. 31 желтоқсаны: «Орал «Зенит» зауыты» АҚ еншілес кәсіпорнындағы өндірістік ғимараттардың күрделі жөндеуі бойынша шығындар 165,578 мың теңге) қамтиды.

2012 және 2011 жж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша баланстық құны сәйкесінше 1,708,249 мың теңге және 2,449,376 мың теңге негізгі құралдар Топ алған белгілі бір қарыздарды қамтамасыз ету ретінде кепілде болды (19–ескертпе).

2012 және 2011 жж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша толықтай тозған негізгі құралдардың құны сәйкесінше 621,358 мың теңге және 291,135 мың теңгені құрады.

2012 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жалдау бойынша алынған негізгі құралдардың баланстық құны 1,660,059 мың теңгені құрады (2011 жыл 31 желтоқсанында: 487,418 мың теңге). Аталмыш қондырғы қаржылық жалдау бойынша міндеттемелерді кепілдік қамсыздандыру ретінде қызмет етеді.

«ҚАЗАҚСТАН ИНЖИНИРИНГ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ
ЖӘНЕ ОНЫҢ ЕНШІЛЕС КӘСІПОРЫНДАРЫ

| | Бағдарламалық қамсыздандыру | Прочие | Барлығы |
|---|---|---|---|
| МАТЕРИАЛДЫҚ ЕМЕС АКТИВТЕР | | | |
| БАСТАПҚЫ НЕМЕСЕ ТҮПКІ ҚҰН: | | | |
| 2011 ж. 1 қаңтарына | 140,741 | 27,285 | 168,026 |
| Түсімдер | 5,447 | 76,182 | 81,629 |
| Шығу | (21) | (35) | (56) |
| 2011 ж. 31 желтоқсанына | 146,167 | 103,432 | 249,599 |
| Түсімдер | 103,443 | 3,698 | 107,141 |
| Шығу | (182) | (36,245) | (36,427) |
| Еншілес кәсіпорындарды бақылаудан айырылу | (76) | – | (76) |
| 2012 ж. 31 желтоқсанына | 249,352 | 70,885 | 320,237 |
| ЖИНАҚТАЛҒАН ТОЗУ МЕН ҚҰНСЫЗДАНУ: | | | |
| 2011 ж. 1 қаңтарына | (49,827) | (17,080) | (66,907) |
| Жыл ішіндегі есептелген амортизация | (12,230) | (5,693) | (17,923) |
| Шығу | – | 10 | 10 |
| 2011 ж. 31 желтоқсанына | (62,057) | (22,763) | (84,820) |
| Жыл ішіндегі есептелген амортизация | (11,992) | (11,291) | (23,283) |
| Шығу | 172 | – | 172 |
| 2012 ж. 31 желтоқсанына | (73,877) | (34,054) | (107,931) |
| БАЛАНСТЫҚ ҚҰНЫ: | | | |
| 2012 ж. 31 желтоқсанына | 175,475 | 36,831 | 212,306 |
| 2011 ж. 31 желтоқсанына | 84,110 | 80,669 | 164,779 |

2012 Ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ ЖАЙ–КҮЙ БОЙЫНША
ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП
(МЫҢ ТЕҢГЕ)

| Атауы | 2011 ж. 31 желтоқсандағы ағымдағы құн | Сатып алынды/ (дивидендтер алынды) | Пайдалардағы/ (шығындардағы) үлес | 2012 ж. 31 желтоқсандағы ағымдағы құн |
|---|---|---|---|---|
| ҚАУЫМДАСҚАН ЖӘНЕ БІРЛЕСІП БАҚЫЛАНАТЫН КӘСІПОРЫНДАРҒА ҚҰЙЫЛАТЫН ИНВЕСТИЦИЯЛАР | | | | |
| ҚАУЫМДАСҚАН: | | | | |
| «ЗИКСТО» АҚ | 844,685 | (71,664) | (73,008) | 700,013 |
| «МБМ–Кировец» ЖШС | 354,560 | (2,000) | 3,016 | 355,576 |
| «КАМАЗ–Инжиниринг» АҚ | 304,142 | (14,164) | 24,690 | 314,668 |
| «Индра Қазақстан инжиниринг» ЖШС | 119,474 | (182) | (10,681) | 108,611 |
| «Қаз–СТ Инжиниринг Бастау» ЖШС | 15,547 | – | (408) | 15,139 |
| «Ұлан» АТАҚ | 17,809 | – | – | 17,809 |
| «Қазақстан инжиниринг дистри–бьюшн» ЖШС | – | 995 | (995) | – |
| БІРЛЕСІП БАҚЫЛАНАТЫН: | | | | |
| «Еврокоптер Қазақстан инжиниринг» ЖШС | 1,615,026 | (232,406) | 1,069,389 | 2,452,009 |
| «Талес Қазақстан инжиниринг» ЖШС | 220,406 | – | (19,111) | 201,295 |
| «Қазақстан ASELSAN инжиниринг» ЖШС | 24,630 | 72,991 | 4,335 | 101,956 |
| | 3,516,279 | (246,430) | 997,227 | 4,267,076 |

Топтың қауымдасқан және бірлесіп бақыланатын кәсіпорындарына құйған инвестициялары былайша ұсынылды:

| Кәсіпорын атауы | Негізгі қызмет | 2012 ж. 31 желтоқсаны | 2011 ж. 31 желтоқсаны |
|---|---|---|---|
| ҚАУЫМДАСҚАН: | | Иелік ету үлесі, % | Иелік ету үлесі, % |
| «ЗИКСТО» АҚ | Жүк теміржол вагондарын жөндеу, элементтерді ауыстыру арқылы доңғелек жұптарын жөндеу | 42% | 42% |
| «Қаз–СТ Инжиниринг Бастау» ЖШС | Инвестициялық холдингтік қызмет және қорға–ныстық, инжинирингтік қызметтер көрсету | 49% | 49% |
| «КАМАЗ–Семей» ЖШС | Коммерциялық қызмет | 49% | 49% |
| «КАМАЗ– Инжиниринг» АҚ | Автобустар, автомобильдер, арнайы техника мен олардың қосалқы бөлшектерін өндіру және өткізу | 25% | 25% |
| «Индра Қазақстан инжиниринг» ЖШС | Радиолокациялық стансаларды, радиоэлектронды күрес және радиоэлектронды барлау жүйелерін өндіру | 49% | 49% |
| «Қазақстан инжиниринг дистри–бьюшн» ЖШС | Топ кәсіпорындарының шығаратын өнімдері өткізу, инвестиция тарту, қондырғыны жеткізу бойын–ша мемлекеттік бағдарламалар мен тендерлерге қатысу | 49% | 100% |
| БІРЛЕСІП БАҚЫЛАНАТЫН: | | | |
| «Талес Қазақстан инжиниринг» ЖШС | Электронды қондырғыны, бағдарламалық қамсыз–дандыру жүйелерін әзірлеу, өндіру және сату және онымен байланысты қызметтер ұсыну; радио және коммуникациялық қондырғыны өндіру, сату және техникалық қызмет көрсету | 50% | 50% |
| «Қазақстан ASELSAN инжиниринг» ЖШС | Электронды–оптикалық аспаптар өндірісі | 50% | 50% |
| «Еврокоптер Қазақстан инжиниринг» ЖШС | Тікұшақтардың өндірісі және техникалық қызмет көрсету | 50% | 50% |

2012 ж, 11 қазанында Компания «Қазақстан инжини–ринг Дистрибьюшн» еншілес кәсіпорнындағы өзінің 51% қатысу үлесін сатты, нәтижесінде қалған үлесті қауымдасқан кәсіпорындарға құйылған инвестиция ретінде есепке ала бастады (34–ескертпе). 2012 ж. бойы Компания «Қазақстан ASELSAN инжиниринг» ЖШС–на берген қарыз бойынша әділ құнға дейін түзетуді 72,991 мың теңге сомасындағы инвестиция–лар құрамында таныды (2011 ж.: «Қазақстан ASELSAN инжиниринг» ЖШС — 13,045 мың теңге және «Ев–рокоптер Қазақстан инжиниринг» ЖШС — 267 мың теңге) (14–ескертпе).

| | 2012 ж. 31 желтоқсаны | 2011 ж. 31 желтоқсаны |
|---|---|---|
| ӨЗГЕ ДЕ ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ АКТИВТЕР | | |
| Жеткізушілерге негізгі құралдар үшін берілген аванстар | 921,130 | 240,249 |
| Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек | 157,638 | 157,638 |
| Ұзақ мерзімді активтерді күрделі жөндеу мен салуға арналған тауарлық–материалдық қорлар | 63,503 | 69,545 |
| Қызметкерлерге берілген қарыздар | 18,505 | 22,979 |
| Өзге де ұзақ мерзімді дебиторлық берешек | 60,097 | 9,479 |
| Күмәнді борыштар бойынша резервті шегергенде | (157,638) | (157,638) |
| | 1,063,235 | 342,252 |

2011 ж. 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша жеткізушілерге негізгі құралдар үшін берілген аванстар қондырғыны қаржылық жалдау шартына сәйкес, «БРК–Лизинг» АҚ–ға 223,852 мың теңге сомасында берілген авансты қамтыды (37–ескертпе). 2012 ж. ішінде қондырғы жеткізілді, және Топ аталмыш аванстарды қаржылық жалдау бойынша міндеттемелерге қарсы есепке алды.

| | 2012 ж. 31 желтоқсаны | 2011 ж. 31 желтоқсаны |
|---|---|---|
| ТАУАРЛЫҚ–МАТЕРИАЛДЫҚ ҚОРЛАР | | |
| Аяқталмаған өндіріс | 3,499,630 | 3,305,142 |
| Шикізат және материалдар | 5,077,604 | 2,266,930 |
| Дайын өнім | 2,101,415 | 2,142,640 |
| Қайта сатуға арналған тауарлар | 420,635 | 490,156 |
| Басқалар | 96,163 | 357,343 |
| Өтімсіз тауарлық–материалдық қорлар бойынша резервті шегергенде | (308,201) | (364,247) |
| | 10,887,246 | 8,197,964 |

2012 және 2011 жж. 31 желтоқсанда аяқталатын жылдар ішіндегі өтімсіз тауарлық–материалдық қорлар бой–ынша резервтегі қозғалыс былайша ұсынылды:

| | 2012 жыл | 2011 жыл |
|---|---|---|
| Жыл басындағы өтімсіз тауарлық–материалдық қорлар бойынша резерв | (364,247) | (321,542) |
| Жыл ішінде қалпына келтірілді/(есептелді) | 56,046 | (56,078) |
| Бұрын жасалған резерв есебінен есептен шығарылды | – | 13,373 |
| Жыл соңындағы өтімсіз тауарлық–материалдық қорлар бойынша резерв | (308,201) | (364,247) |

| | 2012 ж. 31 желтоқсаны | 2011 ж. 31 желтоқсаны |
|---|---|---|
| САУДА ДЕБИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК | | |
| Үшінші тараптардың сауда дебиторлық берешегі | 1,113,795 | 579,638 |
| Байланысты тараптардың сауда дебиторлық берешегі (37–ескертпе) | 748,796 | 623,836 |
| Күмәнді борыш бойынша резервті шегергенде | (45,542) | (44,132) |
| | 1,817,049 | 1,159,342 |

2012 және 2011 жж. 31 желтоқсанда аяқталатын жылдар ішіндегі күмәнді берешек бойынша резервтегі қозғалыс былайша ұсынылды:

| | 2012 жыл | 2011 жыл |
|---|---|---|
| Жыл басындағы күмәнді берешек бойынша резерв | (44,132) | (36,318) |
| Жыл ішінде есептелді | (1,616) | (8,171) |
| Бұрын жасалған қор есебінен есептен шығарылды | 206 | 357 |
| Жыл соңындағы күмәнді берешек бойынша резерв | (45,542) | (44,132) |

2012 және 2011 жж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша сауда дебиторлық берешек, күмәнді берешек бойынша резерв шегерілгенде, келесі валюталармен сипатталды:

| | 2012 ж. 31 желтоқсаны | 2011 ж. 31 желтоқсаны |
|---|---|---|
| Теңге | 1,806,440 | 1,158,227 |
| АҚШ доллары | – | 827 |
| Ресей рубльдері | 10,609 | 288 |
| | 1,817,049 | 1,159,342 |

| | 2012 ж. 31 желтоқсаны | 2011 ж. 31 желтоқсаны |
|---|---|---|
| ӨТЕЛЕТІН ӨЗГЕ ДЕ САЛЫҚТАР | | |
| Қосылған құн салығы | 604,010 | 545,457 |
| Өтелетін өзге де салықтар | 37,495 | 12,101 |
| | 641,505 | 557,558 |

| | 2012 ж. 31 желтоқсаны | 2011 ж. 31 желтоқсаны |
|---|---|---|
| ҚОЛДАНЫСЫ ШЕКТЕУЛІ АҚША ҚАРАЖАТЫ | | |
| Банк кепілдігі | 87,062 | 82,391 |
| | 87,062 | 82,391 |

2012 және 2011 жж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қолданысы шектеулі ақша қаражаты жабдықтаушы өнімді жетілдірге жасалған келісімшарттың орындалуына кепілдік қамсыздандыру ретінде «БТА Банк» АҚ ар–найы есепшотындағы ақша қаражатын қамтиды. Келісімшартты орындау мерзімі 2013 ж. 25 мамыры.

| | 2012 ж. 31 желтоқсаны | 2011 ж. 31 желтоқсаны |
|---|---|---|
| ӨЗГЕ ДЕ АҒЫМДАҒЫ АКТИВТЕР | | |
| Үшінші тараптарға берілген қысқа мерзімді авансттар | 3,492,561 | 1,699,598 |
| Байланысты тараптарға берілген қысқа мерзімді аванстар (37–ескертпе) | 20,806 | 12,984 |
| Алдағы кезеңдер шығыстары | 97,140 | 34,458 |
| Қызметкерлердің дебиторлық берешегі | 34,209 | 17,893 |
| Алынатын дивидендтер (37–ескертпе) | 71,592 | – |
